Посольство Республики Корея в Республике Казахстан. Доступно по адресу https://overseas.mofa.go.kr/kz-kk/brd/m_9011/view.do?seq=676736&srchFr=&srchTo=&srchWord=&srchTp=&multi_itm_seq=0&itm_seq_1=0&itm_seq_2=0&company_cd=&company_nm=&page=4). Дата обращения 14.04.2021.

Рахимбеков, А. (2012). Казахстан и Объединенные Арабские Эмираты: двадцать лет доверия и партнерства. Доступно по адресу https://www.inform.kz/ru/kazahstan-i-ob-edinennye-arabskie-emiraty-dvadcat-let-doveriya-i-partnerstva_a2499968. Дата обращения 10.04.2021.

Садыкова, Р.О., Коныспаев Ж. (2012). Евразийское направление во внешней политике Японии // Вестник КазНУ, Серия международные отношения и международное право. – No1 (57). – С. 59-64. Доступно по адресу https://articlekz.com/article/7829. Дата обращения 20.04.2021.

CICA, (2021). СВМДА. Доступно по адресу https://www.s-cica.org/ru/index.php?view=page&t=about. Дата обращения 20.04.2021.

Сологубова, Г.С. (2019). Интеллектуальное событие как часть общественной дипломатии. Доступно по адресу https://roscongress.org/materials/intellektualnoe-sobytie-kak-chast-obshchestvennoy-diplomatii. Дата обращения 15.04.2021.

Список послов Казахстана Доступно по адресу https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BF% D0%B8%D1%81%D0%BE%D0%BA_%D0%BF%D0%BE%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0. Дата обращения 05.04.2021.

Турганбаев, А.А. (2021). Доступно по адресу https://ayu.edu.kz/ru/about/administration/vice-president/turganbaev-askar-abdualiuly. Дата обращения 20.04.2021.

TÜRKSOY. (2015). Доступно по адресу https://www.turksoy.org/ru/turksoy/about. Дата обращения 15.04.2021.

Факультет востоковедения (2021). Доступно по адресу https://www.kaznu.kz/ru/325/page/). Дата обращения 10.04.2021.

References

akorda.kz. (2020). The President of Kazakhstan took part in a meeting of the Council of Heads of State – members of the Shanghai Cooperation Organization. Retrieved from https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/prezident-kazahstana-prinyal-uchastie-v-zasedanii-soveta-glav-gosudarstv-chlenov-shanhaiskoi-organdiznicacii-sotru. Accessed on 15.04.2021.

akorda.kz (2019). President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev held talks with President of the People's Republic of China Xi Jinping on September 11, 2019. Retrieved from https://www.akorda.kz/ru/events/international_community/foreign_visits/prezident-kazahstana-kasym-zhomart-tokaev-provel-peregovory-s-predsedatelem-knr-si-czinpinom. Accessed on 12.04.2021.

Berdybai, A.R. (2021) Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31625239. Accessed on 10.04.2021.

CICA, (2021). CICA. Retrieved from https://www.s-cica.org/ru/index.php?view=page&t=about. Accessed on 20.04.2021.

Embassy of the Republic of Korea in the Republic of Kazakhstan. Retrieved from https://overseas.mofa.go.kr/kz-kk/brd/m_9011/view.do?seq=676736&srchFr=&srchTo=&srchWord=&srchTp=&multi_itm_seq=0&_amp;itm_se = 0 & amp; itm_seq_2 = 0 & amp; company_cd = & amp; company_nm = & page = 4). Accessed on 14.04.2021.

Faculty of Oriental Studies (2021). Available at https://www.kaznu.kz/ru/325/page/). Accessed on 10.04.2021.

Faculty history, (2021). Retrieved from https://www.kaznu.kz/ru/15913/page/. Accessed on 10.04.2021.

Gayratkyzy, B. (2019). Kazakhstan men kytay arasyndagy bayanstardyk bogini men ertеңi. Retrieved from http://archive.iletany.kz/ru/news/1903_aza-stan-men-ytay-arasynda-y-baylanystardy-b-g-n-men-erte. Accessed on 12.04.2021.

History and culture. Biography of John Hay, writer and influential American diplomat (2019). Retrieved from https://www.greelane.com/ru/%D0%B3%D1%83%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1% 80% D0% BD% D1% 8B% D0% B5-% D0% BD% D0% B0% D1% 83% D0% BA% D0% B8 /% D0% B8% D1% 81% D1% 82% D0% BE% D1% 80% D0% B8% D1% 8F-% D0% B8-% D0% BA% D1% 83% D0% BB% D1% 8C% D1% 82% D1% 83% D1% 80% D0% B0 / john-hay-4707857. Accessed on 10.04.2021.

kaznu.kz. (2019). OIC Initiative. Retrieved from https://Www.Kaznu.Kz/Ru/3/News/One/16706/. Accessed on 10.04.2021

.Kukeeva, F., Smailova, A., Samat, S. (2020). The role of ISESCO in modern international relations. Khalygaralyқ қatynastar ne khalyқaralіқ qyқyқ serysy, no. 3 (91), pp. 4-14.

Lama Sharif, Kairat (2021). Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30100590. Accessed on 10.04.2021.

List of Ambassadors of Kazakhstan Retrieved from https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BF% D0% B8% D1% 81% D0% BE% D0% BA_% D0% BF% D0% BE % D1% 81% D0% BB% D0% BE% D0% B2_% D0% 9A% D0% B0% D0% B7% D0% B0% D1% 85% D1% 81% D1% 82% D0% B0% D0 % BD% D0% B0. Accessed on 05.04.2021.

Ministry of Foreign Affairs, (2020). Retrieved from https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/about/structure/people/ 1816? Lang = ru. Accessed on 15.04.2021.

Rakhimbekov, A. (2012). Kazakhstan and the United Arab Emirates: twenty years of trust and partnership. Retrieved from https://www.inform.kz/ru/kazahstan-i-ob-edinennye-arabskie-emiraty-dvadcat-let-doveriya-i-partnerstva_a2499968. Accessed on 10.04.2021.

Sadykova, R.O., Konyspaev J. (2012). Eurasian direction in Japanese foreign policy. KazNU Bulletin, Series of international relations and international law. No1 (57) pp. 59-64. Retrieved from https://articlekz.com/article/7829. Accessed on 20.04.2021.

Sologubova, G.S. (2019). Intellectual event as part of public diplomacy. Retrieved from https://roscongress.org/materials/intellektualnoe-sobytie-kak-chast-obshchestvennoy-diplomatii. Accessed on 15.04.2021.

Turganbaev, A.A. (2021). Retrieved from https://ayu.edu.kz/ru/about/administration/vice-president/turganbaev-askar-abdualiuly. Accessed on 20.04.2021.

TÜRKSOY. (2015). Retrieved from https://www.turksoy.org/ru/turksoy/about. Accessed on 15.04.2021.

1-бөлім

ШЫҒЫС ФИЛОЛОГИЯСЫ

Section 1

ORIENTAL PHILOLOGY

Раздел 1

ВОСТОЧНАЯ ФИЛОЛОГИЯ

ҒТАМР 811.512.1 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.02

Т.Е. Қыдыр

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: qydyr.torali@gmail.com

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Кез келген халықтың әдеби тілінің даму тарихы бар. Түркі халықтарының әдеби тілі де бірнеше кезеңдерден өтіп, бүгінгі күнге дейін жетті. Қараhандықтар билігі тұсында түркі тіліне араб, парсы сөздерінің енуімен Ислам өркениеті аясындағы ортағасырлық түркі әдеби тілі қалыптасты. Мәурәннәhір, Хорасан және Орталық Азияны мекендеген түркілердің ортақ әдеби тілі XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Түркі әдеби тілінің соңғы мың жылдық тарихын дәуірлеуде ғылымда ортақ пікір қалыптасқан жоқ. XV-XVI ғасырлардағы түркі әдеби тілін XIX ғасырдың II жартысынан «шағатай тілі» деген атаумен атау белең алса, бұл тіл XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап «ескі өзбек тілі» деген атпен зерттелді. Сол дәуірдің әдеби тілін «шағатай» деп аталуын түркітанушылар сол дәуір ақындарының Шағатай ұлысында өмір сүргендігімен байланыстырды. Десек те сол заман ақындары (Лутфи, Атаи, Науаи және т.б.) өз шығармаларын «түркі тілінде» жазғандығын ерекше атап өткен болатын. Сондай-ақ, түркі әдеби тілінің Жошы ұлысы тарағаннан кейін қалыптасқан хандықтарда да кеңінен қолданылғаны белгілі. Ал, қазан төңкерісінен кейін «шағатайдың» орнын «ескі өзбек тілі» басты. Оның өзіндік саяси себептері де бар еді. Ең негізгісі – XX ғасырдың басындағы Мұстафа Шоқай («Түркістан автономиясы»), Абдурауф Фитрат («Шағатай гурунгы») секілді тұлғалардың түркішілдік бағыттағы саяси ұстанымдары еді. Түркі халықтарының бірігіп кетуінен қорыққан кеңестік билік мұсылман түркі халықтарына ортақ әдеби тілді бір ұлттың аясында зерделегенді жөн деп тапты.

Түйін сөздер: қолжазба, әдеби тіл, шағатай, түркі, ортағасыр, түркітанушы, өзбек.

T.E. Kydyr

Institute of literature and art named after M.O. Auezov, Kazakhstan, Almaty
e-mail: qydyr.torali@gmail.com

Some questions concerning the name of the medieval turkic literary language

It is known that the literary language of any nation has gone through several stages of development. Similarly, the literary language of the Turkic peoples has passed through several stages and has reached our days. During the reign of the Karakhanids, the medieval Turkic literary language was formed within the framework of Islamic civilization with the introduction of Arabic and Persian words into the Turkic language. The literary language of the Turkic peoples who inhabited Transoxiana, Khorasan and Central Asia existed until the beginning of the twentieth century. There is no consensus in science about the chronology and the name of the last thousand years of the history of the Turkic literary language. The Turkic literary language of the XV-XVII centuries. from the second half of the XIX century it became known as the «Chagatai language», and since the 30s of the XX century it was studied as the «old Uzbek language». Turkologists associate the name of the literary language of that era «Chagatai» with the fact that the poets of that era lived in the Chagatai ulus. However, poets of that time (Lutfi, Atai, Navoi, etc.) wrote that their works were written in the «Turkic language». It is also known that the Turkic literary language was widely used in the khanates formed after the collapse of the Ulus of Jochi. And after the October Revolution, the «old Uzbek language» took the place of the «Chagatai language». There are several reasons for this. The most important were the positions of the pan-Turkic political leaders of the early 20th century, such as Mustafa Chokay («Turkestan autonomy») and Abdurauf Fitrat («Chagatay Gurungi»). Fearing the unification of the Turkic peoples, the Soviet authorities decided to study the common literary language of the Turkic Muslim peoples within the framework of one nation

Key words: manuscript, literary language, chagatai, turkic, medieval, turkologist, uzbek.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Т.Е. Кыдыр
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы
e-mail: qydyr.torali@gmail.com

Некоторые вопросы, касающиеся названия средневекового тюркского литературного языка

Известно, что литературный язык любого народа прошел несколько этапов развития. Точно так же литературный язык тюркских народов прошел несколько этапов и дошел до наших дней. В период правления Караханидов средневековый тюркский литературный язык сформировался в рамках исламской цивилизации с введением арабских и персидских слов в тюркский язык. Литературный язык тюркских народов, населявших Мавераннахр, Хорасан и Среднюю Азию, просуществовал до начала XX века. В науке нет единого мнения о хронологии и названии последней тысячи лет истории тюркского литературного языка. Тюркский литературный язык XV-XVI вв. со II половины XIX века стал называться «чагатайским языком», а с 30-х годов XX века изучался как «старый узбекский язык». Название литературного языка той эпохи «чагатай» тюркологи связывают с тем, что поэты той эпохи жили в Чагатайском улусе. Однако поэты того времени (Лютфи, Атаи, Навои и др.) писали, что их произведения написаны на «тюркском языке». Известно также, что тюркский литературный язык широко использовался и в ханствах, образовавшихся после распада Улуса Джучи. А после Октябрьской революции место «чагатайский язык» занял «старый узбекский язык». На это есть несколько причин. Наиболее важными были пантюркские позиции политических лидеров начала XX века, таких как Мустафы Чокая («Туркестанская автономия») и Абдурауфа Фитрата («Чагатай гурунги»). Опасаясь объединения тюркских народов, советские власти решили изучить общий литературный язык тюркских мусульманских народов в рамках одной нации.

Ключевые слова: рукопись, литературный язык, чагатайский, тюркский, средневековый, тюрколог, узбек.

Кіріспе

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Исламның алғашқы жылдары арабша еңбектер дүниеге келсе, бертін келе парсы тілінде де көркем шығармалар жазыла бастады. Ислам дінін қабылдаған халықтардан шыққан оқымыстылар осы тілдерде қалам тербеуге тырысты. Себебі сол кезеңде «араб – ғылымның, парсы – әдебиеттің тілі» деген түсінік қалыптасқан еді. Басқа халықтарды айтпағанның өзінде, қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап, ғылым жолына қадам басқан ғалым-ғұламалардың басым бөлігі өздерінің құнды еңбектерін араб тілінде жазды. Ал, Низами Гәнжәуи, Әмір Хұсрау Деһлеуи секілді түркіден шыққан шайырлар өздерінің көркем туындыларын парсы тілінде жаратты. Олардың өз туындыларын араб, парсы тілдерінде жазуға сол кездегі тарихи, саяси һәм әлеуметтік мәселелер әсер етті. Соның нәтижесінде араб, парсы тілдерінде құнды еңбектер мен тамаша көркем шығармалар дүниеге келді.

Исламнан алдын руна жазуын пайдаланған түркілер Ислам өркениетінің аясында араб әліппесіне көшкені тарихтан белгілі. Дінді қабылдаған алғашқы жылдары түркише еңбектер жазылмағанымен де, арадан екі-үш ғасыр өткен соң түркі тіліндегі туындылар пайда бола бастады. X ғасырдың орта шенінен бастап Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани секілді түркі ұландары туындыларын өз ана тілдерінде жазды. Олар шығармаларында түркише жазылған ескерткіштердің жоқ екендігін, сондықтан да бұл іске алғаш қол ұрып отырғандықтарын баса айтты. Солардың бірі Қожа Ахмет Иасауи де: «Қостамайды ғалымдар біз сөйлейтін түркіні... Аят, хадис мағынасы түркі болса жарасар, мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні» – деп, XI-XII ғасырлардың өзінде түркі жазба тілі кең тарай қоймағанын ашына отырып жырлап еді.

Қараһандықтар тұсында жазылған еңбектерде оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдерінің элементтері қатар қолданылса, Алтын Орда билігі кезінде дүниеге келген туындылардың кейбірінде сол дәстүрдің сақталғанын көреміз. Бұрхануддин Рабғұзидың «Пайғамбарлар тарихы», Махмұт Кердеридің «Жұмақтардың ашық жолы», Исламның «Мүритке көмекші» секілді діни-танымдық еңбектерінде оғыз, қыпшақ диалектілерімен бірге қарлұқ элементтері де кеңінен қолданылды. Алайда XIV ғасырдың орта шенінен бастап қарлұқ элементтері түсіп, оғыз, қыпшақ диалектілері алға шықты. Содан Алтын Орда орталығы Сарай қаласы мен мәмлүк-қыпшақтар билік құрған Каир шаһарында кеңсе құжаттарынан бастап, көркем туындыларға

дейін қыпшақ диалектісі негізінде жазылды. Қыпшақ-оғыз диалектісінде жаратылған әдеби жәдігерлердің үлгісі ретінде Харазмидің «Махаббатнамасы» мен Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түркиін» атап өтуге болады.

XV ғасырда Әлішер Науаи (1441-1501 жж.) «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» («Екі тіл туралы пікір») дейтін еңбек жазып, онда сол замандағы тілдер туралы өз пікірін білдірді һәм түркидің парсышадан ешбір кем түспейтіндігін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Содан кейін ана тілдерінде жазатын шайырлар шоғыры пайда болды. Әуел баста әдебиет тілі ретінде қалыптасқан түркі жазба тілі, бертін келе ғылым тіліне айналды. Осылайша үш диалектінің (оғыз, қыпшақ, қарлұқ) негізінде қалыптасқан түркі жазба тілі Хорасан, Мәурәннәһір және Дешті-қыпшақ даласынан араб, парсы тілдерін біртіндеп ығыстыра бастады. Соның нәтижесінде көркем әдебиетті айтпағанның өзінде, зерттеу еңбектері мен діни туындылардың өзі түркі әдеби тілінде дүниеге келді.

Кез келген тіл туады, заман өте келе дамиды, тіпті кейбірі жойылып жатады. Ислам өркениетінің аясында пайда болған түркі әдеби тілі де IX-X ғасырларда туып, бертін келе дамып отырды. Ортағасырлардатүркідүниесіндеекіжазба тіл қалыптасты. Біріншісі – Мәурәннәһір һәм Дешті-Қыпшақ даласында кеңінен қолданылған түркі әдеби тілі болса, екіншісі – Кіші Азияда Осман империясының билікке келуімен пайда болған ресми тіл. Біріншісі – «шағатай тілі» деп аталса, екіншісі – османлы тілі деген атпен танымал болды. Екі әдеби тілдің (шағатай мен османлы тілінің) кейбір фонетикалық ерекшеліктері мен лексикондарындағы кейбір сөздердің өзгешелігіне қарамастан бір-бірінен айтарлық айырмасы болған жоқ. Яғни, Түркістанда жазылған әдеби шығарманы османлы түріктері сөздіксіз оқыса, Стамбулдан жолданған хатты Орта Азияны мекендеген түркілер тәржімасыз-ақ түсінетін еді. Мысалы, басқа түркі ұландарының еңбектерін былай қойғанда, Түркістан автономиясының негізін қалаған Мұстафа Шоқайдың (1890-1941 жж.) (Шоқай, 2012) хаттары мен жазған мақалаларын барша мұсылман жұрты оңай түсінді. Себебі екі жазба тілдің де табиғаты бір болатын. Грамматикалық құрылымы түркінікі болса, сөздік қоры, негізінен, араб, парсы кірме сөздерінен тұрды. Сондай-ақ, араб, парсы сөздері сол тілдерде қалай таңбаланса, түркі жазба тілінде сол қалпында жазылды. Бұл түркі халықтарындағы ортақ термин мәселесін де оңай шешіп берді десек те болады. Сондықтан да Исламды қабылдаған түркі жұртында бір әдеби кеңістік сақталды. Бұл дәстүр XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Берісі бес жүз жыл, әрісі мың жылға жуық мұсылман түркілердің арасында кеңінен қолданылған ортағасырлық түркі әдеби тілін түркітанушылардың «шағатай тілі», «ескі өзбек тілі» деген атпен зерттеп, бір жақты шешім шығаруы еді. XVIII ғасырдан басталған бұл дәстүр күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

XIV ғасырдан XX ғасырдаң басына дейін қолданылған түркі әдеби тілінің, яғни «шағатай тілінің» табиғатын зерделеу – зерттеудің басты мақсаты. Осы мақсаттың үддесінен шығу үшін өзімізге мынадай міндеттерді жүктедік: Шыңғыс хан жорығынан кейін қалыптасқан Шағатай һәм Жошы ұлыстарындағы әдеби тілдің даму барысына шолу жасау; XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың соңында жазылған ресми хаттар мен көркем шығармалардың тілдік ерекшелігіне назар салу; ең бастысы – шетелдік және отандық түркітанушылардың ортағасырлық түркі әдеби тіліне қатысты зерттеулерін қарастырып, ондағы ой үйлесімділіктері мен пікір қайшылықтарын саралау.

Зерттеу нысаны – ғылымда «шағатай тілі» деген атпен танылған XV ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейін кеңінен қолданылған түркі әдеби тілі.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Ортағасырлық түркі әдеби тілі Батыс шығыстанушылары мен орыс түркітанушылары тарапынан біраз зерттелген. Түркітану саласының басты нысандары қатарында қарастырылған XI-XV ғасырлардағы әдеби жәдігерлерде шығарманың поэтикасымен бірге, тілдік ереекшелігіне де жіті назар аударылған. Соның нәтижесінде түркі әдеби тілінің даму барысы, қалыптасу кезеңдері туралы бірнеше пікір қалыптасқан. Әсіресе, XIV-XVI ғасырлардағы әдеби тілдің атауына қатысты ғалымдар арасында пікір қайшылықтары туындаған. Сол замандарда дүниеге келген көркем туындылардың тілін жан-жақты зерделеген ғалымдар сипаттау әдісіне жүгінгені белгілі. Сондай-ақ, ғылымда «шағатай тілі» деген атаумен тараған әдеби тіл – бір ғана ұлттың ғана емес, сол заманда Орталық Азияны, қала берді Шығыс Түркістан ақындарынан бастап, Еділ-Болғар, тіпті Кавказ шайырлары арасында да қолданыста болды. Сондықтан да, бүгінде әрқайсысы жеке-жеке ұлт ретінде қалыптасқан мұсылман түркілердің

ортағасырлық әдеби тілін қарастыруда салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері де кеңінен қолданылған болатын. Сондықтан да, біз де осы мақаланы жазу барысында «шағатай тілінің» табиғатын ашу мақсатымен сипаттау, салыстырмалы тарихи әдістерді басшылыққа алдық. Сондай-ақ, зерттеушілердің ой-тұжырымдарын жинақтап, шолу тұрғысынан қарастырған тұстарымыз да бар.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Ортағасырлық түркі әдеби тілі – шағатай тілі

Ортағасырлық түркі шайырлары өздерінің шығармаларын түркі тілінде жазғандарын ерекше атап өтеді. Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иасауи, Алтын Орда дәуірінде Бұрхануддин Рабғұзи, Харазми секілді қалам иелері түркі әдеби тілінде қалам тербеді. Сол дәуірде өмір сүрген Сәйф Сараи өз шығармасының атауын «Гулистан бит-турки», яғни «Түркише Гүлістан» деп қойды. Яғни, сол кездің өлшемімен қарағанда шығарма арабша немесе парсыша жазылуы керек еді. Сондықтан да, түркіден шыққан қалам иелері өз туындыларының өз тілдерінде жазылуына жіті назар аударды.

Жалпы, ортағасырда түркі әдеби тілінің болашағына алаңдаған ақындардың бірі – Әлішер Науаи (1441-1501 жж.) болатын. Ол өзінің «Екі тіл туралы пікір» («Мухәкәмәтуллуғәтәйн») атты зерттеу еңбегінің бас жағында: «Уә аңа «Мухәкәмәт әл-Луғәтәйин» ат қойдум,, та турк елі тілі фәсәхәт-у бәләғәт-у ус‘әти-ки, ол Хәзрәт бұ тіл уә ‘ибәрәт білә нәзм бисаты түзүбдүр-лер уә Мәсихә әнфәсі уә Хизр зуләлідін өлүк тіргүзмек тариқын ‘әләм әһліға көргүзүб-дүрлер, заһир қылдым» – деп (Науаи, 2021: 132), өз шығармасын түркі әдеби тілінде жазғанын ерекше атап өтеді. Бұл еңбектен сілтеме алып, айрықша атап өтуімізге себеп, кейбір түркітанушылардың осы Науаидің заманынан бастап, ХХ ғасырдың басына дейінгі түркі әдеби тілін «шағатай тілі» деп зерттеуімен тікелей байланысты. Белгілі түрколог А.Н. Кононовтың сөзімен айтсақ: «В дореволюционной и некоторое время в послереволюционной тюркологии язык всех среднеазиатских тюркских сочинений, писанных арабским письмом, с XII-XVII в., в иногда вплоть до XIX в., назывался «джагатайским»/ «чагатайским». По имени второго сына Чингиз хана, Чагатая (ум. 1242 г.)...» (Кононов, 1982: 282).

Расында да, ортағасырлық түркі әдеби тілін «шағатай тілі» деген атпен зерттеудің XIX ғасырдың II жартысынан белең алғанын көреміз. Түркітанушы А.Н. Кононов «шағатай, жагатай тілі» деген ұғымдарды Ресейде алғаш рет Ф.Э. Корштың ғылыми айналымға түсіргенін, кейін А.Н. Самойловичтің зерттеулерінде көрініс бергенін жазған (Кононов, 1982: 282). Десек те, XIX ғасырдың II жартысынан бастап, ортағасырлық әдеби жәдігерлер «шағатай тілі, шағатайша мәтін» деген аттармен жарық көргенін аңғару қиын емес. Мысалы, Н.И. Ильминский Бабырға қатысты зерттеуін «Материалы для джагатайского спряжения из Бабур-намэ» (Ильминский, 1863) деген атпен жарияласа, П.М. Мелиоранский Мұхаммед Салих туралы еңбегін «Шейбани-намэ». Джагатайский текст поэмы Мухаммеда Салиха по рукописи Венской библиотеки» (Мелиоранский, 1904) деп атаған. Әсіресе, А.Н. Самойловичтің XV ғасыр ақындары Әмири («Из туюгов чагатайца Амири») (Самойлович, 2005: 857), Лүтфи («Чагатайские туюги Лутфи» (Самойлович, 2005: 854) және Атаи («Чагатайиский поэт XV века Атаи» (Самойлович, 2005: 839) туралы зерттеулерінде шағатай деген терминге көп жүгінгенін көреміз. Алайда, ортағасырлық түркі шайырларының, солардың ішінде жоғарыда аттары аталған Науаи, Әмири, Атаи және Лүтфилердің өз туындыларында шағатай деген сөзді қолданбағаны белгілі. Десек те, кейінгі зерттеушілердің, негізінен, орыс түркітанушыларының сол ақындар шығармаларын шағатай тілі аясында қарастыруға тырысқанын аңғару қиын емес.

Шағатай тілінің даму тарихына қатысты ғалымдар арасында ортақ пікір қалыптаспаған. Негізінен, Қарахандықтар билігіндегі қарлұқ-қыпшақ-оғыз диалектілері негізіндегі қаған тілі (X-XII ғғ.), Алтын Орда тұсындағы қыпшақ-оғыз тілі (XIII-XIV ғғ.), сосын XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең шағатай тілі кезеңі деген ұғым қалыптасқан. Біз жоғарыда сілтеме ретінде көрсеткен А.Н. Самойлович ортағасырлық түркі әдеби тіліне, соның ішінде шағатай тіліне қатысты: «Прежде всего необходимо напомнить о том, что я ограничиваю значение выражения «чагатайский язык», обозначая им определенный период в развитии среднеазиатско-турецкого литературного языка исламской эпохи, именно период с XV до начала XX в., и относя время с XI по XIV в. к периодам караханидско-кашгарскому и огузско-кыпчакскому, или хорезмийскому, а не к чагатайскому» – деп жазып (Самойлович, 2005: 945), XI-XX

ғасырлар арасын екі тілдік кезеңге бөліп, соңғы бес ғасырлық уақытты шағатай тілінің үлесіне берген. Ал, Кіші Азияда өмір сүрген Ф. Көпрүлү болса: «*Türk aleminin her tarafında Türkçe eserlerle bol bol rastlandığı bu devirde yazılan Mahabbet-Name, bilhassa şu bakımdan mühimdür ki, XIV. Yüzyılda Altınordu Devleti dairesinde Türk hanları ve hanzadeleri himayesinde bu gibi eserler vücüde geldigini ve onların Maveraünnehrde, Horasanda, Irak-ı Acem ve Farsta, hulasa Asyadaki Türk saraylarında umumi bir edebiyat lisanı olarak kabul edilen Çağatay lehçesi ıle yazıldığını gösteriyor*», – деп (Köprülü, 2010: 179), XIV ғасырда, анығы 1353 жылы Сырдарияның бойында жазылған Харазмидің «Махаббатнамасын» да шағатай тілінде жазылғанын алға тартқан. Сондай-ақ, бұл әдеби тілдің Мәурәннәһір мен Хорасанмен бірге басқа да түркі билігіндегі жерлерде де қолданыста болғанын баса айтқан. А. Самойлович өз замандасы Ф. Көпрүлүнің «Махаббатнаманың» шағатай тілінде жазылды дегенін сынағанымен де, оның «Шыңғыс хан жорығынан кейін ислам мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан шығыс түркі әдеби тілін – шағатай тілі дейміз» деген ойын құптаған (Самойлович, 2005: 925).

Шағатай тілінің аясын кең көлемде қарастыру Ф. Көпрүлімен бірге мажар ғалымы Г. Вамберидің еңбектерінен де аңғаруға болады. Ол шағатай тілінің даму тарихын XII-XIX ғасырлар арасындағы әдеби ортаазиялық-түркі тілі ретінде қарастырып, олардың Орталық Азияны мекендеген түркілердің, соның ішінде өзбектердің де үлесі жатқанын алға тартқан (Eckmann, 2003: 136; Özender, 1996: 9). Егер сол өлшеммен алсақ, онда қараһандықтар билігі һәм Жошы ұлысы – Алтын Ордада дүниеге келген әдеби жәдігерлер де «шағатай» тілінде жазылған болып шығады. В.В. Радлов, Ф.Е. Корш және П.М. Мелиоранский секілді түркітанушылар шағатайшаның аясын тарылтып, көне ұйғыр тілінің жалғасы ретінде қарастырған кездері де болған (Самойлович, 2005: 925). Сондай-ақ, В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, К. Брокельман және басқа да ғалымдар XIV-XVII ғасырларда Шағатай ұлысының атырапында қалыптасқан тілді шағатай тілі ретінде қарастырған (Артамошина, 1960: 9).

Ортағасырда «түркі тілі», «түркише», «түркі сөзі» деген атпен белгілі болған әдеби тілдің шағатайша аталуының басты себебі ретінде бұл тілдің Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ұлысында пайда болғандығымен байланыстырады. Сондай-ақ, Науаидің өз шығармаларының бірінде «шағатай ләфзі» тіркесін қолданғандығын (Eckmann, 2003: 135), әрі XVII ғасырда өмір сүрген Әбілғазының: «Шәжәрә-и тәрәкимә» еңбегінде автордың «мен арабша, парсыша және түркі-шағатайша сөздерді қоспастан, таза түрки тілінде жаздым» – дегенін алға тартады (Самойлович, 2005: 924).

Шағатай тілі – ескі өзбек тілі

Ортағасырлық түркі ақындары өз шығармаларын «түркі» тілінде жазғанын ерекше атап өткенімен де, алдыңғы буын, яғни XX ғасырдың басына дейінгі түркітанушылар оны «шағатай тілі» деп атаған, ал кейінгі шығыстанушылар оны «ескі өзбек тілінің» аясында қарастырғанды жөн көрген (Благова, 1960: 30). Шағатай тілі, шағатай әдебиеті деген ұғымдарды ескі өзбек әдеби тілі ретінде қарастыру – XX ғасырдың 30 жылдарынан басталған десе де болады (Кононов, 1982: 282). Яғни, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен (Артамошина, 1960: 8) кейінгі түркітанушылардың түркі әдеби тілін ескі өзбек тілі ретінде қарастырудың басты себебі – патшалық кезеңдегі ұстанымдарды мансұқтау секілді кеңестік идеологияның салдары болса керек. Оның үстіне түркішілдік (пантюркистік) бағыттағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өршіп кетуінен қорыққан коммунистер Орталық Азия халықтарының басын біріктірмеудің қамына кіріскен болатын. Оның себебі А. Фитрат секілді түркішіл азаматтардың «Шағатай гурунгы» деген ұранмен «ортағасырлық түркі әдеби тіліне көшу» ұстанымы әсер еткен. Сондықтан да, Мәурәннәһір, Еділ-Болғар, Шығыс Түркістан, Хорасан түркілерінің ортағасырлық әдеби жәдігерлерінің бәрін бір ұлттың еншісіне беру саясаты саналы түрде жүргізілді десек те болады.

Содан ғалымдар арасында екіұдай пікір қалыптаса бастады. «Шағатайша» мен «ескі өзбек тілінің» арасын ажыратып алу қажет болды. Түркітанушы А.М. Щербак «ескі өзбек тілін» тірі ұлттық тіл деп алып, оның мысалы ретінде «Оғызнаманы» атайды да, шағатай тілін ескі өзбек тілінің әдеби қалыбы ретінде көрсетуге тырысқан (Артамошина, 1960:8). Десек те, А. Щербактың бұл сөзінен шағатай тілі – ескі өзбек тілі деген мағына шығары анық. Ғалым осы еңбегі арқылы «ескі өзбек тілі» және «шағатай тілі» деп, алдыңғы һәм кейінгі түркітанушылардың көңілін жыққысы келмеген секілді.

Ал, кеңес түркітанушысы Г.Ф. Благова XI ғасырдың аяғындағы әдеби тілдің грамматикалық жүйесі қазіргі өзбек әдеби тіліне көшудің өзіндік

ерекшеліктері екенін, сондықтан да Науаи мен Бабыр жазған тілді ескі өзбек әдеби тілі деп есептеуге болатынын ашып жазған (Благова, 1960: 35). Біртіндеп XV-XVI ғасырларда түркі тілі деп қалам тербеген ақындар шығармаларының тілі «ескі өзбек тілі» болып шыға келді. Содан кейін мұндай тұжырым өзбек әдебиеттанушылары мен тілтанушыларының еңбектерінде жиі көрініс берді. *У. Турсунов, Б. Уринбоев және А. Алиев жазған «Өзбек әдеби тілі тарихы» атты ортақ еңбекте әдебиеттанудағы шағатай әдебиеті, шағатай тілі және шағатай түрікшесі деген ұғымдардың өзбек классикалық әдебиеті екенін, ал шағатай тілі, шағатай түрікшесі деген атаулар ескі өзбек тілі ретінде қолданылғанын ашып жазды (Турсунов, 1995*: 29).

Түркі әдеби тілі деген ұғымды XIX ғасырда шағатай деген термин ауыстырса, XX ғасырдың II жартысынан бастап шағатай деген атауды ескі өзбек тілі басты. Яғни, Г. *Вамберидің «Шағатай түрікшесі»* (Vambery, 1867) *деген еңбегін А.М. Щербактың «Грамматика староузбекского языка»* (Щербак, 1962) *деген зерттеуі басты. Бұл дәстүр бертін келе* Б. Юсуфовтың зерттеулеріне ұласты (Юсуфов, 1991).

Ескі өзбек тілі – ортағасырлық түркі әдеби тілі

XV-XVI ғасырлардағы жазба жәдігерлерде «түрік тілі», «түрік тіркесі», «түркі тілі», «түркі лебізі», «түрікше тіл» немесе қысқаша «түрки», «түркише» деп (Ekmann, 2021: 17) қолданылып келген әдеби тілге бертін келе «шағатай» немесе «ескі өзбек тілі» деген атау берілді. Десек те ортағасырлық әдеби жәдігерлердің табиғатын тілдік тұрғыдан зерделеген түркітанушылардың арасында ортағасырлық әдеби тіл туралы ортақ бір пікірдің қалыптаспағанын көреміз. Тіпті, XV-XVII ғасырларда хатқа түскен жазба мұралардың тіліне «шағатай тілі» атауын жиі қолданған А.Н. Самойловичтің өзі кейбір зерттеулерінде сол дәуір әдеби жәдігерлерінің тілін «Ортаазия-түркі әдеби тілі» терминін қолданғанын оның «О среднеазиатско-турецком литературном языке и его отношении к другим турецким языкам» деген мақаласынан анық көреміз. Түркітанушының бұл мақаласы біраз уақыттарға дейін жарияланбастан (РНБ. Ф.671. Д.100, л. 840-853), ғалымдар назарынан тыс қалып келіп еді. 1997 жылы белгілі ғалым Г.Ф. Благова тарапынан арнайы жарияланғанын ерекше атап өткен жөн (Самойлович, 2005: 941).

Сондай-ақ, ортағасырлық әдеби жәдігерлерді тіл тұрғысынан зерттеген түркітанушы *В.Д. Артамошина да академик А.Н. Самойловичтің сол дәуір жазба мұраларының тіліне қатысты «Ислам дәуіріндегі ортаазиялық-түрік әдеби тілі» деген терминді қолданғанына назар аударған*. Сөзіміз дәйекті болуы үшін түркітанушының сол ойын сол қалпы бергенді жөн көрдік: «Чтобы избежать двузначности термина «чагатай» А.Н. Самойлович предложил для обозначения литературного письменного языка Средней Азии название «среднеазиатско-турецкий литературный язык исламской эпохи», устанавливая несколько периодов развития этого языка, причем термин «чагатайский» он сузил до обозначания им тимуридского периода классической литературы» (Артамошина, 1960:8).

Тағы да сол «шағатай тілі» ұғымын жиі қолданған Г.Ф. Благова соңғы жылдарындағы зерттеулерінде орталық азия түркілерінің әдеби-жазба тілі деген атауды қолдана бастаған. Оның «О соотнешениях прозаического и поэтического вариантов среднеазиатско-тюркского литературно-письменного языка XV-начала XVI в. (к постановке вопросе)» деген мақаласында сол дәуірдегі әдеби тіл туралы «ортаазиялық-түркі әдеби-жазба тілі» («среднеазиатско-тюркского литературно-письменного языка (ЛПЯ)») деп қолданған (Благова, 1976: 27). Егер А.Н. Самойлович «среднеазиатско-турецкий литературный язык» десе, Г.Ф. Благова «среднеазиатско-тюркского литературно-письменного язык» деп жазған. А.Н. Самойлович «түркі» деген сөзді «турецкий», яғни «түркі» деп қолданғаны белгілі.

Сондай-ақ, ескі өзбек тілінің тарихы мен қалыптасуы туралы зерттеулер жүргізген Э. Фазылов та соңғы жылдардағы зерттеулерінде түркі әдеби тілі деген ұстанымды да қолдана бастағанын аңғару қиын емес. Оның «Чығатай» әдеби тілінің қалыптасуы туралы» («Çiğatay» adabi tilinin şakillaniştarihi haqida»*)* деген мақаласында түркі әдеби тілінің әр дәуірде әртүрлі атпен аталғанын айта келе, «түркі халықтары үшін ортақ болған ескерткіштер (VIII-X ғғ.), Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарының әдеби тіліне тікелей қатысты болған дәуір (XI-XII ғғ.), прототүрік әдеби тілі (XII-XIV ғғ.), түрки әдеби тілі (XIV-XVIII ғғ.) және соңғы дәуірдегі түркі әдеби тілі (XVIII-XIX ғғ.)» – деп, таратып жазғанын көреміз (Фазылов, 2008: 322).

Ғылымда шағатай тілі ретінде қолданылған түркі әдеби тілі – барша мұсылман түркілеріне ортақ тіл. Бастауын көне түркі тілінен алатын ортағасырлық әдеби тілдің қалыптасуына араб,

парсы тілдері әсер етті. Яғни, ортағасырда кеңінен қолданылған әдеби тіл ислам өркениетінің жемісі. Сондықтан да, қарлұқ, қыпшақ һәм оғыз тілдерінің негізінде қалыптасқан түркі әдеби тілінде мұсылман түркі халықтарының әдебиеті дүниеге келді. Ойымызды түркітанушы Г.Ф. Благованың сөзімен түйіндер болсақ: «Этот язык до Великой Октябрьской социалистической революции являлся литературным языком для образованных кругов многих тюркоязычных народностей, у которых еще не сформировался собственный литературный язык на базе родного языка» (Благова, 1960: 31).

Қорытынды

Көне түркі тілі бүгінгі күнге дейін бірнеше тарихи кезеңдерден өткенін әр кезеңдерде хатқа түскен жазба ескерткіштерден білеміз. Исламға дейін жазылған Орхон, Енисей ескерткіштер түркінің төл әліппесі – руна әліппесімен тасқа қашалған. Ислам дінінің келуімен мұсылман халықтарының арасына араб әліппесі кеңінен тарады. Ажам халықтарының қатарында түркілер де осы жазуды қабылдады. Исламды қабылдағаннан кейін түркілерде «Екі ғасырлық үнсіздіктен» («Ду ғәрн-е сукут») (Қыдыр, 2018: 45) жаңа әдеби тіл қалыптасты. Түркі тілінің грмматикалық құрылымына араб һәм парсы сөздері қосылды. Қараһандықтар тұсында жазба жәдігерлер қарлұқ-қыпшақ-оғыз диалектілері негізінде жазылса, бұл дәстүр Алтын Орда билігінің Харезм өлкесінде де сақталды. Жошы Ұлысының орталығы – Сарай төңірегінде қыпшақ-оғыз диалектілерімен әдеби жәдігерлер жазылды. Исламнан кейінгі әдеби тіл Харезм, Мәурәннәһір және Дешті Қыпшақ даласында кеңінен қолданылды. Ортағасырлық түркі әдеби тілі қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, түркімен және басқа да түркі халықтарының бүгінгі әдеби тілдерінің қалыптасуына негіз болды.

Ортағасырлық қалам иелері (ақын-шайырлар) өз шығармаларын «түркі тілінде», «түркі лебізінде», немесе қысқаша «түркише» жаздық деп атап көрсеткеніне қарамастан, XIX ғасырдан бастап түркітанушылар оларды «шағатайша» деген атаумен атай бастады. Десек те, ортағасырлық әдеби тіл – Шыңғысханның ұлы Шағатай ұлысында ғана қолданылмады, бертін келе Жошы ұлысының негізінде қалыптасқан хандықтарда да кеңінен тарағаны белгілі. Тіпті, қазақ хандарының ресми хаттары да осы әдеби тілмен жазылғаны аян.

Ал, XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап, «шағатай» деген атаудың орнын «ескі өзбек тілі» деген ұғым басты. Оның саяси себебі басым еді. Себебі өзінен бұрынғы жетістіктердің бәрін жоққа шығаруды көздеген коммунистік режим «шағатайшаны» «ескі өзбек тіліне» ауыстырды. Сондай-ақ, коммунистік режимге қарсы күрескен Мұстафа Шоқайдың «Түркістан автономиясы», Абдурауф Фитраттың «Шағатай гурунгы» секілді түркішілдік идеяға бағытталған ұстанымдарынан қорқып, кеңес ғалымдары ортағасырлық жазба жәдігерлердің бәрін бір ұлттың «қанжығасына байлап» бергенді жөн санады. Содан «ескі өзбек тілі» деген атау алға шықты. Егер сол ұстаныммен қарасақ, Абай Құнанбаевтың алғашқы жылдары жазылған «Физули, Шәмси, Сайхали», «Йүзі раушан», «Әлифдек ай йүзүнә ибрәт етдім» деген өлеңдері де «ескі өзбек тілінде» жазылған болып шығары анық.

Соңғы жылдары ортағасырлық түркі жазба мұраларын түркішілдік рух һәм ұлттық таным тұрғысынан зерделеу жағына баса назар аударылып келеді. Сондықтан да, «шағатайша», «ескі өзбек тілі» деген терминдердің орнын бүгінде «ортағасырлық түркі әдеби тілі», «түркі әдеби тілі» деген ұғымдар ауыстырды. Бұл да болса, ортағасырлық қалам иелерінің «түркі тілі», «түркі лебізі» деген сөздерінің бүгінгі күндегі қайта жаңғыруы болса керек.

Қаржыландыру

Бұл мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен AP09259892 «Мұстафа Шоқай мұрасындағы қолжазбалардың тарихи-деректілік құндылығы» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

Артамошина В.Д. Условия формирования и некоторые особенности языка среднеазиатских поэтов – предшественников А. Навои // Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика. – М: Издательство восточной литературы, 1960. – 350 с.

Әлішер Науаи. Мухәкәмәтул-луғәтәйн. (Дайындаған Т. Қыдыр). – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. – 208 б.

Благова Г.Ф. О характере так называемого «чагатайского» языка конца XI в. // Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика. – Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 350 с.

Благова Г.Ф. О соотношениях прозаического и поэтического вариантов среднеазиатско-тюркского литературно-письменного языка XV – начала XVI в. (к постановке вопросе) // TURGOLOGIKA. – Ленинград: Наука, 1976. – 364 с.

Vambery H. Cagataische Sprachstudıen. Lepzıg, 1867.

Eckmann J. Harezm, Kipçak ve Çağatay türkçesi üzerine araştirmalar. – Ankara: Türk Dil kurumu yayinlari, 2003. – 438 s.

Eckmann J. Çağatay el kitabi. Ankara: Türk Dil kurumu yayinlari, 2021. – 232 s.

Ильминский И.Н. Материалы для джагатайского спряжения из Бабур-намэ // Ученые записки Казанского университета, 1863, вып.1-2.

Кононов Н.А. История изучения тюркских языков в России. – Ленинград: Наука, 1982. – 360 с.

Köprülü F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar. Akçağ, 2010. 9 Baskı. – 383 s.

Қыдыр Т.Е. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV ғғ.) (ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшелігі). – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.

Мелиоранский П.М. «Шейбани-намэ». Джагатайский текст поэмы Мухаммеда Салиха по рукописи Венской библиотеки. СПб, 1904.

Özender F. Sema Barutçu. Ali Şir Nevayi. Muhakemetül-lığateyn. Ankara: Irmak matbaacılık, 1996. – 185 s.

Самойлович А.Н. Тюркское языкознания. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – 1053 с.

Фазылов Э. Turkologica. I-том. – Ташкент: Фан, 2008. – 588 с.

Шоқай Мұстафа. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 664 б.

Юсуфов Б. Местоимения в староузбекском литературном языке (XV-XVI вв.). – Тошкент: Фан, 1991. – 146 с.

References

Artamoschina V.D. (1960). Usloviya formirovaniya i nekotorie osobennosti yazika sredneaziatskix poэtov – predschestvennikoy A.Navoi // Tyurko-mongolskoe yazikoznanie i folkloristika [Conditions of formation and some features of the language of the Central Asian poets - the predecessor of A.Navoi // Turkic-Mongolian linguistics and folklore studies] Moskva: Izdatelstvo vostochnoy literaturi, p. 350.

Alischer Nauai. (2021). Muhakamatul-lugatayn. (Dayindagan T.Qydyr) [Muhakamatul-lugatayn] [prepared by T.Qydyr]. Nur-Sultan: Xaliqaraliq Turki akademiyasi, p.208.

Blagova G.F. (1960). O xaraktere tak nazivaemogo «chagatayskogo» yazika konca XI v. // Tyurko-mongolskoe yazikoznanie i folkloristika [About the nature of the so-called “Chagatai” language of the late XI century // Turkic-Mongolian linguistics and folklore studies]. Moskva: Izdatelstvo vostochnoy literaturi, p. 350.

Blagova G.F. (1976). O sootnescheniyax prozaicheskogo i poeticheskogo variantov sredneaziatsko-tyurkskogo literaturno-pismennogo yazika XV-nachala XV*I v. (k postanovke voprose)* [On the correlations of the prose and poetic variants of the Central Asian-Turkic literary and written language of the XI-beginning of the XI century. (to the formulation of the question)] // TURGOLOGIKA. Leningrad: Nauka, p. 364.

Vambery H. (1867). Cagataische Sprachstudıen. Lepzıg, p. 253.

Eckmann J. (2003). Harezm, Kip*çak ve* Çağatay türkçesi üzerine araştirmalar [Research on Khwarezm, Kipchak and Chagatai Turkish]. Ankara: Türk Dil kurumu yayinlari,. p 438.

Eckmann J. (2021). Çağatay el kitabi [The Chagatai handbook]. Ankara: Türk Dil kurumu yayinlari, p. 232.

Ilminskiy I.N. (1863). Materiyali dlya cagataiyskogo spryajeniya iz Babur-name // Ucheniye zapiski Kasanskogo universiteta [Materials for the Jagatai conjugation from Baber-nama // Scientific notes of Kazan University], vip.1-2.

Kononov N.A. [1982]. Istoriya izucheniya tyurkskix yazikov v Rossiy [History of the study of Turkic languages in Russia]. Leningrad: Nauka, p. 360.

Koprulu F. (2010). Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar [The first mystics in Turkish literature]. Akçağ,. 9 Baskı. p.383.

Qydyr T.E. (2018). Deschti qipschaq dalasindagi islami adebiyet (X-XV gg.) (islam, iman jane ihsan maselelerinin jarlanu erekscheligi) [Islamic literature in the steppes of desht-I-Kipchak (X-XV centuries.) (specifics of singing about the problems of Islam, faith and Ihsan)]. Astana: «Ruhani qundiliqtardi qoldaw qory» korporativtik qory, p.200b.

Melioranskiy P.M. (1904). «Scheybani-name». Djagatayskiy tekst poemi Muxammeda Salixa po rukopisi Venskoy biblioteki [«Sheibani-nama». The Jagatai text of the poem by Muhammad Salih according to the manuscript of the Vienna Library]. SPb.

Ozender F.Sema Barutçu. [1996]. Ali Şir Nevayi. Muhakemetül-luğateyn [Ali Shir Nevayi. Muhakemetül-lığateyn]. Ankara: Irmak matbaacılık, p.185.

Samoylovich A. (2005). Tyurkskoe yazikoznaniya. Filologiya. Runika [Turkic linguistics. Philology. Runica]. Moskva: Vostochnaya literatura RAN, p. 1053.

Fazilov Э. [2008]. Turkologica. I-tom. Taschkent: Fan, p.588.

Schoqay Mustafa. [2012]. Schygarmalarynyn tolyq jinagy.On eki tomdyq [A complete collection of his works. Twelve volumes]. II tom. Almaty: Dayk-Press, p.664.

Yusufov B. (1991). Mestoimeniya v starouzbekskom literaturnom yazike (XV-XV*I vv.)* [Pronouns in the Old Uzbek literary language (XV-XVII centuries)]. Toschkent: Fan, p.146.

ҒТАМР 16.21.49 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.03

Д. Оспанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЭМОТИВТІЛІГІНІҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақала тілдегі эмотивтілік және лингвомәдени кеңістіктегі адам эмоциясын зерттеу мәселелеріне, соның ішінде фразеологизмдердің эмотивтілігін зерттеуге арналған. Автор эмотивті код, адам эмоциясының көрінісі және оны білдіру жолдары ұғымдарын қарастырып, эмотивтілікті зерттеудің жаңа бағыттағы тәсілдемелерін талдайды. Мақалада қазіргі тіл білімі, шығыстану саласындағы жаңа парадигмаға сай, психологиялық, лингвомәдени сипаттағы зерттеу, түркі тілдеріндегі тілдік және мәдени ортақтықтарға назар аударылады. Сол арқылы жаһандану, мәдени байланыс дамыған замандағы өзекті орынға шыққан аударма, ұлтаралық қатынас, түркі тілдерін зерттеу мәселелеріне қатысты тұжырымдар берілген. Мақаланың негізгі мақсаты – сөздің эмоционалдық мазмұнының алуандығын сипаттап, қазіргі тіл білімінде және лингвомәдени аяда тілдің эмотивтік кодын зерделеудің маңызын түркі тілдері материалдары негізінде көрсету. Соған орай, нысан эмотивті фразеологиялық бірліктер болғандықтан, этно-мәдени экспрессивті мәнді компоненттермен келетін фразеологизмдер басты назарға алынған. Мақалада қазақ, әзербайжан және түрік тіліндегі фразеологиялық бірліктер және олардың эмотивтік, дискурстық, прагматикалық мәні салыстырылып, талданады. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі эмосемаларды өзге де тілдердегі, атап айтқанда, ағылшынша баламаларымен салғастыру әдісі де қолданылады. Жұмыс нәтижесінде қазақ тілінің және түркі тілдерінің эмотивті сөздері (фразеологизмдер) талданып, олардың сөз актісіндегі орны мен оны зерттеудің мәні ашылды.

Түйін сөздер: қазақ фразеологизмдері, түркі фразеологизмдері, фразеологиялық бірлік, фразеологизмнің эмотивтілігі, эмотивтілік.

D. Ospanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

Study of the emotionality of phraseology in general and turkic linguistics

The article studies human emotions in the emotional and linguacultural space, particularly focused on the study of emotional intensity of phraseology. The author considers the concepts of emotional codes, human feelings and ways of expressing them, and analyzes new approaches to the study of emotionality. The article deals with the study of psychological, linguistic and cultural character, linguistic and cultural communities in the Turkic languages in accordance with the new paradigm in the field of modern linguistics, Oriental studies. The author will draw conclusions concerning the issues of translation, interethnic communication, the study of Turkic languages that have become relevant in the era of globalization, the development of cultural ties. The main purpose of the article is to describe the diversity of the emotional content of the word and show the importance of studying the emotional code of the language in modern linguistics and linguocultural context based on Turkic languages. Therefore, since the object is an emotional phraseological units, the focus is on the phraseology that comes with the components of ethno-cultural expressive meaning. The article compares and analyzes phraseological units in the Kazakh, Azerbaijani and Turkish languages and their emotional, discursive, pragmatic meaning. The method of comparing emosems in Turkic languages with their equivalents in other languages is also used. As the result of the work were analyzed the emotional words (phraseology) of the Kazakh and Turkic languages and were revealed their place in the speech act and the significance of scrutinizing these elements.

Key words: Kazakh phraseological units, Turkic phraseological units, phraseological units, emotional intensity of phraseological units, emotionality.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Д. Оспанова
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
e-mail: dana.zhanabek@mail.ru

Изучение эмоциональности фразеологизмов в общем и тюркском языкознании

Статья посвящена проблемам изучения эмоций человека в языке и лингвокультурном пространстве, в том числе изучению эмоциональности фразеологизмов. Автор рассматривает понятия эмотивных кодов, человеческих чувств и способов (способов) их выражения, анализирует подходы к изучению эмотивности в новом направлении. В статье рассматривается изучение психологического, лингвокультурного характера, языковых и культурных общностей в тюркских языках в соответствии с новой парадигмой в области современного языкознания, востоковедения. Автор сделает выводы, касающиеся вопросов перевода, межнационального общения, изучения тюркских языков, ставших актуальными в эпоху глобализации, развития культурных связей. Основная цель статьи – описать многообразие эмоционального значения слова, показать на материале тюркских языков важность изучения эмотивного кода языка в современной лингвистике и лингвокультурной сфере. В связи с этим, поскольку объектом являются эмотивные фразеологизмы, то основное внимание уделяется фразеологизмам, представляющим собой этнокультурные экспрессивно-значимые компоненты. В статье сравниваются и анализируются фразеологизмы на казахском, азербайджанском и турецком языках и их эмотивное, дискурсивное, прагматическое значение. Также используется метод сопоставления тюркоязычных эмосем с аналогами других языков. В результате работы были проанализированы эмотивные слова (фразеологизмы) казахского и тюркских языков, раскрыто их место в речевом акте и предмет его изучения.

Ключевые слова: казахские фразеологизмы, тюркские фразеологизмы, фразеология, эмотивность фразеологизма, эмоциональность.

Кіріспе

Эмоциялар – кісінің жеке және әлеуметтік өмірінің айнымас бөлігі. Ал тіл – ішкі дүниемізді сыртқа шығарушы, сөйлесушімізбен бөлісудегі басты дәнекер десек, әрбір тілде ішкі рухани дүниені бөлісуге арналған эмоциялық бірліктер де бар. Түркі тілдері бұл бағыттағы бірліктерге, құралдарға бай әрі сан қырлы. Күнделікті қарым-қатынаста ішкі эмоцияны білдіруге қолданылатын тіл элементтері (сөйлем, тіркес, фразалар, мақал-мәтелдер, одағайлар, т.б.) түркі қоғамының мәдениетін ортаға шығара отырып, сөзге (айтылым) белгілі реңк, әсер қосатыны белгілі. Осы орайда эмоцияның білдіруде фразеологизмдердің рөлі мен оны зерттеу маңызды орынға шығады.

Барлық адамның өміріндегі эмоцияның мәнін дәл көрсету үшін ғалымдар адамның эмоционалды нөлдікте болатын күйін де қарастырған екен. Эмоционалды нөлдік дегеніміз – сыртқа шығарылмайтын, тіпті адамның ешқандай эмоцияны бастан кешірмейтін күйі. Яғни коммуникацияда да эмоцияның болмауы. Осыған байланысты психологтар мен физиологтардың да сөйлеуші / сезінуші адамның бұл күйінен эмоционалды интеллектінің болмауын, яғни эмоционалдық кереңдік деп аталатын күйін ажыратып көрсетеді. Мұндай адамдармен тілдесу, байланыс құру мүмкін емес. Оны тілдік тұлға не эмоционалды-коммуникативтік тұлға деп атай алмаймыз. Демек осындай шарттарда құрылатын тілдік қатынас не тілдік қатынастың құрылмауына, оның өрбуінде, дамуында, нәтижесінде эмоцияның да атқарар рөлі зор. Себебі біз мән бермегенімізбен, сөйлеу кезінде әр сөзді эмоциямызға, жағдаятқа сай таңдап отырамыз. Сол арқылы ішкі ойды әсерлі жеткізуді көздейміз. Ал ол көздеген мақсатымызға жетудің бірден бір жолы – тілдің, сөздің эмотивті реңін ажырату. Тілдік қарым-қатынас кезінде сөзді түсіну, ойды қорыту, айтылған нәрсені сол эмотивті күйінде түсіну үшін айтушы әрқашан лебізіне қарай таңдалған сөздерді анықтау да қазіргі парадигмалық зерттеулердің мақсатына айналуы тиіс. Бір тіл ішіндегі эмотивтілікті зерттеп қоймай, түркі тілдері байланысына шығып, салыстыру шеңберін кеңейту ғылымға жаңаша ізденіс, көзқарасты дамыту тұрғысынан да ерекше үлес қосары сөзсіз. Мақалаға арқау болған түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің эмотивтілігін анықтау, салыстыру ісінің практикалық мәні де адам мен адам арасындағы дұрыс әрі түсінікті байланыс құру тетіктерін зерделеуімізде жатыр.

Тақырып таңдауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері

Адам қарым-қатынас кезінде де, ішкі сөйлеу, тіпті жазбаша сөйлеу кезінде де эмоционалдық

күй кешеді: қуанады, шабыттанады, ренжиді, т.б. Осы көңіл күйі мен ішкі ойымыздың барлығы дерлік тілімізде түрлі дәрежеде көрініс табады. Сондықтан эмоциялар мен сезімдер физиологтар мен психологтардың ғана емес, тілтанушылардың да бұл бағытты терең зерттеуін қажет етеді. Сол себепті де ұлттық-мәдени ерекшеліктердің, тілдің эмоционалды қырының басты қайнаркөзі тілде бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып, ұлт санасына сіңген фразеологизмдердің эмотивтілігіне назар аударып, тақырыпқа да қазақ және түркі тілдеріндегі эмоционалды фразеологизмдердің зерттелуін арқау еттік.

Мақалада осы тақырыпты қозғаудағы басты мақсатымыз – осы бағытта пайда болып, жеке сала ретінде іргесі қалана бастаған эмоция тілтануы, тіл біліміндегі жаңаша, эмотивті тәсілдеме жайында, оның лингвомәдени аядағы орнын сөз етіп, қазақ, түрік және әзербайжан тіліндегі эмотивті фразеологиялық бірліктерді талдау. Осы мақсаттың мүддесінен шығу үшін де зерттеу жұмысымызда мынадай міндеттер алға қойылды:

– түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің эмотивті қырын көрсететін бірліктерді жинақтау;

– фразеологизмдердің әртүрлі эмоцияны нақты беруде, білдіруде атқарар рөлін анықтау;

– мысалға таңдалып алынған бірліктердің эмотивтілігін дәлелдеу;

– тақырыпта көрсетілген мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын көрсету, соған сай тұжырым шығару.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы мен материалдары

Эмоцияны білдіру – бұл күнделікті қарым-қатынастың негізгі бөлігі саналатын және адамның психикалық, физикалық күйін қалыпта ұстауға көмектесетін маңызды әлеуметтік іс-әрекет. Эмоцияны дұрыс көрсету (тілмен) және эмоцияны түсіну маңызды. Бұдан басқа эмоциялар вербалды қатынас негізінде болатынын да айтуға болады. Ғалым В.И. Шаховский айтқандай, әуелі сөз емес, эмоция пайда болған. Әуел бастан алғашқы және кейінгі номинациялардың негізі адам эмоциясынан тараған. Егер бізде сөйлеуге итермелейтін күш (мотивация) болмаса, біздің сөйлеуіміз сөзсіз шектеулі болар еді (Foolen, 2015). Демек эмоция деген – адамға бірдеңе айттыратын, қарым-қатынасқа түсіретін күш. Г. Стерннің сөзімен келтірсек, «егер маған бәрібір болса, мен мұны айтпас та едім». Егер сөйлеуші оны тыңдап отырған кісіні айтар әңгімесі қызықтырмайтынын сезінсе, ол әңгімені жалғастыру да қиынға соғады. Сонда эмоция екі бағытта қызмет етеді. Яғни айтушыны сөйлететін күш те болуы керек, тыңдаушы да оны қабылдауға дайын болуы керек. Осыған орай, шығыстану саласында түркі тілдері арасында мәдени ұқсастықтар мен алшақтықтардың бірден-бір көрінісі тілдегі эмоцияны білдіретін бірліктер, олардың әртүрлі мәдениет өкілдері тарапынан қолданылу ерекшеліктері, бейтарап реңкті сөздердің сөйлеу кезінде эмотивке айналу үдерісі зерттелуді қажет ететін мәселелерге айналып отыр. Оның бір себебі – қазіргі ғылыми парадигмалар тоғысында ғылымда тілдік бірліктердің пайда болу, бір тілде орнығу, бір сөздің әр тілде әртүрлі реңк алуы, бір сөздің бірнеше тілге алуан мағынамен енуі, сөз түзушінің ойы мен сөзінің арақатынасы сынды тілдік-психологиялық құбылыстарды зерттеуге ерекше ден қойылуы екені даусыз. Дәл осы бағыттағы зерттеулер мен тұжырымдар ғылымда тіл білімінде эмоция лингвистикасы деп аталатын саланың пайда болуына себеп болды. Қазіргі таңда іргесі қаланып үлгерген эмотивті лингвистика саласы бойынша шетелдік зерттеулер қатары ұлғайып, енді бір тіл шеңберінен шығып, эмотивті бірліктер бірнеше тіларалық, мәдениетаралық деңгейде зерттеле бастады.

Эмоция лингвистикасы өз зерттеу бағыты жағынан лингвистердің (М.Бреаль, К.Бюлер, ванн Гиннекен, Э.Сепир, Г.Гийом, Ш.Балли т.б.) лингвистика ғылымы эмоционалдық құрылымдармен айналысуы керек пе деген екіжақты көзқарасында қалып отыр. Бір топ ғалымдар эмоционалдық құрылымдарды зерттеуді тілден тыс деп санаса, екінші бір топ (Ш.Балли, ванн Гиннекен, М.Бреаль) эмоцияның бейнеленуін, білдірілуін тілдің орталық қызметі деп есептейді.

М. Бреаль сөз (айтылым) ойластырылмаған пікір мен пайымды және хабарды сипаттау үшін емес, ішкі ниетті білдіру, ұйғарым жасау үшін туады, ал бұлар эмоцияның ілесуінсіз мүмкін емес дейді (Shaxovskij, 2010: 15). Ғалымның сөзінен де сөйлеушінің ойы нақты білдіруінде эмоцияның рөлі зор екендігін байқаймыз.

Эмотиология бағытында ерекше зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарында В.И. Шаховский, А. Вежвицкая, Э.С. Азнаурова, С.Б. Берлизон, И.В. Арнольд, Е.М. Галкина-Федорук, М.Д. Городникова, В.А. Мальцев, Н.М. Михайловская, Н.М. Павлова және т.б. атай аламыз. Осы аталған ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарын өз мақаламызда пайдаланып, тұжырым жасауда дәлел ете аламыз.

Осы зерттеуімізде берілген тұжырымдар мен мысалдар арқылы эмотивтілік ұғымының лингвистика ғылымына қатысы бар ма деген сұраққа жауап табамыз. Кейбір лингвистер лингвистикадағы эмотивтілікті жоққа шығарады. Мәселен, Е.М. Галкина-Федорук тілде эмоционалды лексика болмайды деген болжам жасайды. В.А. Звегинцев эмоциялар тіл құрылымына кірмейді деп есептейді. Ал Ш. Балли тілде бәрі эмоционалды деген пікір білдіреді. В.Г. Гак та барлық айтылымдар эмоционалды десе, Е.Ю. Мягкова тілдегі барлық лексика, сөз эмоционалды деп санайды. (Shaxovskij, 2010: 41).

В.Н. Телия эмотивтілік немесе эмотивті коннатацияға былай анықтама береді: «Эмотивтілік – бұл психологиялық күйзеліс туды-ратын мағына негізінде жатқан образға деген эмоционалды реакция іздері ғана емес, мәдениет ұстанымдары мен «идеалдарының» категориалды кеңістіктігіндегі образдық негіз интерпретациясының нәтижесі, бұл қондырғылармен үйлесім жағымды эмоциялар шоғырында туындайды (мақұлдау диапазонының қатынасында), ал үйлесімсіздік мақұлдамау, жағымсыз эмоция аясында болады (Teliya, 1996: 212).

Осы материалдар мен тұжырымдарды талдап, талқылау, мақала мақсатына жету үшін тілдің негізгі әдістері салыстырмалы-тарихи және сипаттау әдістерімен қатар, психолингвистикалық амалдар, лингвомәдениеттанымдық талдау жұмыстары да жүргізілді.

Әдебиеттерге шолу

Фразеологиялық бірліктер нысанды, затты, құбылысты, әрекетті атау немесе әсерлі сипаттау үшін емес, сондай-ақ айтушының ішкі сезімін, эмоциялық деңгейін таныту, көңіл күйін білдіру және эмоционалды жағдайын сезіндіруде үлкен рөл атқарады. Фразеологизм адамның ішкі сезімі мен бағалауын көрсетеді.

Қазақ фразеологиясының ғылыми пән ретінде қалыптасуы ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне, дамуы мен толығуына, мәдени тарихына байланысты. Бұл салада В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбектерінде қазақ тілінен жиналған мақалмәтелдер мен тұрақты тіркестер тобы кездеседі. Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалауыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады (Smagulova, 2020). Фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев назар аударған. Алғаш рет «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары» атты еңбек (Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42 б., №3-4, 42-50 б. және орыс тілінде жарық көрген «О некоторых фразеологизмах в казахском языке»), Х. Қожахметованың «Ғ. Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар» атты кандидаттық диссертациясы (1967), аудармадағы фразеологиялық құбылыс туралы Ө. Айтбаевтың «М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тілінде берілу жолдары» диссертациясы (1971), І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», С. Сәтенованың «Қос таңбалы фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» (1997) еңбектерін атауға болады.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады. Өйткені ұлт мәдениетін танытудағы рөлі айрықша назар аудартып, ерекше бағаланады. Сол бағытта фразеологизмдердің семантикалық категориялары талданып жаңа ізденістермен толықтырылды: «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» (Smagulova, 1998), «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» (Avakova, 2003), «Түркі фразеологиясы» (Nurmakhanov, 1998), «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны». Қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша. (Sagidoldaevna, 2003), «Салыстырмалы түркі фразеологиясы» (Kalybaeva, 2009) атты еңбектер. Аталмыш жұмыстар қазақ фразеологиясының теориялық мәселелеріне өзіндік үлес қосқан ғылыми еңбектер болып саналады (Smagulova, 2020).

Фразеология тіл білімінде жан-жақты зерттелген әрі бұл бағытта жазылған жұмыстар да мол. Ол қатарда Е.Д. Поливанов, Н.Н. Амосов, В.Л. Архангелский, М.Т. Тагиев, В.Н. Телия, Н.М. Шанский, В.М. Мокиенко, В.П. Жуков, А.В. Кунин сынды ғалымдардың психологиялық, педагогикалық, тілдік бағытта эмоция тақырыбына арналған еңбектері де мол. Аталған ғалымдардың еңбектері осы бағыттағы зерттеу жұмысымызда кеңінен қолданылады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Түркі тілдерінде фразеологиялық бірліктер өте көп. Түркі тілдерінде көпжылдық тарих,

географиялық орын, климат, көптеген ұлттық және діни мерекелер, тұрмыс, дәстүр, салт, ырымдар өз ізін қалдырған деп анық айта аламыз, сонымен қоса әр түркі халқының да, мәселен, әзербайжан халқының қызуқанды, өр мінезін, менталитетін ескеруіміз керек.

Әзербайжан тілінде де фразеологизмдер біршама еңбектің зерттеу нысаны болды: Г.А. Байрамовтың «Основы фразеологии азербайджанского языка», Н.М.Худиевтің «Язык прозы Абдуллы Шанка (лексика и фразеология)», Ч.Г.Курбановтың «Диапазон лексических вариантов во фразеологии», А.С.Рагимовтың «Сравнительно-сопоставительный анализ английских и азербайджанских глагольных фразеологических единиц и способы перевода английских фразеологических единиц на азербайджанский язык», К.А.Мамедованың «Фразеологическая синонимия в современном азербайджанском литературном языке», М.А.Башированың «Структура и семантика диалектных фразеологических единиц азербайджанского языка (на материале дербентского диалекта)» еңбектері.

Фразеологизмдер лингвомәдени мәселе ретінде В.Н.Телия мен ізбасарларының еңбектерінде жан-жақты қарастырылған: М.Л. Ковшова, В.В. Красных, И.В. Зыкова, И.В. Захаренко, Д.Б. Гудков. Фразеологизмдердің мәдени мәні мен олардың «мәдени ізі» (Л.Иманалиева: «культурный след») олардың семантикалық талдауында анықталып отырды, әрине, ол өз табиғи түрде этимологиялық және лингвоелтанымдық салыстырмалар арқылы ашылды (Kovshova, 2012: 78). Фразеологиялық бірліктер мәдени қазынаға толы. Олар арқылы халықтың рухы мен мәдениеті бейнеленеді дей аламыз. Мысал келтірер болсақ, *«Торғай» дегеннен жүрегім зу ете қалды. «Мына содыр бұлбұлды атып түсірген жоқ па?» деп ойладым ішімнен. Жүгіріп барып қарасам, бармақтың басындай әнші құс шынымен-ақ ұшып түскен екен. Демін әрең алып жерде жатыр. Қаным басыма шапты (http://zhasorken.kazgazeta.kz/). Мұндағы жүрегі зу ету, қаным басыма шапты фразеологизмдерінің жай күйден эмоциялық күйге ауысудың көрсеткіші бола алады. Әзербайжан тілінен мысал қарастырайық: «Məktubu oxuduqda qanım başına vurdu // Хатты оқығанымда, қаным басыма ұрды (шапты) (М.С.Ордубади)*. Мұндағы «qanım başına vurdu» әзербайжан тілінде мазасыздық пен қатты ашуды білдіруде қолданылады. Сол сияқты бұл тілдегі «qanadlanıb uçmaq», «қанаттанып ұшу», «көкке ұшу» шабыттану, қанаттану, қуану сезімін білдіреді.

Демек адамның барлық сөзі эмоциямен безендірілген. Адам әр уақытта белгілі эмоциялық күйде болады: сабырлы, жайлы қалыпта немесе керісінше. Сондай-ақ кісі қандай сөз сөйлегені оның қандай күйде тұрғанына байланысты. Яғни адам ылғи бір жағдаятта болады. Тіпті ол қуанышты, сабырлы қалыпта тұрған сәтте біреуден алған хабары әсерінен дереу басқа эмоционалды күйге көшуі мүмкін. Түркілер өмірінен мысал алатын болсақ, дәстүр бойынша отбасында сәби дүниеге келгенде, әсіресе ұл бала, үй іші бұл қуанышты күйімен тезірек көрші, туыстармен бөлісуге асығады. Ал бұл қуанышты хабарды алған адам оған сый (сүйіншісін) береді.

Мына жағдайды қарастырайық:

Ay Səhnə xala, ay xala, səhərin gözü açılmamış nə edirsən muştuluğumu ver, oğlun Əbdülhüseyn bəyin, gəlnin Şirinbəyim xanımın oğlu oldu.

Ay seni xoş gəldin, ay səni xəbər olasan, ay səni ağ günə çıxasan, gəl səni öpüm, yaman məni sevindirdin, Allah səni sevindirsin, bu açılan səhardən istəmişəm, sənə bir yaxşı yərdən qapı açılsın, mən də gedim sənin ananı sevindiririm və muştuluqlayım, ay canım. – qızı öpdü, – Bir dəqiqə dəyan getmə, sənin muştuluğunu gətirim. Al bu kalağayını sal başına.

Сахна апа, ай, Сахна апа, сүйіншімді бер, сенің Әбдулхусейін ұлың мен келінің Шырынбейім ханым ұлды болды!

Қош келдің, әрдайым осылай тек қуанышты хабар әкелгейсің, бақытты болғайсың! Кел сені бір сүйейін, мені жаман қуанттың, Алла сені де қуантсын, әр таңымнан осыны сұраймын, алдыңнан тек ақ есік ашылсын, мен де барып, сенің анаңнан сүйінші сұрайын, бір қуантайын, ай жаным, – қыздың бетінен сүйіп, – Бір минут күте тұр, кетпе, сенің сүйіншіңді әкелейін. Мә, ал, бұл орамалды басыңа тағып ал.

Осы мысалдан тыңдаушының алған хабарына деген эмоционалды-бағалау әсері анық байқалады. Ішкі күйі тыныш қалыптан адам қуанышты жоғары көңіл күйге өтеді және бұл толқыныс, қуаныш, бақыт сезімі толықтай тілде көрініс тауып тұр. Берілген мысалдағы фразеологизмдер: səhərin gözü açılmamış /сөзбе-сөз: таң көзі ашылғанша// таң қылаң бергенде; xoş gəldin, ay səni xəbər olasan /қош келдің, жақсы хабар болғай // səni ağ günə çıxasan // ай-күнге шыққайсың // бақытты болғайсың; sənə bir yaxşı yərdən qapı açılsın // әрдайым жолың ақ (ашық) болсын; ay canım // ай жаным. Яғни айтушы өз күйіне сай, ішкі қуанышын жеткізу үшін қолданған фразеологиялық бірліктерде эмоцияның дәл,

ашық көрінісі, мінез ерекшелігі, болмыс (менталитет), көңіл күй де қамтылып тұр.

Фразеологизмдер де эмотивтер ретінде түрлі жағдаятқа сай қызметте жұмсалады. Яғни бір фразеологиялық бірлік екі түрлі ситуацияда қолданылуы мүмкін. Мәселен, әзербайжан тілінде «canı yanmaq» (сөзбе-сөз: жаны өртену, жану) ашу үстінде әрі жағдаятқа орай ең нәзік сезімді жеткізуге де қолданылып жатады.

–Canın yansın, səni görün öləsən, yenə zəhrimara qalmış araq içib! // Құрып кеткір, жаның жансын, тағы да мына қарғыс атқыр арақты ішіпсің ғой!

– Ay Canın yansın, ay qız, nə gözəlsən! // Жаным, қандай әдемі едің!

Тілдегі эмоциялар әмбебап және өзіндік сипатқа ие. Бұл көзқарастың көптеген еңбектерден дәлелденгенін көре аламыз (Russel, Wierzbicka 1999, Harkins). Бұл пікірге қатысты Л. Альба-Хуэс, Т.В. Ларина мақаласынан мынадай мысал келтіре аламыз: *The term* ***disgust*** *in English has no exact equivalent in Polish, and consepts such as Japanese* ***Amae*** *(the feeling get from surrendering to another in perfect safety) or German* ***Schadenfreud****e (the pleasure derived from another`s displeasure) have no equivalent terms in other language* (Russel 1992: 12). Ал А.Вежбицская ағылшын тіліндегі «sad» and «sadness» сөздерінің орыс тілінде де қайғы-мұңға қатысты ұзақтық пен қарқындылық айырмашылықтарын көрсететін нақты эквиваленті жоғын айтады (грусть, печаль, тоска). Ғалым Ларина ағылшын тіліндегі happy сөзінің орыс тіліндегі «счастливый» сөзіне қарағанда қолданысы мен мәні кең екендігін көрсетеді. Жалпы ғалымдардың көпшілігі көптеген тілдерде көңіл-күйді, ішкі сезімді білдіретін бірліктер сын есім емес, эмоцияны білдіруде етістіктердің белсенді қолданысқа еніп, эмотивке айналатынын дәлелдеген (Wierzbicka, 2001: 43). Сондай-ақ олардың берілу жолдарының да алуан түрлілігін ескерген жөн.

Эмотивтік қарым-қатынас әр тілде әртүрлі жүзеге асады. Зерттеушілер (Schwarz-Friesel, 2015**)** эмоцияны үш параметрмен сипаттаратын психикалық үдеріс не күй деп қарастырады (1-кестеде):

1-кесте – Эмоцияның үш параметрі

Баға беру (жағымды не жағымсыз)	Баламның амандығы мен үшін бақыт; Көйлегің қандай әдемі! Сүйген жарымның қасында өзімді бақытты сезінемін.
Ұзақтық (эмоциялық күйдің сақталу уақыты, мөлшері)	Оның ашуы шай орамал кепкенше; Бір қырсықсаң, күнді көзің көрмейді екен. Естіген хабарынан күні бойы көкте қалықтап жүргендей болды.
Қарқындылық әртүрлі маркерлермен берілетін эмоцияның әлсіз, орташа және қатты деңгейде берілуі:	ол ыңғайсызданды, қатты ыңғайсызданды, өте қатты ыңғайсызданды, жерге кіріп кете жаздады. Әсел қуанды; қатты қуанды; қуанышында шек болмады; қуанғаннан көкке ұшып кетердей болды; қуаныштан есі кете жаздады.

Осыдан ғалымның эмоцияны бәрінен бұрын бағалауыштық функциясы бар білімнің ішкі күрделі жүйесі деп анықтайтынын байқаймыз. Расында берілген мысалдардан ұққанымыздай, эмоцияны зерттеу психологиялық не лингвистикалық бағытта болсын, олардың әрдайым ортақ ұқсастығы бар – бағалауыштық мәннің болуы.

Бұл пікірімізді түрік мәдениетіндегі мысалдармен толықтырар болсақ, түрікшеде «rahmetli olmak» (марқұм болу), «ölmek» (өлу), «gebermek» (жаны шығу – жағымсыз мағынада) сөздерінің адам қарым-қатынасында маңызды рөлі, өз қыры, психологиялық факторы бар эмоциялармен қатысты күйді білдіретін әралуан мағынаға ие, соған сай қолданылады да. Бұл сөздердің эмотивті бірлік ретінде қолданылуы туралы D.Cüceoğlu өз мақаласында былай дейді: «... *Bizler için bazıları «rahmetli» olur bazıları* «ölür» *bazıları da «geberir». Türkiye Türkçesi içinde duygu ve düsüncelerimizi ifade etmede kullanagelmiş olduğumuz bu kelime, icra modeli içerisinde yer almış bir çalışma dalı olan Psikolinguistik ve Sosyolinguistik anlamda Türkçe bir kelimedir*» (Cüceoğlu: 52). Осылайша автор жоғарыда көрсетілген «қарқындылық» параметрінің тілдегі сөздердің ішкі сезіммен байланыстылығына назар аударады. Сонымен қатар тілдегі кірме

сөздер де эквивалент не синонимдер ретінде емес, эмотивті реңкі арқылы да тілден ерекше орын ала біледі. Мысалы, жоғарыда талданған «рахметлі» (қазақшасы: марқұм) сөзін кірме сөз болғандығы үшін қолданғымыз келмесе де, оның орнына «өлі» не «өлген» сөзін қолдана алмайтынымыз белгілі. Яғни осы мысалдардан-ақ белгілі бір тілдегі кірме, жаңа – қандай сөз болсын – бәрі де, тіпті бір мағынаны білдіретін сөздер де тілде, қолданыста өзіндік ерекше, әр лебізге сай қолданыс табатынын, сол әртүрлі лебізді білдіру үшін өмір сүретінін байқаймыз.

Түрік тілі мен қазақ тіліндегі тіркестерді салыстырып қарастырсақ, лебізге сай қолданыстарымызға сай келетіндей, мәселен, *ateş almak* (толқу, өкпелеу, асығу) – жалын алу, от алу, өңі қызару, оттай жану, т.б.; gök gibi gürleyip şimşek gibi çakmak (өкпе) – көк аспандай күркіреп, найзағайдай соғу; ç*atık yüz* (çehre, surat) (өкпе) – өңі қашу, жүзі қуару, т.б.; göklere çıkmak (бақыт) – көкте шарықтау, аспанда қалықтау, т.б.; *a*ğzı kulaklarında olmak (қуаныш) – езуі құлағына жету; gülmekten yerlere serilmek (yatmak) – қуаныш, шаттық сезімін беретін сөздер. Осы жерден қазақ және түрік тілдерінде, жалпы түркі тілдерінде эмотивтердің реңі ұқсас, бір негізден тараған деген ойға келеміз. Дегенмен, айталық, түрік тіліндегі эмотивтер саны қазақ тілінен әлдеқайда басым болуы мүмкін. Сол арқылы әр тіл өкілінің өскен ортасы, ұлттық ерекшеліктері, тіпті географиялық аймағының жеке тұлғаның тіліне, сөз түзу ерекшелігіне тигізер әсеріне қарай бір тілдің бір тілден эмотивті реңі басым екенін айтуға болады. Оны санау мүмкін болмағанымен, ұлттық-мәдени сипатына сүйеніп, болжай аламыз.

Тілдің эмотивті семантикасы, прагматикасы – психолингвистиканың, психосемантиканың алаңына кіретін мәселе әрі бұлдыр семантикалық жиынтық. Неге бұлдыр? Оған В.Шаховский жауап береді: «...Да потому, что почти все слова языка могут стать в определенных условиях общения эмотивными, т.е. выражающими эмоции». Яғни тілдегі лексикалық бірліктердің сөйлеу кезіндегі эмотивті семантикасын шектеу мүмкін емес. Бір сөздің өзі жағымды-жағымсыз мағынадан бөлек, түрлі эмоциялық күйді білдіруге қызмет етуі мүмкін.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасай аламыз. Лингвомәдени кеңістікте ешбір тілдің сөздік эмотивтердің нақты санын анықтау мүмкін емес, әсіресе функционалдық эмотивтердің. Әр сөздің реңі алуан: жағдаятқа қарай, адресаттардың бір эмотивті түрлі әсермен қабылдау жағдайына қарай, продуценттің өз эмоциясын бейнелеу үшін таңдалған сөзіне қарай. Осы сынды мәселелер, эмоционалды түсінік пен эмоционалды айтылысты түсіну мәселесі терең зерттеуді талап ететінін байқаймыз. Себебі тілдік коммуникацияда эмоцияға толы сөз тыңдаушыға әсер етпеуі, не керісінше, эмоциясыз айтылған сөздің өз қабылдаушысын толқытып, тебірентіп жіберуі де мүмкін. Яғни тілдегі бейнеленген эмоциялар мен іштегі күй әрқашан сәйкес келе бермейді. Олардың ассиметриясы мынадай: адам ішінде эмоциялық күй кешкенімен, сыртқа шығармауға болады; эмоциялық сезімсіз эмоцияны білдіруге болады; *і*штегі күй басқа, шығарылған эмоция басқа болуы мүмкін. Әрине, ол ассиметрия, әртүрлілікті біз ми-дене-қоршаған әлем динамикалық жүйесінен өрбіп, сезім-ой-әрекет құрылымы арқылы анықтай аламыз. Бұл ерекшеліктерді де жеке-жеке талдап, таразылау тағы бір зерттеу жұмысының нысаны болмақ.

Қорытынды

Тіл – өте күрделі прагматикалық әрі динамикалық жүйе десек, сол тілдегі эмоциялар да, эмоциялық ішкі жүйе де күрделі және динамикалы. Тіл білімінде лексикалық бірліктерді эмотивті қырынан (функционалдық, прагматикалық, психолингвистикалық, лингвомәдениеттанулық) зерделеуді эмотивті бағыт деп атай аламыз. Тіл адам эмоциясын түсіну және түсіндіру кілті: адам оны атайды, білдіреді, сипаттайды, пікір қосады, құрылымдайды, категориялайды, жіктейді. Тіл белгілі лингвомәдени әлемінің эмоционалды бейнесін ұйымдастырады.

Мақаламызда берілген дәйектердің барлығы тіл білімінде тілдің эмотивтілігін зерттеп, лингвомәдени кеңістіктегі эмотивті кодты ашудың қажеттілігін көрсетеді. Ғалымдардың болжауынша, қазіргі ғылымда «тіл және эмоция» мәселесін тәпсірлеу бірнеше бағыт шеңберінде жүзеге асады: құрылымдық-семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, когнитивті, психолингвистикалық, лингвомәдениеттану. Мұндай көппарадигмалылық бұл саланың нысанды бірден әртүрлі бағыт бойынша қарастырып, нысанға кешенді түрде мән беруге мүмкіндік береді. Ал тілдегі эмотивтілік – таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бұрған сүбелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да күрделі тақырып.

Қорыта айтқанда, тіл халықтың әлеуметтік өмірін ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге оның мәдени дамуы мен кезеңдері де тілде

көрініс табады. Бұл дегеніміз – халықтың мәдени деңгейі оның тілінің даму деңгейімен өлшенеді деген сөз (Культурные коды в сознании и языке, 2015: 16). Фразеологизмдердің басты қайнар көзі халықтың салт-санасы, дәстүрі десек, оның ішінде діни ұстанымдар да ерекше сипат табады. Барша түркі халықтарының діни сенімдері, діни өмірі ислам дінімен байланысып жатқандықтан, діни мағынадағы фразеологизмдер (жолында жаным құрбан, фатихасын оқу, т.б.) де эмотивті қызметте жұмсалатыны сөзсіз. Сондай-ақ халық арасында кең таралған мақал-мәтелдер де осы фразеологиялық бірліктердің қайнар бұлағы екені анық. Мақал-мәтелдерде халықтың – тіл өкілінің өмірлік философиясының барлық категориялары мен ұстанымдары анық бейнеленген деп айта аламыз. Демек фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, жалпы тілдің эмотивті қырын жан-жанты талдап, зерттеу бұдан да көлемді еңбекті қажет ететіндігі сөзсіз. Осы сынды зерттеулер арқылы түркі тілдеріндегі ортақтықтар мен айырмашылықтар ортаға шығып, әр тілдің ерекшелігін, эмотивті мәнін ашуға жол ашылады деп сенеміз.

Әдебиеттер

Cüceoğlu D. (n.d.), «Dil psikolojisi yönünden kelime türetme», [Derivation of words from the point of view of language psychology], Hacettepe Üniversitesi, Tecrübi Psikoloji Çalışmaları, F.4

Foolen, Adrianus P. (2015) «Word valence and its effects/ in Emotion in Language», U.Ludke, Amsterdam: John Benjamins, 241-250.

Schwarz-Friesel, Monika (2015) «Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In emotion an Language», U. Lüdke (ed.), Amsterdam: John Benjamins, 157-173.

Türk Dil Kurumu (2020) «VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı 24-28 Eylül 2012», [VII. International Turkish Language Congress 24-28 September 2012], Ankara: Türk Dil Kurumu.

Альба-Хуэс Л., Ларина Т.В. «Язык и эмоции: дискурсивно прагматический подход» // Вестник РУДН. Серия: лингвистика. 2018, Т.22. № 1. С. 9-37

Вежбицская А (2001) «Сопоставление культур через посредство лексики и прагматики языки славянской культуры», [Comparison of cultures throuth vocabulary and pragmatics], Moscow: Languages of Slavic Culture Publ. (in Russ.)].

Иманалиева Г.Қ. (2011) Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар, [Emotional expressions in the Kazakh language]. – Алматы: Қазақ университеті, 255 б.

Исмаилова Л.Г. (2017) Национально-культурная специфика реализации эмотивной регуляции в коммуникативном дискурсе (на материале азербайджанских фразеологизмов): Дисс.на соиск.уч.ст.канд.филол.наук. – М., 228 с.

Кеңесбаев І. (2007) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, – 356 б.

Ковшова М.Л. (2012) Лингвокультурологический метод во фразеологии. Коды культуры. – М.,– 456 с.

Смағұлова Г. (2020) «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда»: монография. – Алматы, – 256 б.

Сферанский Е.Е. (2015) Культурные коды в сознании и языке: международный сборник научных трудов по лингвокультурологии. – Самара: Самар.гуманит.акад., – 232 с.

Телия В.Н. (1996) Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», – 288 с.

Шаховский В.И. (2008) Лингвистика эмоций: основные проблемы, результаты и перспективы // Мир лингвистики и коммуникации: электронный научный журнал. – Т.1. – № 10. – С. 8-12.

Шаховский В.И. (2010) Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – М., – 128 с.

References

Cüceoğlu D. (n.d.), «Dil psikolojisi yönünden kelime türetme», [Derivation of words from the point of view of language psychology], Hacettepe Üniversitesi, Tecrübi Psikoloji Çalışmaları, F.4

Foolen, Adrianus P. (2015), «Word valence and its effects/ in Emotion in Language», U.Ludke, Amsterdam: John Benjamins, 241-250.

Imanalieva G.K (2011), «Kazakh tilindegi e'mocionaldy kyrylymdar», [Emotional expressions in the Kazakh language], Almaty: Kazakh universiteti, 255 b

Ismailova L.G (2017), «Nacional'no-kul'turnaya specifika realizacii e'motivnoj regulyacii v kommunikativnom diskurse (na materiale azerbajdzhanskix frazeologizmov)», [National and cultural specifics of the implementation of emotive regulations in communicative discourse (based on the material of Azerbaijani phraseological units)], Diss.na soisk.uch.st.kand.filol.nauk, 228 b.

Kenesbaev I (2007), «Kazakh tilinin frazeologiyaluk sozdigi», [Phraseological dictionary of kazakhlanguage], Almaty: KazAkparat, 356 b.

Kovshova M.L (2012), «Lingvokul'turologicheskij metod vo frazeologii: Kody kul'tury», [Lingvoculturology: Code of culture], 456 b.

Laura Alba-Juez, Larina Tatiana (2018), «Язык и эмоции: дискурсивно прагматичский подход», [Language and emotion: discourse-pragmatic perspectives], T.22. № 1. S. 9-37

Schwarz-Friesel, Monika (2015), «Language and emotion. The cognitive linguistic perspective. In emotion an Language», U. Lüdke (ed.), Amsterdam: John Benjamins, 157-173.

Shaxovskij V. I (2008), «Lingvistika e'mocij: osnovnye problemy, rezul'taty i perspektivy», [Linguistics of emotions: main problems, results and prospects], Mir lingvistiki i kommunikacii: e'lektronnyj nauchnyj zhurnal, T. 1. № 10. S. 8-12.

Shaxovskij V.I (2010), «E'mocii: Dolingvistika, lingvistika, lingvokul'turologiya», [Emotions: Pre-linguistics, Linguistics, linguoculturology], 128 b.

Smagulova G (2020), «Kazakh frazeologiyasy lnngvistikalyқ paradigmalarda monografiyasy», [Kazakh phraseology monograph on linguistic paradigms], Almaty, 256 b.

Stefanskij E.E (20150), «Kul'turnye kody v soznanii i yazyke: mezhdunarodnyj sbornik nauchnyx trudov po lingvokul'turologii / pod red», [Cultural codes in the Minds of language: an international collection of scientific papers on linguoculturology / pod red], Samara: Samar.gumanit.akad, 232 b.

Teliya V.N (1996), «Russkaya frazeologiya. Semanticheskij pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty», [Russian phraseology. Semantic pragmatic and linguocultural aspects], M: Shkola «Yazyki russkoj kul'tury».

Türk Dil Kurumu (2020). «VII. Uluslararası Türk Dili Kurultayı 24-28 Eylül 2012», [VII. International Turkish Language Congress 24-28 September 2012], Ankara: Türk Dil Kurumu.

Wierzbicka, Anna (2001), «Sopostavlenie kul'tur cherez posredstvo leksiki i pragmatiki. Yazyki slavyanskoj kul'tury», [Comparison of cultures throuth vocabulary and pragmatics], Moscow: Languages of Slavic Culture Publ. (in Russ.)]

ҒТАМР 16.21.49 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.04

А. Раева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: asem_raeva@mail.ru

ЗООФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ НЕГІЗІНДЕГІ ОРТАҚТЫҚТАР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ БОЙЫНША)

Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі зооним компонентті фразеологизмдерге арналған. Түркі халықтарының дүние бейнесін қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшелігі зоофразеологизмдерден көрінеді. Қазақ және түрік тіл білімінде зоонимдік фразеологизмдер мағыналық-құрылымдық, этнолингвистикалық, когнитивтік тұрғыдан ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылса да, бүгінгі күні зоофразеологизмдерді тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан туыс тілдер арасында салыстыра зерттеуді маңызды деп есептейміз. Түркі зоофразеологизмдерінің семантикасы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен наным-сенімдеріне қатысты лингвомәдени ақпаратты көрсетеді. Мақалада түркі тілдеріндегі жануарлар атауы қолданылатын фразеологиялық бірліктердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер анықталады. Зерттеудің мақсаты – зоофразеологизмдердің семантикалық құрылымын лингвомәдени тұрғыдан талдау. Алдымен екі тілдегі фразеологиялық сөздіктер бойынша атқа байланысты тұрақты сөз тіркестері жинақталып, мағынасы көрсетіледі, зоофразеологизмдердің мотивациялық негізінің түркі халықтарына ортақ және ұлттық сипаты талданады. Зерттеу барысында талдауға алынған зоофразеологизмдердің астарында белгілі бір ұлтқа ғана тән этномәдени код анықталады. Түркі зоофразеологизмдерінің мән-мағынасы мен мотивациялық негізін зерделеу түркі тілдерінің лексикалық қорында маңызды дерек болып табылады.

Түйін сөздер: зооним, зоофразеологизм, зоонимдік код, этномәдени код.

A. Rayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
e-mail: asem_raeva@mail.ru

Similarities and differences in the motivational basis of zoophraseological units (in Kazakh and Turkish languages)

The article is dedicated to the phraseological units with zoonimic components in Kazakh and Turkish languages. The national-cultural specificity of the perception of the world by the Turkic peoples is manifested in zoo-phraseological units. Despite the fact that zoonymic phraseological units in Kazakh and Turkish linguistics are comprehensively considered in the works of scientists from the semantic-structural, ethnolinguistic, cognitive points of view, today we consider it important to compare zoophraseological units between related languages in the context of the continuity of language and culture. Linguocultural semantics of Turkic zoophraseological units highlights the relationship between the language and the culture, linguocultural information about everyday life, customs and beliefs of Turkic people. The article identifies similarities and differences in the motivational basis of the phraseological units where animal names are used in the Turkic languages. The objective of the study is to analyse the semantic structure of zoophraseological units from a linguocultural point of view. First of all, the standard phraseological collocations associated with horses are summarized and explained with the help of phraseological dictionaries of the two languages, then the similarities and differences of Turkic people in the motivational basis of zoophraseological units are analyzed. The ethnic and cultural code typical for a particular nation is found under the zoophraseological units analysed in the course of the study. The study of the semantic and motivational basis of zoo-phraseological units in the Turkic languages is important in the vocabulary of the Turkic languages.

Key words: zoonym, zoophraseological unit, zoonimic code, ethnocultural code.

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

А. Раева
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
e-mail: asem_raeva@mail.ru

Сходства и различия в мотивационной основе зоофразеологизмов (по казахскому и турецкому языкам)

Статья посвящена фразеологизмам с зоонимическими компонентами в казахском и турецком языках. Национально-культурная специфика восприятия мира тюркскими народами проявляется в зоофразеологизмах. Несмотря на то, что зоонимические фразеологизмы в казахском и турецком языкознании всесторонне рассматриваются в работах ученых со смысло-структурной, этнолингвистической, когнитивной точек зрения, сегодня мы считаем важным сопоставить зоофразеологизмы между родственными языками в контексте преемственности языка и культуры. Лингвокультурная семантика тюркских зоофразеологизмов отражает взаимосвязь языка и культуры, лингвокультурную информацию о быте, обычаях и верованиях тюркских народов. В статье выявляются сходства и различия в мотивационной основе фразеологических единиц, где используются названия животных в тюркских языках. Цель исследования – проанализировать семантическую структуру зоофразеологизмов с лингвокультурологической точки зрения. В первую очередь, согласно фразеологическим словарям двух языков обобщаются и расшифровываются фразеологические устойчивые словосочетания, связанные с лошадьми, затем анализируются сходства и различия тюркских народов в мотивационной основе зоофразеологизмов. Под зоофразеологизмами, анализируемыми в ходе исследования, выделяется этнокультурный код, характерный для определенной нации. Изучение смысловой и мотивационной основы зоофразеологизмов тюркских языков имеет важное значение в лексическом фонде тюркских языков.

Ключевые слова: зооним, зоофразеологизм, зонимный код, этнокультурный код.

Кіріспе

Тілдік белгі ретінде зоонимдердегі мәдени аялық ақпарат сол тілді қолданатын халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салтын танытады, соған сәйкес, зоонимдерде нақтылы кейіпте анықталған тілдік қоғамдастықта мәдени мағыналар кодталады. Тіліміздегі жан-жануарлар атауы ұлттық-мәдени ерекшелік пен тілдік дүние бейнесінің тұжырымдалуында негізгі құрал болып табылады. Осы тұрғыдан қарастырсақ, әрбір халықтың тілдік әлем көріністерінде бейнеленген дүние бейнесін қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшелігі жануарлар атауының тірек болуымен жасалған фразеологизмдерден де көрінетіндігі анықталды. Жалпы тіл білімінде фразеологизмдер антропоцентристік парадигма аясында жан-жақты зерттелуде. Алайда түркі тілдерінің фразеологиялық сөздік қоры бойынша тұрақты сөз тіркестері зооним-компоненттерімен бірге лингвомәденитанымдық аспектіде арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Фразеологиялық бірліктерді қазақ, түрік тілдерінің құрылымдық бірлігінің лексикалық жүйесі ретінде зооним-компоненттерімен бірге қарастыру түркі дүние бейнесінің зоонимдік код мәнін түсінуге септігін тигізеді.

Түркі тілдерінің жүйесінде лексиканың көне қабаты – зоонимдердің тұрақты сөз тіркестеріне тірек болу мүмкіндігі, зоофразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктердің салыстырмалы тұрғыдан қарастырылуы жұмыстың өзектілігін танытады.

Түркі зоофразеологизмдерін антропоөзектік парадигма аясында тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан зерделеу, әлемдік өркениетте тамыры терең түркі мәдениеті, түркі халықтарына ортақ құндылықтар жүйесі, түркілік дүниетаным, жалпытүркілік болмыс ұғымдарын мәдени-тілдік дерек арқылы талдау жұмыстың жалпы сипатын айқындайды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері

Зоонимдер этнографиялық және тарихи мәліметтерді зерделеуде, ұлттық дәстүр мен оның тарихи дамуын анықтауда, ұлт таным-түсінігін айқындауда қызмет атқарады. Осыған сәйкес зоонимдердің түркі тілдеріндегі мәдени аялық білімінің мәнін ашу қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдениеттану бағытымен сабақтасады. Түркі тілдері бойынша жануарлар атауын меңгеру және зооним-компоненттерімен бірге жасалған фразеологиялық бірліктерді зерделеу түркі халықтарының маңызды және құнды бағытының тілдегі көрінісін мәдени тұрғыдан талдауға негіз болады. Айта кету керек, әр

түрлі тілдердегі жануарлардың атауы әр түрлі сапа мен сипаттамаға ие болады да, түрлі ассоциациялар тудырады. Бұл факті белгілі бір халықтың бейнелі ойлау жүйесінің даралығын айғақтайды, сонымен қатар өзіндік күрделі ассоциативті-психологиялық процесті көрсетеді, әр түрлі ұлттардың тілдік дүние бейнесіндегі өзіндік айырмашылықтары туралы түсінікті қалыптастырады. Демек, зоонимдер бір жағынан, мәдениет элементі ретінде, ал екінші жағынан – тілдің элементі ретінде қарастырылады. Ең бастысы олар лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің негізгі объектісі бола алады.

Мақалада зерттеу нысанына алынған тұрақты сөз тіркестері түркі тілдері (қазақ, түрік) бойынша салыстырылып, талданады. Қазақ және түрік тіл білімінде зоонимдік фразеологизмдер мағыналық-құрылымдық, этнолингвистикалық тұрғыдан ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылса да, зоофразеологизмдердің тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан түркі тілдері бойынша салыстыра зерттеудің маңыздылығы туындайды. Аталған тілдік бірліктердің «адам-тіл-мәдениет» сабақтастығы тұрғысынан түркі дүние бейнесін танытатын, бейнелеп атайтын бірлік ретінде семантикалық және лингвомәдени аспектіде зерттеу жұмыстың мақсаты болып табылады.

Материалдар мен зерттеу методологиясы

Түркі зоонимдерін лингвомәдени аспектіде зерттеудің басты мақсаты – мәдени-тілдік ерекшеліктерді айқындау. Осы мақсатта негізінен келесі әдіс-тәсілдер қолданылады: салыстырмалы әдіс, екіншісі интроспективтік тәсіл. Салыстырмалы әдіс арқылы қазақ және түрік тілдерінің деректері салыстырылып, ортақ және жеке тұжырымдар жасалады, ал интроспективтік талдау бір тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктері тек сол тілдің деректері арқылы анықталатын болғандықтан, түркі тілдерін жеке қарастыруда аталған тәсіл де қолданылады.

Түркі тілдері бойынша түрлі кезеңде салыстырмалы-тарихи аспектіде жануарлар атауының этимологиясы, жекелеген тілдер бойынша зоонимдерді семантикалық, құрылымдық тұрғыдан талдау және зоонимдердің бейнелі сөз тіркесін жасаудағы қызметі тұрғысынан зерттеу нысанына алынды. Себебі зоонимдерді зерттеу белгілі бір кезеңде тіл тарихының дамуы үшін, сонымен қатар тілдің жекелеген топтары мен лексикалық модельдерінің дамуы үшін маңызды деп қарастырылған. Ал бүгінгі таңда зоонимдер лингвистиканың жаңа парадигмаларына сәйкес жан-жақты қарастырыла бастады, яғни зоонимдер тарихи, мәдени және этнографиялық ақпараттарға бай болғандықтан, оларды лингвомәдени, лингвогеографиялық және социолингвистикалық аспектіде зерттеу маңыздылығы туындап отыр. Демек, бүгінгі күні зоонимдерді зерделеу аталған бағыттағы зерттеу жұмыстарының ғылыми маңыздылығымен толығуда.

Жалпы зоонимдерді лингвистикалық зерттеу XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында бастау алған. Жануарлардың атауын зерттеудегі ерекше қызығушылық славян, түркі тілдері және фин-угорлық зоонимдер бойынша барлық жұмыстар тізімі жарияланған кезде пайда болды.

Зоонимдердің құрылымдық жағынан зерттеу жұмыстарын К.Н. Бурахов, Н.К. Дмитриев, З.Г. Ураксин, Г.А. Архипов, В.И. Иванов, В.В. Кочнев, О.М. Жаринова, Л.В. Баирова, Р. Рис, Э. Дикенманн, П.П. Чучка, Е.С. Отин, П.Т. Поротников және т.б. ғалымдар зерттеді.

Зоонимдердің құрылымдық ерекшеліктерін зерттеудегі алғашқы еңбектердің бірі ғалым Н.К. Дмитриевтің «О тюркских элементах русского словаря» деген еңбегі және *«Собачьи клички у башкир» атты мақаласы болып табылады. Ғалым аталған мақаласында* КСРО ҒА 1928 жылғы лингвистика-фольклорлық экспедициясының материалдарына сүйене отырып, талдау жасайды. Ғалым зоонимдік атаулардың басым көпшілігі түркі түбірлерінің негізінде жасалады деген қорытынды жасайды.

Түркітануда зоонимдердің этимологиялық, тілдік талдауға қатысты ғылыми тұжырымдар А.М. Щербактың «Историческое развитие лексики тюркских языков» (М., 1961) атты зерттеу жұмысында қарастырылады. Аталған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты «жануарлар» деп аталатын тақырыптық топтың тарихи-этимологиялық, лингвогеографиялық және сөзжасамдық-семантикалық талдауын жасау болды. Ғалым үй және жабайы жануарлардың атауының түркі тілдеріндегі ерекшеліктерін және сол атаулардың басқа да этимологиялық сөздіктердегі сипатына салыстырмалы талдау жасайды (Щербак,1961).

Басқа да түркі тілдеріндегі аналогиялық зерттеулер бойынша зоонимдік лексика Т. Дүйшенәлиеваның «Киргизское народные термины животноводства» (1969), Э.Ф. Ишбердиннің «Некоторые названия животных и птиц в башкирском и монгольском языках» (1975), Т. Ходжамбердиевтің «Животноводческая лексика

узбекского языка» (1975), З.Р. Садыкованың «Зоонимическая лексика татарского языка» (1994), Т. Бегжановтың «Заметки об этимологии некоторых скотоводческих терминов каракалпакском языке» (1980) атты зерттеулерінде арнайы қарастырылды. Мәселен, ғалым З.С. Садыкованың «Зоонимическая лексика татарского языка» атты монографиялық зерттеуінде зоонимдік лексика мен омарташылық атаулар синхрондық және диахрондық тұрғыда жан-жақты талданған. Автор еңбекте көне татар ескерткіштері мен говорларындағы көптеген материалдарды жинақтап, оларды басқа түркі тілдерімен салыстырады (Садыкова, 1994). Аталған бағыттағы зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімінде де сексенінші жылдардан бастап жарық көре бастады. Атап айтқанда, 1983 жылы Ә. Жақыповтың «Термины верблюдоводства казахского языка» атты зерттеуінде қазақ тілінде түйе шаруашылығына байланысты атаулардың лексика-семантикалық классификациясы, сонымен қатар атаулардың этимологиясы мен варианттылығы да қарастырылған. Зерттеу жұмысында зоонимдердің араб, иран, моңғол тілдерімен байланысы да сөз болады, жалпы аталған еңбекте түйе шаруашылығына қатысты 800 сөз және сөз тіркесіне талдау жасалған (Жақыпов, 1983). Қазақ тіл білімінде зоонимдік лексиканы одан әрі зерттеу мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап С.К. Сәтенова, Б. Тлепин, Б.С. Тоқтағұл, Ж.Д. Байтелиева сынды тілші ғалымдардың зерттеулерімен толықты.

Түрік тіл білімінде зоонимдік лексиканы зерттеу Саадет Чағатай есімімен тығыз байланысты, оның «Түрік халық әдебиетіндегі «бұғы» зоонимінің көрінісі» (1956) атты еңбегі ғылыми мазмұны жоғары алғашқы еңбектердің бірі болуымен құнды, бұдан әрі зоонимдік лексиканы зерттеу түрік ғалымдарының еңбектерінде жалғасын тауып отырды, атап айтқанда, Ахмет Жафероглу «Тіл білімінде адам және жануар» (1968), Такуиеттин Менгушоғлу «Адам және жануар» (1979), Саваш Экижи «Түрік мәдениетіндегі тырналар» (1981), Мужган Джунбур «Біздің фольклордағы бұғы» (1982), Хайри Башбуг «Аширет мәдениеті мен тарихындағы жылқы (1986), Ахмет Буран «Юнус Эмредегі жануарлардың атауы және олардың қызметі» (1992), Айдил Эрол «Біздің атауларымыз» (1992), Левент Сами Акалин «Түрік фольклорындағы құстар» (1993), Али Рыза Гөнүллү «Түрік халық наным-сенімдеріндегі қасқыр бейнесі» (1993), Харун Чакан «Аристотельдің «Зоологиялық жұмыстары» және Кемаледдин Демирдің «Жануарлар» шығармаларының мазмұны мен жүйелілігін салыстырмалы талдау» (2011), Шереф Бойраз «Каражаоғландағы жануарлар мен өсімдік атауларының қызметі» (1996), Күршат Эфе «Тарихи түрік диалектілеріндегі жануарлардың атаулары» (2004), Селви Инан «Түрік халық әдебиетіндегі тырна мотиві бар әндер» (2008), Эртан Бесли «Ежелгі түркі тілдеріндегі зоонимдердің этимологиясы» (2010), Эбру Алагез «Ескі қыпшақ тілдеріндегі жануарлардың атаулары және оларды мағынасы бойынша қабылдау» (2011). Жалпы түркі лексикасында мал атауларына байланысты лексиканың түркі тілдерінің сөздік қорында үлкен маңызға ие екендігін көреміз. Түрік ғалымдарының жоғарыда атап өткен зерттеулерінде зоонимдік лексиканың түрік тіл білімінде жан-жақты зерттелгендігін көрсетеді. Бұл еңбектер түрік тіл білімі үшін ғана емес, жалпы түркітануда да өзекті, ғылыми маңызы жоғары зерттеулер болып табылады.

Зоонимдік лексика фразеологиялық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, сондай-ақ жануарларға қатысты метафоралық қолданысты салыстыра-салғастыра зерттеуде С.К. Сансызбаева, Р.Қ. Смағұлова, Г. Сағидолдақызы, С.К. Сәтенова, Қ. Қалыбаева т.б. ғалымдардың еңбегін ерекше атап өткеніміз жөн. Бүгінгі күні түркі тілдерінің фразеологизмдерін туыс емес тілдермен салғастыра зерттеу мәселесі едәуір нәтижелерге қол жеткізді. Алайда, туыстас тілдердің лексикасын, соның ішінде фразеологиялық қорын өз ішінен салыстыра зерттеулерге қатысты еңбектер ішінара бой көрсеткенімен, түркі тілдерінің ірі топтарындағы жақын туыстас тілдердің материалын өз ішінен салыстыра зерттеу мәселесі ғалым Қ. Қалыбаеваның еңбегінде көрінді. Автор түркі тілдерінің қыпшақ тобына енетін қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай, балқар, құмық тілдерінің фразеологиялық қорына талдау жасай отырып, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерделеді. Аталған зерттеудің бір тарауы қыпшақ тілдеріндегі зоонимдік фразеологизмдерге арналып, жануарлар атауының тұрақты сөз тіркестерін жасаудағы қызметі талданған (Қалыбаева, 2010). Ал түрік тілі бойынша жануарлар атауының тұрақты сөз тіркестерінде көрінуі бойынша Левент Доғанның «Түрік мәдениетіндегі жануарлар және жануарлар атаулары» (L. Dogan, 2001) деген еңбегін ерекше атап өтуге болады. Түрік тіл білімінде аталған бағыттағы зерттеу жұмыстары біршама, өйткені ғалымдар қазіргі когнитивті лингвистика үшін өзекті болып табылатын «*әлемнің*

фразеологиялық бейнесі» идеясын дамытуда. Алайда, түркі тілдері бойынша зоонимдік немесе зооморфтық лексика, оны тіл мен мәдениет бірлігі тұрғысынан жан-жақты талдау, салыстыру арнайы зерттеу нысанына алынбай жатыр.

Зоонимдерді зерттеу жалпы тіл тарихының дамуы үшін, сонымен қатар тілдің жекелеген топтары мен лексикалық моделдерінің дамуы үшін аса қажет екендігі анық. Жануарлардың атауларын зерттеуге әр түрлі елдердегі тіл мамандарының көптеген жұмыстары арналған. Жоғарыда атап өткен еңбектердің біразы түрлі аймақтардағы жануарлар аттарының семантикалық және құрылымдық, этимологиялық талдауы мен меңгерілуі жағынан байланысты. Зоонимика мәселелерінің теориялық жағымен айналысатын барлық ғалымдардың пікірі ұқсас, жануарлардың аттары ономастиканың, лексикологияның жалпы теориясы үшін, сондай-ақ тілдік қарым-қатынас, сөзжасамдық, уәждемелік мәселелерін зерттеуде, сонымен қатар белгілі бір халықтың номинативтік ерекшелігін және олардың мәдени-тарихи салты мен үрдісін түсіну үшін аса құнды материал екендігі жөніндегі пікірлері бір-біріне сай келеді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Белгілі бір ұлт мәдениетінің тілде көрінуінде фразеологизмдердің орны ерекше. Аталған тілдік бірліктер мәдени деректі жеткізуші *«мәдениет элементі»* қызметін атқарады. Өркениеттердің қалыптасуы мен тіршілігінің негізі болып саналатын флора мен фауна әлемі құндылықтардың барлық түрлерінде сөз материалы болып табылды. Әсіресе, жануарлар әлемі ғасырлар бойы адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде маңызды қызмет атқарды, яғни жануарды танудағы халықтың таным-түсінігі тілімізде көптеген сөздер мен сөз тіркестерін қалыптастырды. Тілдік қолданысқа енген сөздердің басым көпшілігін зоотопонимдер, зоо-фразеологизмдер, зоопаремиялар, зооантропонимдер деп топтастыруға болады.

Академик Ә. Қайдар мал шаруашылығына қатысты фразеологизмдер туралы сөз болғанда, жануарлар әлемі жөніндегі түсініктерді адамзат қоғамына ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығатындығын айтады. Ғалым: «фразеологизмдердің көпшілігі адамға сәйкес ерекшеліктері бар жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан, жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әр түрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлықтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақтықты және ұқсастықты таба алады», – дейді (Қайдар, 1998: 215).

Ғалым Б. Тілеубердиев белгілі бір аң, жануар, құс туралы ұғымдар халық танымында қалыптасып, ұлттық таным мәдениет стереотиптеріне айналады, этностың, жеке тілдік тұлғаның аялық біліміне енетіндігін айтады (Тілеубердиев, 2007: 162). Фразеологизмдердің қалыптасуында адам санасындағы қандай да бір ұғым тудыратын зообейне себепкер болады. Белгілі бір фразеологизмнің қалыптасуында сөз – дескриптор қолданылады. Мәселен, сөз дескриптор үй жануары атауының бірі болса, сол жануардың тұрмыс-тіршіліктегі орны, адам өміріндегі маңызы, оның сыртқы бейнесі, мінез-құлқы, іс-әрекеті т.б. жайлы мәліметтер жинақталып, этнос мәдениетіне сай тұрақты тіркес туындайды. Тұрақты тіркес құрамында жануар туралы жинақталған мәлімет астарлы мазмұнға ие болады. Профессор А. Дыбо: «В зооним закодированы ключевые культурные, психологические, социальные и ментальные черты, которые характеризуют конкретное языковое сообщество и его культуру», – дейді (Дыбо, 2009). Демек, фразеологизмдердің құрамында зоонимдердің этномәдени сипаты, білім аясына енетін когнитивтік ақпараттары сақталған. Осындай этномәдени ақпараттар, түсініктер қазақ, түрік зоофразеологизмдерінің бойынан көрініс тапқан.

Түркілік болмыс мен танымды көрсететін тіл қабаттарының бірі – төрт түлікке байланысты, оның ішінде жылқы малына қатысты фразеологизмдер деп айтуымызға болады. Себебі түркі халықтарының өмірінде, мәдениетінде жылқының орны ерекше. Аттың адам өмірінде алатын орнын Махмұд Қашқари: «Ат – түріктің қанаты», – деп бейнеледі. «Бір күн өмір болса, ат болса, екі күн өмір болса, қатын болса», – деп түркілер Тәңірден тілейді екен, яғни түркілер үшін адамға ең қымбат жарық дүниені, тіршілікті атсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан жігіттің өмірінде сүйікті жары, әйелі қаншалықты қымбат болса, аттың да ер азамат өміріндегі орны ерекше деп бағаланған. Бұл

пікірімізді түрік тіліндегі *«At ile avrat emanet verilmez»* (*сөзбе-сөз: ат пен әйел аманатқа берілмес*); *At ile avrat insanın bahtına (сөзбе-сөз: ат пен әйел азаматтың бағына)* деген нақыл сөз бен қазақ халқының *«Жақсы ат – ер жігіттің пырағы, жақсы әйел – ержігіттің шырағы»* деген даналық сөзі толықтыра түскендей.

Жалпы түркі фразеологизмдерінде жылқы сөзіне қарағанда ат сөзінің фразеологизм құрамында қолдану жиілігі жоғары. Қазақ тіліндегі төрт түлік мал атауларын зерттеген ғалым С. Тоқтағұл тілімізде *жылқы (ат)* атауларынан жасалған фразеологизмдердің көп екендігін айта отырып, «Жылқы малы ұғымынан туындаған тұрақты тіркестер қолданыс жиілігі жағынан басқа төрт түлікке қарағанда бірінші орынға ие. Төрт түлік мал атаулары ұйытқы болған екі мыңнан аса тұрақты тіркестер болса, соның ішінде бір мыңға жуығы тек жылқы атауы ұйытқы болған тұрақты тіркестер» екендігін айтады (Токтагул, 2005: 68). Демек, бұндай пікір барлық түркі тілдеріне тән деп айтуымызға болады, себебі ат сөзімен қалыптасқан фразеологизмдер барлық түркі халықтарында кеңінен қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде *ат сауырсын берді, ат сауырына мінгізу (салу), атқа жеңіл құдаша, ат көбең тартып қалды, ат жаңбырлығын жапты, ат байлады, ат қақты, ат қара тіл болғанда, ат құрғатпай қатысты т.с.с.* түрік тілінде: *arkasından atlı kovalamak, at çalındıktan sonra ahırın kapısını kapamak, at gibi, at koşturacak kadar, at izi it izine karışmak, at nalı kadar, at oynatmak, ata et, ite ot vermek, atı alan Üsküdar'ı geçti, atını sağlam kazığa bağlamak, atla arpayı dövüştürmek, attan inip eşeğe binmek, işi üç nalla bir ata kalmak, it izi, at izine karışmak*. Осы атап өткен қазақ, түрік тілдері бойынша берілген тұрақты сөз тіркестерінде халықтың сан ғасырлық тарихы, ұлттық танымы, дәстүрі көрініс тапқандығын тарихи деректер арқылы білеміз. Мәселен, тіліміздегі *ат сауырына мінгізу [салу]* тіркесінің фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: *қолға түсіріп, ат артына мінгізіп келу* деп берілген, сонымен қатар біз аталған тұрақты тіркестің халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқандығын тарихи деректер арқылы біле аламыз: ертеде барымта заманында жеңген батыр сол ауылдың қызын немесе жас келіншегін өзінің жеңгенінің белгісі ретінде ат сауырынына мінгізіп алып кететін болған. Сонымен қатар әйел адамды талақ етіп тастаған кезде, ат сауырына мінгізіп, төркініне апарып тастайтын. Бұл әйел адамның ғана емес, бүкіл туыс-тумаларының намысына тиетін белгі саналған. Заман ағымына сай, ұмыт болған осы көне дәстүр тұрақты тіркесте сақталып, бүгінгі күні «еркінен тыс апару» мағынасымен астасқандығын көреміз. *Мысалы: «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат сауырынына салып келген бір қызға аяқ салып, сонан сауысқанның аласындай бір бала туады* (Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, 2007: 76).

Түрік халқында ұзатылған қалыңдық өз үйінен күйеу жігіттің үйіне атқа мініп барады. Осы бір көрініс түрік тіліндегі *gelin ata bindi ya nasip* тіркесінде көрініс тапқан. Түрік тілінде жарияланған «Фразеологизмдердің хикаясы» атты еңбекте бұл тіркестің мәні былайша түсіндіріледі: Gelin ata bindi ya nasip: Eskiden gelinler baba evinden çıkarken ata bindirilir öyle götürülürmüş. Yolda attan düşme, kaçırılma gibi tehlikeler olduğundan koca evine gidememe ihtimali üzerine bu söz söylenmiştir (Yavuz, N., & Baş, 2017: 144). Мағынасын ашатын болсақ, өз үйінен атқа мініп шыққан келін жолда аттан түсу, алып қашу сияқты кездейсоқ жағдайдан күйеу жігіттің үйіне жете алмайтын кездер де болған екен. Бүгінгі күні аталған тіркес мазмұны белгілі бір іс сәтсіз болғанда, соңы нәтижесіз қалса да оны бітті деп санамау керектігін, яғни салың суға кетпеу қажет дегенді аңғартады.

Ортақ мәдени бастауларға ие түркі халықтарында бірдей жануар (мәселен, ат) атауымен жасалған тұрақты сөз тіркестерінің тең мағынада жұмсалуымен қатар, кей жағдайда мағынасы мүлде алшақ сөз тіркестері де кездеседі. Мұндай фразеологизмдердің ұқсас, бірдей мағынада жұмсалуын жалпытүркілік болмысымыз бен ортақ негізді мәдени өлшеммен байланыстыра аламыз, ал өзіндік ерекшелікті белгілі бір ұлтқа тән құбылыс деп санаймыз. Мәселен, түрік тіліндегі «*yanlış ata oynamak»* фразеологизмі «қате таңдау жасау» мағынасында, *«at koşturmak»* тіркесі «өзін қалауынша ұстау және еркін әрекет ету» мағынасында жұмсалады. Түрік халқының аптен ойнаудағы түсінігі жоғарыда атап өткеніміздей, белгілі бір таңдау жасаудағы қателікті білдірсе, қазақ халқы атпен ойнау тіркесін жай ғана атамай, өте икемді, пысық, атқа мінуге құмар кісінің бейнесін *«ат құлағында ойнау»* тіркесі арқылы бере білген. Сонымен қатар қазақ халқы нәресте дүниеге келгенде ұл баланың кіндігін *«ат құлағында ойнасын»* деген тілекпен, аттың жалына байлап қоятын дағды да болған. Түріктер адамның еркіндігін, өз қалауынша әрекет етуін сипаттауда *«at koşturmak» (сөзбе-сөз: ат жүгірту)* тіркесін қолданса, қазақ аттың қозғалысына

байланысты шабу етістігін қолданған, яғни атпен шабу, ат шаптыру. Осыған байланысты тілімізде қалыптасқан *ат шаптыру* тіркесінің екі мағынасы бар: 1. ат жарыстыру, бәйге тігу; 2. адамға қатысты хабаршы жұмсау, кісі жіберу.

Қазақ және түрік тілінде еш өзгеріссіз қолданылатын *ат ойнату* фразеологизмнің мағынасын ашатын болсақ, қазақ тіліндегі *ат ойнатты* тіркесі астамшылық етті, басынды; *атқа мініп, қаумалап, қамап тұрды* деген мағынаны білдірсе, түрік тіліндегі at oynatmak (сөзбе-сөз: *ат ойнату)* тіркесінің төрт түрлі мағынасы бар*: Ат үстінде өнер көрсету; Жарысу. Үстем тұру. Өз еркімен әрекет ету.* Мысалдардан қазақ, түрік фразеологизмдерінің семантикасында ортақ уәж, байланыс бар екенін байқаймыз. *Ат ойнату* тіркесіндегі туыс екі тілге ортақ мағына үстем тұру, астамшылық ету, басыну. Бұл тіркесті ары қарай талдап, тіркестің астарында ұлтқа тән (қазақ) этномәдени кодты ашатын болсақ, *ат ойнату* – дәстүрлі ортада ауылға, біреудің иелігіне атпен шауып келіп, айғай-шу, дау-жанжал шығарып, сес көрсетуді білдіреді. Ат ойнату әдеттік құқық бойынша ауыр қылмыс болып есептелген. Өйткені, мұндай қылық көшпелі ортада атпен жүрудің қалыптасқан этикалық нормалары мен қағидаларын өрескел бұзу болып табылады. Яғни ауылға төтенше атпен шауып кіру, жөнсіз атойлау ауылдың тыныштығын бұзу ретінде бағаланды. Іс насырға шапқанда ауылдың, тіпті рудың ақсақалдарының ұйғарымымен айыпкер қатаң жазаланған. Яғни айыпкер ат шапан немесе бір тоғыз деп аталатын айыпқа, тіпті одан да көп мөлшердегі айыпқа кесілген (Энциклопедия I, 2011: 246). Сонымен жылқы малына қатысты фразеологизмдер халықтың тарихи этнографиялық процестері, рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, мифологиясы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен этностың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысы жарқын көрініс тапқан (Байтелиева, 2007: 19).

Ертеде «салт атты көшпелілердің» мәдениетінде аттың шаруашылық жағынан болсын, ғұрыптық тұрғыдан болсын маңызы ерекше болды. Белгілі түркітанушы ғалым В.В. Радлов «малға тәуелділігін қазақтар әр қас қағым сәтте сезініп отырады. Сондықтан өздерінің барлық әдет-ғұрып, салт-санасын малмен байланыстырып отырады», – дейді (Радлов, 2007:16). Демек, зоонимдік фразеологизмдерден халықтың салт-дәстүрін әдет-ғұрпын көре аламыз, себебі олардың астарында халықтың ғұрыптық негізі сақталған. Алайда, уақыт өте келе кейбір фразеологизмдердегі ғұрыптық негіздің ұмытылғандығы байқалады. Мәселен, қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде *ат құйрығын кесісу* мен *ат кекілін кесу* қатар беріліп, мағынасы ортақ көрсетілген. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде *ат кекілін [құйрығын]кесісті [кесті, үзді, кесе айырылысты]* деген тіркестің кетісті, араздасты, мүлде безді деген мағыналары көрсетілген (Kenesbaev I., 2007: 73). Мағыналары ортақ қолданыстағы екі тіркестің ғұрыптық негізі, өзіндік ерекшелігі бар, яғни *ат құйрығын кесісті* деген ұғымның мәні біраз еңбекте айтылып жүргендей, тек екі адамның арасындағы қатынастың үзілді-кесілді тыйылғанын білдіреді деумен ғана шектелгеніміз дұрыс емес екен. Аталған тіркестің мәні «Қазақтың этнографиялық ұғымдар жүйесі» деген энциклопедиялық еңбекте былайша көрсетіледі: «бұл ұғым фразеологизмнің онтологиялық негізі дәстүрлі қазақы ортада белгілі бір ру қауымдағы адамдардың саны генеологиялық мөлшерден, яғни жеті атадан тым асқан жағдайда келесі генеологиялық топтың бөлініп шығуына байланысты ғана атқарылатын ғұрыптан бастау алады. Осы ғұрып бойынша бөлінетін топтың игі жақсылары – ақсақалдары, билері, батырлары және т.б. алдын ала керілген ала арқаннан аттайды және арнайы дайындалған ала жылқының құйрығын екі жақтың әдейі белгіленген адамдары екеуара кесіседі. Бұл бұған дейін жақын ағайыншылық қатынаста болып келген екі топтың арасында туыстық қарым-қатынастың енді күрт тыйылғандығын және олардың өзара қыз алып, қыз берісу құқығына ие болғандығын ғұрыптық жолмен айғақтау болып табылады» (Энциклопедия I, 2011: 245). Бұл фразеологизмнің осы ғұрыптық негізі кейін әр түрлі себептермен ұмытылып, ол адамдардың арасындағы жоғарыда айтылғандай, бұрынғы достық қарым-қатынастың үзілгендігін ғана білдіретін тұрақты сөз тіркесіне айналды. Мұндай кепті кез келген қоғамның тарихи ғұмырында болып тұратын контаминациялық түрленіс үрдісімен түсіндіруге болады. *Қ*азақ халқының деректері бойынша *ат кекілін кесу* мен *ат құйрығын кесісу* тіркестерінің қалыптасуының ғұрыптық негізіне жеке-жеке тоқталуды жөн деп санадық.

Ат кекілін кесу – қазақы ортадағы әдеттік-құқықтық қатынасты реттейтін ғұрыптық мәні бар үрдістің атауы. Адамаралық, тіпті руаралық қатынастар мүлдем үзілді дегенді білдіретін ғұрыптық шара. Бұндай құбылысқа бірден-

бір себепкер адам өлімі болады. Құныкер (кісі өлтіруші) жақ пен құн талап етуші (кісісі өлген) жақтың ешбір бітімге, тоқтамға келе алмаса, тараптар екі араларына ұзын ала арқан тастап, бір шетке өлген жігіттің мінген атын әлеміштеп, тұлдап әкеліп байлайды. Егер құн талап етуші жақ құнукердің төлеген құнына келісе алмаса, ат кекілін кесу арқылы «жанға жан, қанға қан» деген кек алуға көшкендігі туралы белгі береді. Ол үшін кекілі кесілген аттың шолақ кекілін шоқтап, түбінен буып тастайды. Ат кекілін кесудің тағы бір түрі ағайын-туыс, құда-жегжат, дос-жаран арасында «бетке салық, сүйекке таңба» түссе немесе бір-біріне «кешпес жамандық» жасаса, кінәлаушы – уәжі орынды жақ қарсы жақтың ішіндегі айыпкердің міниіп жүрген атының кекілін кесіп әкетеді (Энциклопедия I, 2011: 245).

Ат құйрығын кесісу/үзу – бұрын жақын сыйластық, достық, кейбір жағдайда, тіпті туыскандық қатынастағы адамдардың арасындағы байланыстың ерекше себептермен мүлдем үзілгендігін білдіретін ұғым. Осыған байланысты, *ат құйрығын кесісу* деп келетін тұрақты сөз тіркесі фразеологизм қалыптасты. Ат құйрығын кесудің ат кекілін кесу деп аталатын үрдістен айырмашылығы – мұнда бір-бірін айыпқа жығу немесе құн даулау мақсаты қойылмайды. Өйткені ат құйрығын кесуге себепкер факторлар көбінесе, моральдық этикалық сипатта болып келеді. Қарсы тараптар ауылдың, кейбір жағдайда, бүкіл ру-қауымның игі жақсыларының алдында өзінің уәжін айтады. Яғни арадағы бітіспес дауға айналған реніштің нақты себептері айғақталынады. Бірақ ол себептердің моральдық этикалық салдары ауырлығын баса көрсетуге тырысады. Айыптаудың түпкі мәні – айыпталушының ата-баба жолының принциптері мен нормаларынан мүлдем ауытқығандығын дәлелдеу. Айыптаушының уәжінің көшпелі ортада айрықша қастерленетін ата-баба жолының принциптері мен нормаларына негізделуі – ең әсерлі, ең мықты аргумент (өйткені ата-баба жолы – дәстүрлі өмір салтының идеологиялық тірегі, әрі моральдық-этикалық негізі). Тараптар бітімге келе алмай, араздық тым ушықса немесе тым қатты кетіссе, олар жерден топырақ уыстап алып, «алды артыңнан бір уыс топырақ» деп бір-бірінің артынан шашады. Мұндайда, тіпті, «қараң батсын, жерге кір!» немесе туғаныңда қуансам да, өлгеніңде жыламаймын» деген ауыр сөздер айтылуы да мүмкін. Уәжі орынды адам өзін жәбірледі деп тапса, ол отбасымен басқа жаққа көшіп кетеді. Тіпті, осындайда басқа руға кірме болып сіңіп кететін жағдайлар да ұшырасты. Тараптардың бір-бірінен іргесін мүлдем аулаққа салу үрдісін ат құйрығын кесу деп атайды. Осындай жайтқа байланысты ара ағайын ортаға араласып, қарсы жақтарды бітістіруге, татуластыруға тырысады. Деректерге қарағанда, ара ағайынның көп күш салуының нәтижесінде араздасқандардың басым көпшілігі өзара тіл табысып, татуласып отырған (Энциклопедия I, 2011: 245). Ат құйрығын кесу ұғымының онтологиялық негізі белгілі бір ру-қауымның демографиялық шегінің мөлшерден тым асқынуына, осыған байланысты жайылым және т.б. табиғи ресурстардың тапшылығы себепті әлгі ру-қауымнан келесі этникалық ұжымның енші алып, бөлек шығу үрдісінде атқарылатын ат құйрығын кесісу ғұрпынан бастау алады. Демек жоғарыда атап өткен *ат құйрығын кесісу* мен *ат кекілін кесу* тіркестерінің ішкі формасы ұлттық рәсіммен, ежелгі дәстүрмен тығыз байланысты. Әйтсе де бүгінгі күні тілдік таңбадағы мәдени ақпарат тасаланған.

Ат лексемасы ұйытқы болған фразеологизмдер жылқы туралы болғанмен, бұлар адамның белгілі бір жай-күйін, іс-әрекетін, мінез-құлқын, жағымды-жағымсыз қасиеттерін сипаттайды. Адамның сыртқы түр-тұлғасын, ішкі жан дүниесін, іс-әрекетін сипаттап, суреттеуде қолданылған зоофразеологизмдердің бағалауыштық коннотациясы әр ұлттың таным-түсінігі бойынша қалыптасқан. Анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасын салғастырмалы аспектіде қарастырған ғалым М.Т. Жұбанышқызы жануарлар атауларының ауыс мағынада келіп, өзіне тән емес ұғымдарда қолданылуын адамзат баласының тұрмыс-тіршілігінің ұзақ уақыт бойы жануарлар әлемімен тығыз байланыста болып келуімен түсіндіруге болатындығын айтады. «Дүниедегі алуан түрлі құбылыстар жөніндегі түсінігін халық өзін қоршаған ортадағы танымына етене жақын, ертеден танымал ұқсас бейнелер арқылы білдіретіні мәлім. Тілдегі қандай да бір сөздің мағынасында таным объектісі болып отырған болмыстың ерекше сипатын білдіретін элементтер қаншалықты басым болса, сол болмысты осы сөздің көмегімен бейнелеу мүмкіндігі соншалықты арта түспек», – дейді (Жұбанышқызы, 2005: 31). Зерттеуші О.В. Галимова жануарлар атауының ауыс мағынада қолданылып, адамға қатысты ақпарат берудегі қызметі туралы мынадай тұжырым жасайды: «зооним сөздер белгілі бір жануарды атай отырып, адам санасында ассоциативтік көрініс береді, оның әдеттері, мінезі, қимылы және

олардың мінезінің эмоционалдық бағасын сипаттайды. Бұл мағлұматтар қайта ой елегінен өткізіледі және адамға мінездеме бергенде пайдаланылады» (Галимова, 2004: 20). Демек, тілдегі фразеологиялық сөздіктерге сүйене отырып, зоофразеологизмдердің басым бір бөлігін «Адам» макротобында қарастырып, белгілі бір ұлттың «ұлттық мінезі» туралы тұжырым жасауға болады. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде адамның мінез-құлқын сипаттауда, сыртқы бейнесін танытуда, өмірлік қызметін бағалауда қолданылатын ат компонентімен жасалған бірнеше тұрақты сөз тіркестері жинақталды. Қазақ тілінің деректері бойынша жинақталған зоофразеологизмдердің бағалауыштық семасы әрқашан жағымды (оң) бағалаумен берілгендігіне көз жеткіздік. Бұл біздің өмірімізде аттың қаншалықты маңызды екендігінің дәлелі. Мәселен, қазақ тілінде ғана кездесетін *«жылқы мінезді адам»* тіркесі адамды жағымды жағынан сипаттайды әрі бұл тіркестің мағынасы да күрделі. Академик Ә. Қайдар мұндай тіркестердің білдіретін мағынасының күрделі болу себебін оның астарында жай ұғым емес, халықтың өмір тіршілік болмысына қатысты ұғым, дүниетаным, этнолингвистикалық түсініктердің болуымен түсіндіреді, яғни жылқы мінез адамның қандай болатынын түсіндіру үшін алдымен жылқы малына тән жақсы мінез қасиеттерді білу қажет (Қайдар, 1998: 124). Тілімізде осы тәрізді көптеген тұрақты сөз тіркестері қалыптасқан. Демек, көшпелілер жылқы малын ерекше қастерлеген, оның барлық қасиетін жан-жақты зерделей білген. Жылқының бойындағы қасиетті абзал деп тани отырып, адам бойына ауыстырып қолданған. Атап айтсақ, қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі бойынша: *ат жақты:* бет әлпеті сопақша келген адам туралы айтылады; *ат жалын тартып мінді:* адам болу, ер жетіп, азамат болу мағынасында жұмсалады; *атқамінер адам:* бұрын пысық, белсенді кісі туралы айтылады; *аттай желді:* 1. ерінбейтін, еңбекшіл кісі, 2. Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадірін білетін адам жөнінде айтылады.

Түрік тілі бойынша ат компонентімен жасалған кейбір тұрақты тіркестің мазмұны кей жағдайда жағымсыз бағалаумен астарласып жатқандығына көз жеткіздік. Оған түрік тіліндегі *at gözlüğü takmak* (сөзбе-сөз: ат көзілдірігін тағу), *at kafalı* (сөзбе-сөз: ат басты) деген тіркестер мысал бола алады. Тіркестің мағынасына тоқталар болсақ: *At gözlüğü takmak:* Olayları dar bir bakış açısı ile değerlendirmek. «At gözlüğü takmışsınız, size ne desem faydası yok.»At gözlüğü takanlar, yaşanan olayları anlayamaz. (сөзбе-сөз: ат көзілдірігін кию. Оқиғаларды тар көзқараспен бағалау. «Сіз ат көзілдірігін тағыпсыз, мен сізге не айтсам да пайдасыз. «Ат көзілдірігін таққандар болған оқиғаларды түсіне алмайды»). *At kafalı:* Aptal, ahmak, anlayışsız, akılsız, kıt zekâlı (сөзбе-сөз: ат басты: Ақымақ, ақылсыз, түсінбейтін, ойсыз). Географиялық жағынан алшақта орналасқан түрік халқының жылқыға деген көзқарастарында ерекшеліктер кездеседі. Оны атап өткен сөз тіркестерінен байқаймыз. Жалпы түркі халықтарында ақымақтық көбінесе, қой, есек, шошқа, тауық денотаттары арқылы берілсе де, кей жағдайда ат зоонимі арқылы түрік тілінде ақымақтық мағынасын білдіретін тұрақты сөз тіркесін де кездестіреміз. Демек, қандай да бір жан-жануар әлемнің әр тарабында тіршілік еткенімен, халықтар өмірінде бірдей дәрежеде орын алуын, маңызды сипатқа ие болуын, тіл-тілде өзіндік «із» қалдырып, тіларалық сәйкестіктер тудыруын ортақ тарихи, мәдени байланыстың болуымен түсіндіреміз. Екіншіден, бір атаудың негізінде жасалған зоофразеологизмдердің бейнелік негізі бірдей бола тұра, бұл бірліктердің туыстас тілдерде екі басқа семантикасы, экспрессивті-эмоционалды сипатының болуын да жоққа шығармаймыз. Бұл ерекшелікті ұлттық санада қалыптасқан таным-түсінікпен, ассоциативтік бітім-болмыс, көрініс, символдық белгімен ұштастырамыз. Халықтың танымындағы әр басқа түсінік белгілі бір тіршілік иесінің өмір салтының әр түрлілігімен, табиғи ерекшелігімен байланыстырылып отырады. Қазақ және түрік тілдеріндегі зоонимдік бірліктер негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болғандығы тілдік деректер арқылы нақтыланды.

Қорытынды

Қазақ және түрік тіліндегі зоофразеологизмдерінің ақпараттық мазмұнының ішкі құрылымдарына үңілсек, олардың бойындағы ұқсастықтарды, ортақ тұстары мен ерекшеліктерін көруге болады. Мұнда түркі халқының мал шаруашылығына (жылқы мәдениеті) байланысты жинақтаған білім тәжірибелері екі тілде бірдей жұмсалатын тілдік бірліктердің пайда болуының негізінде жалпытүркілік болмыс, дүниетанудағы ортақ көзқарас көрінсе, образдық айырмашылық әр ұлттың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен алынған суреттің әр басқа болуына байланысты болып келеді. Зерттеу

нәтижесінде түркі халықтарында жылқы малына деген өзіндік көзқарасы, дүниетанымы қалыптасқандығын тұрақты тіркестерден көре алдық. Ат компонентімен жасалған тұрақты сөз тіркестерін түркі халықтарының өмір сүру салты, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі т.б. маңызды деректерді бүгінге жеткізуші тілдік белгі деп танудық. Себебі қазақ және түрік тілдеріндегі зоофразеологизмдер тікелей немесе жанама түрде ұлттың рухани және материалдық мәдениетімен тығыз байланысты, оның мазмұнында мәдени ақпарат сақталған деген ой түйдік. Жалпытүркілік болмысымыз бен мәдениетіміздің белгілері сақталған зоофразеологизмдердің мотивациялық негізіндегі ерекшеліктерді талдау арқылы қазақ және түрік тіліне тән ортақтықтарымен қатар бірқатар айырмашылықтарының бар екендігіне де көз жеткіздік. Қазақ және түрік тілдері бойынша атқа байланысты фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары олардың мазмұнынан және ортақ бейнелі аялық негіздерінен байқалды.

Қорыта айтсақ, әрбір халықтың тілдік әлем көріністерінде бейнеленген дүние бейнесін қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшелігінің бір көрсеткіші – зоофразеологизмдер. Сондықтан түркі тілдері бойынша зоофразеологизмдер түркі дүние бейнесіндегі мәдени сипатты айқындаушы, мәдени маркілі, лингвомәдени бірліктер ретінде зерттелуі тиіс. Зоофразеологизмдерде түркі халықтарының дүние бейнесіндегі өзіндік ерекшеліктері, түркілік ортақ мәдениет құндылықтары көрінеді, бұл түркі халықтарының тарихи байланысының тамыры тереңде екендігін дәлелдей түспек. Түркі зоофразеологизмдерінің лингвомәдени семантикасы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сонымен қатар түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен наным-сенімдеріне қатысты лингвомәдени ақпаратты көрсетеді. Көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы мәдениет типтері түркі халықтарындағы жануарлар атауының мағынасында өзіндік із қалдырды. Сондықтан түркі тілдері бойынша зоофразеологизмдерді кодталған мәдени мәтін ретінде қарастыру қажет.

Әдебиеттер

Aksoy, Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. İstanbul: İnkilâp Yayınevi, 1988.

Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.

Галимова О.В. Этнокультурная специфика зоонимической лексики, характеризующей человека (на материале русского и немецкого языков): автореф. канд. филол. наук. – Уфа, 2004. – 22 с.

Дыбо А.В., Никуленко Е.В. Зооморфная метафора «медведь» в русском, английском и языках Южной Сибири//Язык и культура. – 2019. – №45. – С.78-95.

Жакипов А. Термины верблюдоводства казахского языка: автореф. дис. д-ра. филол. наук. – Алматы, 1983. – 35 с.

Жұбанышқызы М.Т. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 31 б.

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша): филол.ғыл. д. дисс. – Алматы, 2010. – 314 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, ДПС, 2011. 1-том А-Д. – 736 б.

Levent D. Türk kültüründe hayvanlar ve hayvan İsimleri// Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 2001, №12.

Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. 2-изд. доп. – Астана: «Алтын кітап», 2007. (Библиотека казахской этнографии). Т.3. – 389 с.

Садыкова З.Р. Зоонимическая лексика татарского языка. – Казань, 1994. – 235 с.

Тохтагул Б.С. Этнолингвистический характер возрастных номинаций животных в тюркских языках: дисс. канд.филол. наук. – Туркестан, 2005. – 125 с.

Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 280 б.

Yavuz, N., & Baş, M. Deyimlerin Hikayeleri (1. bs.). – Ankara: Grafiker Yayınları, 2017.

Щербак А.М. Историческое развитие лексики тюркских языков. – Москва,1961. – С. 86-120.

References

Aksoy, Ö.A. (1988). Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü-1[Dictionary of phraseology and idioms], İstanbul: İnkilâp Yayınevi.

Baitelieva Zh.(2007) Qazaq tilindegi zhylqy malyna qatysty frazeologijalyq tirkesterdiñ jetnomádeni uázhdemesi [Ethno cultural motivation of phraseological combinations, connected with a horse in the Kazakh language]: filol. ǵyl. kand. diss. avtoref. Almaty, -24 b.

Galimova O.V. (2004) Jetnokul'turnaja specifika zoonimicheskoj leksiki, harakteriuzujushhej cheloveka (na materiale russkogo i nemeckogo yazykov) [Ethnocultural specificity of zoonymic vocabulary characterizing a person (based on the material of the Russian and German languages)]: avtoref. kand. filol. nauk. – Ufa, - 22 s.

Dybo A.V., Nikulenko E.V. (2019) Zoomorfnaja metafora «medved'« v russkom, anglijskom i jazykah Juzhnoj Sibiri// [The zoomorphic metaphor "bear" in russian, english and the languages of Southern Siberia]//Yazik i kul'tura. №45. s.78-95

Zhakipov A. (1983) Terminy verbljudovodstva kazahskogo yazika [Camel breeding terms of the Kazakh language]: avtoref. dis. d-ra. filol. nauk. Almaty, -35 s.

Jubanyshqyzy M.T.(2005) Qazaq zháne aǵylshyn tilderindegi animalistik frazeologizmderdiñ konnotativtik semantikasy [Connotative semantics of animalistic phraseology in Kazakh and English languages.] filol. ǵyl. kand. diss. avtoref.: Almaty, – 31 b.

Kenesbaev I. (2007) Qazaq tiliniñ frazeologijalyq sózdigi [Phraseological dictionary of kazakh language], Almaty, KazAkparat, - 356 b.

Qaidar A. (1998) Qazaq tiliniñ ózekti máseleleri [Actual problems of the Kazakh language] Almaty, Ana tili, - 304 b.

Qalybaeva Q.S. (2010) Salystyrmaly tyrki frazeologijasy (qypshaq tobyndaǵy tilderdiñ materialy bojynsha) [Comparative Turkic phraseology] (By the material of languages of the Kipchak group):filol. gyl. d. diss., Almaty, - 314 b.

Qazaqtyñ jetnografijalyq kategorijalar, uǵymdar men ataularynyñ dástyrli zhyjesi [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs.] (2011) Ensiklopedia. Almaty: DPS, 1-tom A-D -736 b.

Levent D. (2001) Türk kültüründe hayvanlar ve hayvan isimleri [Animals and animal names in Turkish culture]// Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, №12.

Radlov V.V. (2007) Tjurkskie stepnye kochevniki [Turkic steppe nomads] 2-izd.dop. – Astana, Altyn kitap, (Biblioteka kazakskoi etnografii)T.3. – 389 s.

Sadykova Z.R. (1994) Zoonimicheskaya leksika tatarskogo yazyka [Zoonymic vocabulary of the Tatar language]. – Kazan, - 235 s.

Toktagul B.S. (2005) Jetnolingvisticheskij harakter vozrastnyh nominacij zhivotnyh v tjurkskih yazykah [The ethnolinguistic nature of the age categories of animals in the Turkic languages] diss. kand. filol. nauk. Turkestan, - 125 s.

Tileuberdiev B.M. (2007) Qazaq onomastikasynñ lingvokonceptologijalyq negizderi [Linguoconceptological bases of Kazakh onomastics.] Almaty: Arys baspasy, -280 b.

Yavuz N., & Bash M. (2017) Deyimlerin Hikayeleri [Stories of Idioms] (1. bs.). Ankara: Grafiker Yayınları.

Sherbak A.M. (1961) Istoricheskoe razvitie leksiki tyurkskih yazykov [Historical development of the vocabulary of the Turkic languages] – Moskva, - s. 86-120.

2-бөлім

АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

Section 2

POLITICS AND INTERNATIONAL RELATIONS OF THE COUNTRIES OF ASIA AND AFRICA

Раздел 2

ПОЛИТИКА И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ СТРАН АЗИИ И АФРИКИ

ҒТАМР 11.25.67 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.05

Д.Қ. Жекенов[1*], С.Т. Джакубаева[1], М.С. Сарыбаев[2], Р.Е. Уткелбай[1], К. Жетписбаева[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

ДІНИ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ауғаныстандағы соңғы оқиғалардан кейін Орталық Азия елдері де басқа елдер сияқты сыртқы саясатын өзгертуге мәжбүр болды. Ауғаныстандағы тәліптердің билікті басып алуы аймақтағы қазіргі жағдайға әсер етпей қоймады. Бір жағынан Орталық Азия аймағында бірқатар жергілікті проблемалар болса, екінші жағынан ықпалды ойыншылар үшін күрес алаңы болып табылады. Қытай аймақтағы ықпалын барлық салада арттыруды көздесе, Ресей аймақтағы әлсіреген ықпалын қалпына келтіру үшін аймақтағы жаңа геосаяси ойындарды пайдаланбақ. Осыған байланысты Орталық Азия елдері Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы сияқты өздеріне көршілес елдермен аймақтағы өзара қарым-қатынастар үшін жаңа бірлескен жауапкершілікті анықтауы қажет. Мақаланың негізгі мақсаты – Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы діни қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың қиындықтары мен ортақ мүдделерін анықтау және одан әрі дамытудың өзара тиімді тұжырымдамаларын белгілеу.

Қытай Халық Республикасы үшін Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау өте маңызды. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау тек экономикалық мүдде тұрғысынан ғана емес, мемлекеттің ішкі тыныштығын бұзбау үшін де қажет. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында мұсылман халықтарының болуы, оның ішінде орталық билікке қарсы оппозицияның болуы, оның ықпал ету аймағына тым жақын Ауғанистан Ислам мемлекетінің құрылуы, сонымен қатар олардың тарихи, этникалық және ең бастысы, діни бірлігі Қытай үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қытай басшылары Орталық Азия аймағын діни экстремизм мен радикалды ағымдардың өз аумағына енуіне жол бермеу үшін қалқан «буфер» ретінде пайдаланбақ. Бұл екіжақты қарым-қатынаста да, Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы көпжақты қарым-қатынаста да діни қауіпсіздік саласындағы басты мақсаттардың бірі.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Қытай, қауіпсіздік, діни экстремизм және Ауғанистан.

D. Zhekenov[1*], S. Jakubayeva[1], M. Sarybayev[2], R. Utkelbay[1], K. Zhetpisbayeva[1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Cooperation between China and Central Asian countries in the field of religious security

After the recent events in Afghanistan, the Central Asian countries, as well as other countries, had to change their foreign policy. The seizure of power by the Taliban in Afghanistan affected the current situation in the region. On the one hand, the Central Asian region has a number of local problems, and on the other hand, it is a battleground for influential players. While China seeks to increase its influence in the region in all areas, Russia intends to use new geopolitical games in the region to restore its weakening influence in the region. In this regard, the Central Asian countries need to define a new joint responsibility for mutual relations in the region with countries familiar to them, such as the Russian Federation or the People's Republic of China. The main purpose of the article is to identify the difficulties and common interests of cooperation between China and the Central Asian countries in the field of religious security and to outline mutually beneficial concepts for further development.

It is very important for the People's Republic of China to maintain security and stability in the Central Asian region. Maintaining stability in the region is necessary not only from the point of view of economic interests, but also in order not to disrupt the internal peace of the state. The presence of Muslim peoples in Xinjiang Uygur Autonomous Region, including unresolved opposition to the central government, the creation of the Islamic State of Afghanistan too close to its sphere of influence, as well as their historical, ethnic and, most importantly, religious unity is one of the key problems for China. Chinese leaders intend

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

to use the Central Asian region as a «buffer» to prevent the penetration of religious extremism and radical movements into their territory. This is one of the main goals in the field of religious security in both bilateral relations and multilateral relations within the framework of the Shanghai Cooperation Organization.

Key words: Central Asia, China, security, religious extremism and Afghanistan.

[1]Д.Қ. Жекенов*, [1]С.Т. Джакубаева, [2]М.С. Сарыбаев, [1]Р.Е. Уткелбай, [1]К. Жетписбаева

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Сотрудничество Китая и стран Центральной Азии в области религиозной безопасности

После последних событий в Афганистане странам Центральной Азии, а также другим странам пришлось изменить свою внешнюю политику. Захват власти талибами в Афганистане не могло не повлиять на нынешнюю ситуации в регионе. С одной стороны, центральноазиатский регион имеет ряд локальных проблемам, а с другой стороны, является полем битвы влиятельных игроков. В то время как Китай стремится усилить свое влияние в регионе во всех сферах, Россия намерена использовать новые геополитические игры в регионе, чтобы восстановить свое ослабляющее влияние в регионе. В этой связи центральноазиатским странам необходимо определить новую совместную ответственность за взаимоотношения в регионе с ближайшими им странами, такими как Российская Федерация или Китайская Народная Республика. Основная цель статьи – выявить трудности и общие интересы сотрудничества Китая и стран Центральной Азии в области религиозной безопасности и обозначить взаимовыгодные концепции для дальнейшего развития.

Для Китайской Народной Республики очень важно поддерживать безопасность и стабильность в центральноазиатском регионе. Поддержание стабильности в регионе необходимо не только с точки зрения экономических интересов, но и для того, чтобы не нарушать внутренний мир государства. Присутствие мусульманских народов в Синьцзян-Уйгурском автономном районе, в том числе нерешенная оппозиция центральному правительству, создание Исламского Государства Афганистан слишком близки к сфере его влияния, а также их историческое, этническое и, что самое главное, религиозное единство является одной из ключевых проблем для Китая. Китайские лидеры намерены использовать центральноазиатский регион в качестве «буфера» для предотвращения проникновения на их территорию религиозного экстремизма и радикальных движений. Это одна из основных целей в области религиозной безопасности как в двусторонних отношениях, так и в многосторонних отношениях в рамках Шанхайской организации сотрудничества.

Ключевые слова: Центральная Азия, Китай, безопасность, религиозный экстремизм и Афганистан.

Кіріспе

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа шолу.

Орталық Азия аймағы жаңа геоаяси өзгерістер мен сын-қатерлерге бетпе-бет келіп отыр. Қауіпсіздік саласында беделді, ықпалды ойыншыларға толықтай сенуге болмайтындығы, АҚШ-тың аймақтағы жауапкершіліктерінен біржолата бас тартып, мәселелеріңді өздерің шешіп алыңдар дегенге саятын әрекетінен көрініп отыр. Орталық Азия мемлекеттері 1991 жылы тәуілсіздіктерін алғаннан кейін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесін Ұжымдық Қауіпсіздік Шартты Ұйымы (ҰҚШҰ) аясында қамтамасыз етуге тырысты. Дегенмен, ҰҚШҰ аймақтағы барлық мемлекеттерді қамти алмады. Өзбекстан Республикасының бұл ұйымға қатысты ұстанымы қайта-қайта өзгеріп отырды. Бір себептен, Орталық Азия мемлекеттері аймақтағы Ресейдің ықпалы толық сақталуына іштей де болса қарсы еді. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы келбетін көпвекторлы, күштер арасындағы теңдік ұстанымдарымен айшықтауының өзі, аймақтағы күштер тепе-теңдігінде де бір ойыншының анық басым болуына қарсы екендігін көрсетсе керек. Осының бәрі, ҰҚШҰ аясындағы Ресей Федерациясының аймақтағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы толыққанды барлық сын-қатерлерді реттей алмайтыны түсінікті еді.

Орталық Азия аймағына аса ыждақаттылықпен қарайтын, өте көп жоспарлары мен мүдделері бар тағы бір ықпалды ойыншы ол – Қытай Халық Республикасы. Ресми Бейжіңнің Орталық Азия аймағына қатысты мемлекеттік деңгейде құжаттармен бекітілген нақты стратегиясы жоқ деп айтуға болады. Бірақ, бұл дегеніңіз «Орталық Азия аймағы Қытай үшін маңызды емес» дегенді білдірмейді. Қытай

өзінің сыртқы саясат тұжырымдарында дипломатия деңгейін үш топқа бөліп: Алып державалар, көрші мемлекеттер және дамушы мемлекеттер деп қарастырады. Орталық Азия мемлекеттері біріншіден «көрші мемлекеттер» санатына, екіншіден «дамушы мемлекеттер» санатына да жатады. Жалпы Қытай дипломатиясы сыртқы дүниеге толық түсініксіз, ешқашан толық нақты анықталмайтын, керек кезінде әр түрлі түсіндіруге болатын өзгеруге бейімділігімен сипатталады. Сыртқы саясатта Орталық Азияға қатысты нақты ұстанымдар көрсетілмегенімен, Қытайдың аймақтағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениет салаларындағы қарқынды жобалары Бейжің үшін аймақтың маңызды екендігін көрсетеді. Әрине Қытайдың аймақтағы ықпалын кешенді түрде бір мақалада қарау мүмкін емес және ол біздің мақсатымызға да жатпайды. Мақаланың негізгі мақсаты Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен қауіпсіздік саласындағы, соның ішінде діни аспектісі, екіжақты және көпжақты қарым-қатынастар деңгейінде сараптау. Оның артықшылықтар мен кемшіліктерін, Орталық Азия мемлекеттері үшін пайдасы мен қиыншылық туғызар тұстарын анықтап мүмкіндігінше аймақ үшін ұтымды ғылыми тұжырымдар ұсыну болып табылады.

Қытай Халық Республикасының аталған аймақпен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы ең әлсіз тұсы деп айтсақ болады. Қытай аймақта бірінші кезекте экономикалық ықпалын, экономикалық ықпалын арттыру үшін саяси ықпалын арттыруда. Дегенмен, аймақтағы Бейжіңнің экономикалық ықпалының күн санап өсуі, қытай тарапы қаласын қаламасын, аймақтың қауіпсіздік саласына алаңдауға міндеттейді. Орталық Азия мемлекеттері арасында қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты қарқынды дамытып келе жатқан мемлекеттер де бар. ҚХР-дың жаһандық және аймақтық жобалары (мәселен: Бір Белдеу – Бір Жол) Қытайдың аймақтағы ықпалы күн санап артпаса, кемімейтіндігін көрсетеді. Олай болған жағдайда, Орталық Азиялық мемлекеттер бірінші кезекте қауіпсіздік саласындағы екіжақты, көпжақты ынтымақтастық деңгейін арттырып, «қытайлық күшті» неғұрлым ұтымды пайдалану жолдарын қарастыруы керек. Осы ретте, тақырыптың өзектілігін анықтау маңызды.

Тақырыптың маңыздылығы, өзектілігі. Орталық Азия өз алдына жеке геосаяси маңызды аймақ ретінде халықаралық қатынастардың XXI ғасырдағы жаңа сын-қатерлерімен бетпе-бет келген тұста, аймаққа қатысты жаңаша ғылыми зерттеулердің барлығы дерлік (пайдалы ғылыми тұжырымдары болған жағдайда) маңызды. Аймақ мемлекеттері алдында шұғыл түрде, тек саяси-экономикалық емес, қоғамның барлық салаларында, соның ішінде академиялық ортада интеграциялану қажеттілігі тұр. Аймақтық ортақ иммунитет қалыптастыра отырып, барлық дерлік аймақтық мәселелерді ұжымдық деңгейде қарастыра бастағанда ғана, келесі нәтижелер ұтымды болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, академиялық ортада ортақ тұжырымдар қалыптастыру, сол арқылы аймақтың ортақ мақсаттары мен міндерін айқындауға атсалысуға бағытталғандықтан, мақаланың өзектілігі жоғары.

XXI ғасыр басталғалы бері халықаралық қатынастардағы негізгі сын-қатерлердің бірі діни экстремизм және терроризм болып отыр. XXI ғасырдың екінші онжылдығы радикалды ұйымдардың ықпалы мен олардың санының күн санап артып келе жатуымен сипатталуда. Ланкестік ұйымдар әскери қимылдар жасап, соңғы үлгідегі қару-жарақтармен жасақталып, мемлекеттік тіпті аймақтық ұйымдар деңгейінде әрекет етіп, керек десеңіз жер шарындағы кейбір маңызды аймақтарды өз бақылауларына ұстай алып отыр. Жаһандық деңгейдегі бұл сын-қатер барлық халықаралық қатынастардың қатысушыларын жаңа қадамдар мен жаңа шешімдер шығаруға мәжбүрлеуде. Ал біздің тақырыпқа тікелей қатысты Орталық Азия аймағы радикалды ұйымдар ланкестік топтардың нағыз шоғырланған аймағы немесе сол қатерлердің дәл қасында орналасқан. Ресми деректер бойынша, Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтары «Ислам мемлекеті» террористік ұйымының қатарын үздіксіз толтырып келеді. Бұл тек бір ғана мысал, бұдан өзге де «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Ислам джихады одағы», «Хезболла» және тағы басқа радикалды ұйымдардың қатарында аймақ мемлекеттерінің азаматтары бар. Сонымен қатар, аймақтағы саяси реформалардың баяу немесе нәтижесіз жүргізілуі, аймақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы қиыншылықтар және аймақтың барлық мемлекетінің ортақ кемшілігіне айналып отырған – сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі сыртқы сын-қатерлердің күш алуына қосымша мүмкіндік беріп отыр.

Орталық Азия мемлекеттері жаңа сын-қатерлерді шешу, реттеу, алдын алу жолында барлық саяси әдіс-тәсілдерді қолдануы керек екендіктерін нақты түсінеді. Орталық Азияның бес мемлекетінің өзара қауіпсіздік саласындағы қарқынды ынтымақтастығы маңызды және

ол туралы аймақтың өз сарапшылары да, халықаралық сарапшылар да түрлі пікірлерді айтып келеді. Орталық Азия мен Ресей арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық та жан-жақты қарастырылуда. Бұл ретте әрине ресейлік ғалымдар мен сарапшылардың белсенділігі жоғары және олардың белсенділігі Ресейдің аймақтағы ықпалын арттыра түсу негізгі мақсаты екендігімен түсіндіріледі. Ал Орталық Азия мен ҚХР арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және оның діни аспектілері кешенді түрде академиялық ортада зерттеліп жатқан жоқ. Сондықтан, Қытайдың аймақтағы барлық саладағы ықпалының күн сайын артып келе жатуын ескере отырып, қауіпсіздік саласындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді, қиыншылықтар мен кедергілерді анықтаудың және екі тарап үшін де қолайлы ынтымақтастық көкжиегін (перспективасын) белгілеудің ғылыми да, саяси да маңыздылығы жоғары.

Теориялық-методологиялық базасы

Тақырыптың зерттелу деңгейі мен деректік базасы. Тақырыпқа қатысты зерттеулер де ақпараттар да, сараптамалық қорытындылар да жеткілікті. Дегенмен аймақта және аймаққа қатысты ықпал ету шеңберінде қалыптасып отырған жағдайларға байланысты көпшілігі ескі өлшемдер мен көзқарастармен жазылған. Әрине теориялық-концептуалдық тұстары және жалпы ұзақ мерзімді кешенді зерттеулердің маңыздылығы артпаса кемімек емес. Зерттеулердің географиясына қарай, Қазақстандық, Орталық Азиялық, Ресейлік, Қытайлық және жалпы алыс-жақын шетелдік авторлар деп топтастырып қарастыруымыз керек.

Бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақ стратегиялық зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері М.Т. Лаумулиннің «Шетелдік саясаттану мен әлемдік геосаясаттағы Орталық Азия» деп аталатын 5 томдық монографиялар жинағын атап өткіміз келеді (Laumulin, 2005). Жалпы осы ғылыми еңбек Орталық Азия аймағына қатысты барлық сұрақтарды кешенді түрде, теориялық сараптамамен талдаған. Сонымен қатар, тақырыптың зерттелу деңгейіне қатысты еңбектерді табуға және мазмұнымен танысуға ерекше көмектеседі. Мәселен, Орталық Азия аймағын батыс еуропалық ғалымдардың зерттеуінің алғашқы себепкері болған, М. Шоқайдың «Кеңестік билік астындағы – Түркістан» еңбегінің ғылыми маңызы туралы мәліметтер алуға болады. М.Т. Лаумулиннің аталған еңбегінің барлық томдары мақала үшін құнды болса, «XXI ғасырдағы Орталық Азия» деп аталатын 5-ші томында Орталық Азияның қауіпсіздік мәселесі, соның ішінде діни экстремизм, ланкестік радикалды қозғалыстар мәселелері көтерілген (Laumulin, 2009). Дегенмен, еңбек қаншалықты құнды болғанына қарамастан, соңғы томы 2009 жылы жарық көргендігін ескерсек, біздің тақырыбымыздың бүгінгі күнгі өзектілігі мен шешімдерін негіздеуде жаңа еңбектердің, жаңа ғылыми көзқарастардың керектігі сөзсіз.

Зерттеушілердің жаңа буынына тоқталмас бұрын, тағы бір құнды еңбекті атап кетсек. 2006 жылы жарық көрген, «Орталық Азияның Геосаясаты» атты Р. Жұмалының еңбегі тақырыптың теориялық-тарихи аспектілерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді (Zhumaly, 2006). Аталған еңбектің соңғы бөлімі «Ислам діні Орталық Азияға саяси ықпал ету фокторы ретінде» деп аталады. Аталған бөлімде ислам дінінің аймақтағы маңызы мен дін арқылы келетін (немесе діннің атын жамылып келетін) қауіп-қатерлер туралы жазылған.

Қазақстандық зерттеушілердің ішінде соңғы уақыттарда жазылған бірнеше еңбектерді де атап өтуді жөн санаймыз. Мәселен Е. Полетаевтың (Poletaev, 2018), Р. Изимовтың (Izimov, 2019), Д. Сатпаевтың (Satpayev, 2021) А. Ермекбаевтың (Yermekbayev, 2012) еңбектеріндегі пікірлер тақырыбымыздың ойталқы бөлімінде ғылыми дискуссия тудыруға мүмкіндік береді.

Орталық Азиялық зерттеушілер мен саясаттанушылардың арасынан Б. Сангинов, М. Суюнбаев, Баховадинова, А. Додихудаев, И. Мирсайитов сияқты авторлардың еңбектерінде қауіпсіздік саласында, соның ішінде діни экстремизм, радикалды қозғалыстар және ланкестік мәселелері көтерілген (Sanginov, 2013; Suyunbaev, 2004; Bakhovadinov, Dodikhudoev, 2005). Қырғызстан Республикасы жанындағы стратегиялық зерттеулер халықаралық институтының бас сарапшысы Икбалджон Мирсайитов өз еңбектерінде Өзбекстандағы Ислам қозғалысы және оның қазіргі жағдайына байланысты талдау жасаған. Аталған автор, өз еңбектерінде Өзбекстан Ислам қозғалысының басқа да діни-экстремистік ұйымдармен байланысын талдаған (Mirsayitov, 2020).

Ресейлік зерттеушілер арасынан Орталық Азия мен Кавказ бойынша тәуелсіз эксперт Зураб Тодуаның «Өзбекстандағы Радикалды ислам: қалыптасу сатылары мен даму болашағы»

атты мақаласында: «Діни экстремистер үшін Өзбекстан аймақтағы ең негізгі басымдық. Егер исламистер осы елге бақылау орната алса, өздері армандаған Ислам Халифатын құруға негіз болатын іргетас қалай алатын еді», – деген пікір білдіреді (Todua, 2005). Автордың пікірімен толықтай келісуге болады. Өзбекстан аймақтағы діни қауіпсіздік саласындағы ең көп қатерге жақын тұрған мемлекет екендігі даусыз. Дәл осы мемлекетте аймақтағы ең көп және беделді радикалды ұйымдар тіркелген. Сондықтан да аймақтың қауіпсіздік мәселесі көтерілген уақытта аймақтың қалған мемлекеттері де Өзбекстанға тікелей төніп тұрған қауіп қысқа мерзімде өз территорияларында болатынын түсінуі және нақты шаралар қолдануы керек.

Сонымен қатар, Перм мемлекеттік Ұлттық зерттеу университетінің профессоры Д.С. Плотниковтың «Әлемдік саясат аясындағы Орталық Азия» атты еңбегінде «Орталық Азия аймағындағы діни экстремизм (Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстан мысалында)» атты бөлімінде, біз көтеріп отырған аймақтағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесі көтерілген (Plotnikov, 2020).

Зерттеу тақырыбымыздың негізгі мақсаттары Қытайдың Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы мен жоспарлары, оның екі тарапқа пайдасы мен зияны туралы болғандықтан, Қытайлық авторлардың пікірлері аса маңызды. Солардың арасында Фудан университетінің профессорлары Zhao Huasheng, Feng Yujin, сонымен қатар Zhang Deguang сияқты зерттеушілердің еңбектері арқылы Қытайдың аймаққа қатысты көзқарастарын (әрине, академиялық ортаның сипаттамасы бойынша) анықтауға болады (Huasheng, 2020; Yujin, 2019; Deguang, 2018).

Орталық Азия мен Қытай арасындағы діни қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша жазылған батыстық ғалымдардың да еңбектері жеткілікті. Қазіргі уақыттағы геосаяси ахуалдан туындап отырған аймаққа деген ерекше назар, академиялық ортаның да аймаққа қатысты кешенді зерттеулер жүргізуіне ықпал етіп отыр. Мақаламыздағы көзқарастар біржақты ғана болмас үшін, батыстық ғалымдардың да еңбектері қарастырылды. М. Олкоттың «Орталық Азияның екінші мүмкіндігі» атты монографиясы біз үшін маңызды (Olcott, 2005). Себебі, автор Орталық Азияның барлық мемлекеттерінде бірнеше мәрте болған және олардың ғылыми ортасымен әлі де тығыз байланыста. Сондықтан, автордың пікірі – мәселені ішінен білетін, екінші жағынан сыртқы көзқараспен «батыстық» өлшеммен салыстыра алатындығымен ерекше.

Жалпы алғанда тақырыпқа қатысты зерттеулер жеткілікті. Дегенмен, жаңа сын-қатерлер, аймақтың алдындағы жаңа мүмкіншіліктер мен қиыншылықтар тақырыпты жаңа қырынан қарауды талап етеді.

Теориялық негіздемесі мен зерттеу әдістемесі

Халықаралық қатынастардың қазіргі қалыптасып отырған жаңа тәртіптері мен өлшемдеріне орай, белгілі бір тақырыпты бір ғылыми теория аясында қарастыру қателік болады. Біздің де тақырыпты қарастыру барысында бірнеше дәстүрлі теориялар мен бірқатар жаңа ұстанымдар пайдаланылды.

Орталық Азия аймағы қазіргі уақытта бір жағынан барлық сын-қатерлермен жеке өзі бетпе-бет келіп отырса, екінші жағынан ықпалды ойыншылардың тартыс алаңына да айналып отыр. Қытай тарапы күн өткен сайын аймақтағы ықпалын барлық салаларда күшейтіп, өзінің «ықпал ету» территориясын кеңейтуді, нығайтуды көздесе, Ресей тарапы аймақта қалыптасып отырған жаңа геосаяси ойындарды пайдаланып, әлсіреп бара жатқан аймақтағы ықпалын қайта қалпына келтіруді көздейді. Халықаралық қатынастар теориясы ғылыми бағыт ретінде соғыс пен бейбітшілік мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу нәтижесінде қалыптасқанын білеміз. Дегенмен, соғыс пен бейбітшілік мәселесінің ең негізгі қозғаушы факторы – күш мәселесіне қатысты дәстүрлі көзқарастар толықтай өзгерді. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық қатынастардағы «күш концепциясы» және «күштер теңдігі» тұжырымдары біздің зерттеу нысанымызды сипаттай алады. Мәселен, танымал қырғызстандық дипломат, сарапшы Куштарбек Шамшидов Қытайдың күш концепциясын талдай келе, ресми Бейжіңнің негізгі мақсаты – аймақтағы экономикалық және саяси ықпалды толық қалыптастырғаннан кейін, сырттан келетін жаңа сын-қатерлерге аймақты «қалқан» (буфер) ретінде пайдалану деген көзқарасын білдіреді (Shamshidov, 2012).

Фредрих Эберт қорының қолдауымен жарық көрген «Орталық Азияның аймақтануы: Қазақстан стратегиясы» атты зерттеу жұмысында жаңа теориялық тұжырымдар жасалған. Аталған еңбекте И. Корабоев, Қ. Молдашев бірігіп жазған бірінші бөлімінде бұрынғы Орталық Азия бойынша зерттеулер талданып,

өздерінің ерекшелігі ашып көрсетілген. Авторлар аймақтық интеграцияның толықтай дағдарыста екендігін, Қазақстан немесе Өзбекстан, болмаса аталған екі мемлекет бірге жауапкершілікті мойынға алып интеграциялық үдерісті нақты қадамдармен бастамай, сонымен қатар аймақтың басқа мемлекеттері аталған екеудің басымдығына мойынсұнбай, аймақтағы интеграциялық үдерістің дағдарыстан шығуы мүмкін емес екендігін айтады. Авторлардың аймақтық интеграция жүрсін-жүрмесін, «аймақтану» (regionalization) үдерісі жүре беретінін айтады. Авторлардың пікірі бойынша интеграция жасанды құбылыс болса, «аймақтану» табиғи құбылыс (Qoraboyev, Moldashev, 2019). «Аймақтану» құбылысы туралы тұжырымдары, егер Орталық Азия өз бетімен мойындалған табиғи аймақ болса, ортақ мүдде мен ұжымдық қорғану, қиыншылықтар мен мүмкіншіліктерді ұжымдасып атқару мәселелері жаңа көзқарастармен сипатталатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда біз үшін жаңа болып табылатын осы тұжырым – біз көтеріп отырған мәселелерді реттеуге, түсінуге, аймақтың өз ішінде жаңаша тәсілмен қадамдар жасауға жол ашады.

Аймақтық қатынастардағы орын алып отырған қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты зерделеуде объективтілік принципі, Халықаралық қатынастарды зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде жүйелік тәсілі, аймақ мемлекеттерінің сыртқы саяси-экономикалық қатынастарын зерттеуге бағытталған тарихи-сараптамалық әдіс пайдаланылса, зерттеу тақырыбына қатысты деректер мен ақпараттардың сан қырлылығы сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістерін колдануды қажет етті. Аталған әдістер жинақталған мәліметтерді жүйелі пайдалануға, ақпараттарды өзара салыстыру арқылы шынайылық деңгейін арттыруға көмектесті. Мерзімді басылымдардағы ақпараттарды талдауға, авторлардың көзқарастарын бағалауға, баспасөз беттерінде соңғы қалыптасқан пікірлерді жүйелеуге бақылау, контент-анализ әдісі көмектесті.

Ойталқы

According to the tradition of that time, information about the author is written only on the first or last page of the work. Sometimes such a record containing important information about the author may not be in the manuscript. The discussed treatise also falls into this category. Only some versions of the manuscript indicate that this treatise was composed by al-Farabi. However, the study revealed that a certain part of the treatise we are discussing coincides with the text of one chapter under the heading "Al-Faaz al-Aflatun" in the book of al-Amir Usama ibn-Munqidh (الأمير أسامة بن منقذ) "Lubab al-Adab – لُبَابُ الآدبُ". The search also revealed that some of the sentences in the treatise were found in the book of the Arab philosopher al-Mubashshir ibn Fatik (المبشر بن فاتك) "Mukhtār al-Hikam wa maḥāsin al-kalim – مختار الحكم ومحاسن الكلم"

On the first page of the manuscript of the Kitabul Akhlaq treatise, preserved in Egypt, it is said that the treatise belonged to Abu Nasr al-Farabi. Based on such written sources, we will consider this treatise as the legacy of al-Farabi.

Key words: al-Farabi, manuscript, ahlak, original text, translation.

Ы.М. Палторе

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: yktiyar@inbox.ru

Краткий текстовый анализ трактата Абу Насра аль-Фараби «Китаб аль-Адаб аль-Мулукия ва аль-Ахлак аль-Ихтиярия»

Определенная часть трактатов Абу Насра аль-Фараби, проживавшего в средневековье, переведена на казахский язык. Однако есть и трактаты, которые еще не вошли в научный оборот. Одним из таких трактатов является трактат «Китаб аль-Адаб аль-Мулукийя ва аль-Ахлак аль-Ихтиярия» (كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية) (сокр. вар.: *Китаб аль-Ахлак*).

В данной статье представлена информация о рукописных и печатных версиях этого трактата и его частичный перевод. Наряду с переводом на казахский язык начальной части трактата проводится краткий текстовый анализ исходного текста.

В статье делается акцент на то, что каждое новое предложение трактата отличается тем, что оно начинается с глагола «каля» – (قال) «сказал», то есть «сказал Платон». И это слово «каля» может свидетельствовать о том, что аль-Фараби передает слова Платона. Аль-Фараби, когда записывает свои мысли и философские объяснения, в дошедших до нас трактатах, то фактически нигде не пишет, что это его (аль-Фараби) слово.

По традиции того времени информация об авторе пишется только на первой или последней странице произведения. Иногда такой записи, содержащей важную информацию об авторе, может и не быть в рукописи. Обсуждаемый трактат также попадает в эту категорию. Лишь в некоторых версиях рукописи указано, что этот трактат составил аль-Фараби. Однако в ходе исследования выявлено, что определенная часть обсуждаемого нами трактата совпадает с текстом одной главы под заголовком «*Аль-Фааз аль-Афлатун* – ألفاظ أفلاطون» в книге аль-Амира Усамы ибн Мункиза (الأمير أسامة بن منقذ) «Любаб аль-Адаб – لُبَابُ الآداب». Поиск также показал, что некоторые из предложений трактата были найдены в книге арабского философа Аль-Мубашира ибн Фатика (المبشر بن فاتك) «*Мухтар аль-хикам ва махасин аль-калим* – مختار الحكم ومحاسن الكلم».

На первой странице рукописи трактата «*Китабул Ахлак*», сохранившейся в Египте, написано, что трактат принадлежал Абу Насру аль-Фараби. Основываясь на такие письменные источники, мы будем рассматривать этот трактат как наследие аль-Фараби.

Ключевые слова: аль-Фараби, рукопись, ахлак, оригинальный текст, перевод.

Кіріспе

Әбу Насыр әл-Фарабидің бізге жеткен трактаттарының белгілі бір бөлігі әлеуметтік-этикалық бағытта жазылған трактаттар. Әл-Фарабидің «*Китаб тахсил әс-Саьада*» (كتاب تحصيل السعادة – Бақытқа жету жайында), «*Китаб әт-Танбиһ алаә сәбил әс-Саьада*» (كتاب التنبيه على سبيل السعادة – Бақыт жолын сілтеу), «*Китаб әс-Сийаасаат әл-Мәданийа*» (كتاب السياسات المدنية – Азаматтық саясат), «*Китаб фусул әл-мәдани*» (كتاب فصول المدني – Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері), «*Китаб Әраа әһлу әл-Мәдина әл-Фадила*» (كتاب آراء أهل المدنية الفاضلة – Қайырымды, ізгі қала тұрғындарының ой-пікірлері) деп аталатын трактаттарында әлемдегі барлық заттардың қалай пайда болғандығы туралы, тіршіліктің түрлері, адам және оның күш-қабілеттері, қоғамның пайда болуы, ұжымдасып өмір сүру формалары, ондағы азаматтардың

мінез-құлқы мен әділетті басшыға қойылатын талап-шарттар, қайырымды қала тұрғындарына ортақ мәселелер, ерік-жігер мен таңдау арасындағы айырмашылықтар, бақыт, әділдік туралы түсінік-тұжырымдар әр қырынан талқыға түседі. Осы орайда, «Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық еңбектерінің тақырыптары бірыңғай бола тұрса да, ол бұл еңбектерінің әрқайсысында қандай да болсын бір жаңалықты баяндайды, басқа еңбектерде келтірілген қағидаларды тереңдетеді немесе жаңа тұрғыдан қарастырады» (Әл-Фараби, 1975: 385), – деген пікірмен келісуге болады. Бір сөзбен айтқанда, сонау ортағасырларда өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фарабидің айтқан философиялық ой-толғамдары, талқыға салған тақырыптары бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Керісінше қазіргі жаһандану заманында күллі адамзат баласына ортақ құндылықтарды дәріптеу, белгілі бір ұлттың емес, барша халықтың бейбіт әрі бақытты өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру, Шығыс пен Батыс арасындағы түсінік алшақтығын жақындастыруда барша адамзаттың игілігін көздеген әл-Фараби трактаттарының өзіндік орны бар екендігі талас тудырмайды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Әбу Насыр әл-Фарабидің қазақ тіліне аударылмаған трактаттарының бірі – «*Китаб әл-Әдәб әл-Мулукийа уа әл-Ахлақ әл-ихтийарийа*» (كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية) (қысқаша «*Китабул Ақлақ*») атты трактат. Бұл трактатта Платонның өте құнды ақыл-кеңестері, этикалық құндылықтарға негізделген ой-толғамдарының топтамасы жинақталған.

Ежелгі грек философы, математик, әрі еуропалық идеализм философиясының негізін қалаушы көпшілік арасында «Платон» (арабша: Афлатун – أفلاطون) деген лақаб атпен танылған Аристоклдың (Платонның) саясат жөніндегі теориялық идеяларымен жақыннан таныс болған әл-Фараби оны өзі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымына орай талдап жетілдіре түсті. Негізі «Платон диалогтары философияны, этиканы, риториканы, дін және математиканы қамтыған ғылым-білім үйретудің және тәрбие берудің күрделі жүйесін құрайтындығы» (https://kk.wikipedia.org/wiki) белгілі. Әл-Фарабиге Платонның *ахлақ* (أخلاق – этика, мораль) және саясат (السياسة) туралы ойлары әсер етсе, логика мен жаратылысты, қоршаған ортаны тануда Аристотельдің ой-тұжырымдарынан әсерленді. Әл-Фараби *ахлақты* саясаттың бір саласы ретінде қарастыруда Платон мен Аристотельдің көзқарастарын басшылыққа ала отырып, оны ары қарай жетілдіргені бүгінде талас тудырмайды.

Осы орайда, *ахлақ* дегеніміз «әрбір адамның жеке-жеке ізгілікке ие болуға және бақытқа жетуіне әкелетін жеке мінез-құлқын зерттеу, ал саясат жалпыға ортақ бақытқа қалай жетуге болатынын зерттеуді білдіреді, сондықтан *ахлақ* пен саясаттың түпкі мақсаты бірдей», (موزه، أحمد راشد العبار، القيّم الأخلاقية بين الفكرين الاسلامي والغربي في عصر العولمة، ص: 141) – деген ғылыми қорытынды тұжырыммен келісуге болады.

Негізі әл-Фарабидің пайымдауынша, *ахлақ* (этика, мораль) логика қызметі мен рөліне ұқсас үлкен мәнге ие. Логика ғылымы таным заңдарын белгілейтіні сияқты, *ахлақ* да адам өзінің мінез-құлқында ұстануға тиісті негізгі заңдарды белгілейді, дегенмен де ахлақ амал мен тәжірибе маңызы тұрғысынан логикадағыдан да жоғары тұрады деуге болады. Әл-Фарабидің трактаттарына зер салып қарасақ, *ахлақ* мәселесін қарастыруда сөзсіз грек философтарының – әсіресе Платон мен Аристотельдің ықпалында болса, «олардың қайсысына көбірек бейім болды екен» – деген орынды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа зерттеуші ғалым Т.Ж. Де Бор: «Әл-Фараби *ахлақ* мәселелерін қарастыруда кейде Платонның пікірімен келіссе, ал енді келесі бір жолы Аристотельмен келіседі, сондай-ақ кейде мистицизм мен аскетизмді елемей, ол екеуінің де көзқарастарынан асып кетуі мүмкін» (ت. ج. دي بور، تاريخ الفلسفة في الاسلام، ص 229) деген мағынадағы жауапты береді. Расында Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғалығына, философиялық ой-пікірлеріне Платон мен Аристотельдің философиялық идеялары, теориялық ой-тұжырымдары айтарлықтай ықпал еткені рас. Десек те әл-Фараби Платон мен Аристотельдің мұраларына сыни көзбен қарап, оны мұсылмандық дүниетаным аясында өз бетінше дамытып, жетілдіргенін зиялы қауым, зерттеуші ғалымдар мойындайды. Сондықтан да осы орайда, әл-Фараби: «Платонның идеалистік және кейбір мистикалық ойларын қабылдамады» (Бурабаев, Курмангалиева, Сагадеев, 1984:14) деген пікірмен келісуге болады. Мысалы, Платонның «Мемлекет» диалогында салауатты (идеалды) мемлекеттің басты мақсаты мәңгілік идеяларды

іске асырып, оны барынша қоғамдық-саяси өмірге бойлай кіргізу дейді. Платонның осы бір ойына әл-Фараби керағар пікір айтып, «Қайырымды қаланың» көркейіп, дамуына адамдардың практикалық іс-әрекеттері мен ізгілікті ойлау қабілеті басшылыққа алынуының қажеттілігі баяндалады. Әл-Фарабидің мемлекет жөніндегі теориялық құрылымында әділдіктің, қайырымдылық пен әдемілік заңының негізінде құрылған қала-мемлекет жүйесін көпшілікке түсінікті болу үшін адам денесінің мүшелерін мысал ретінде олардың әрқайсысы өз қызметін атқаратындығымен байланыстыра талдап түсіндіретіндігін байқаймыз. Нақтырақ айтсақ, «*Китаб фусул әл-мәдани* – كتاب فصول المدني» атты трактатында: «...дененің басты-басты мүшелерінің әрқайсысының қызметі басқа мүшенің қызметінен өзгеше, ал бұл мүшелердің әрқайсысының бөлшектері, дененің сол бас мүшесінің мақсатына жету үшін өздерінің алуан түрлі қызметімен бір-біріне көмектеседі. Одан кейін басты-басты мүшелердің әр түрлі мақсаттары бір-бірімен ұштасқанда, олардың әр алуан қызметтері бүкіл дененің мақсатына жетуге бағытталған өзара көмек болып бірігеді. Үй бөлшектерінің үйлерге қатынасы қандай болса, үйлердің қалаға қатынасы да сондай, сөйтіп дене мүшелері қалай біріксе, қаланың барлық бөлшектері бірге қосыла келе қалаға пайда келтіреді және өздерінің (игілігін) өзара бірлесіп сақтау үшін де пайдалы болады», (Әл-Фараби, 1975: 209) – деген тұжырым жасайды.

Егер біз Платон, Аристотель мен әл-Фарабидің өмір сүрген замандарына ой жүгіртіп қарайтын болсақ: құл иеленуші антик заманындағы философтар бір-біріне бағынбайтын, грекия полистерінде өмір сүрсе, олардан мың жылдан кейін орта ғасырларда өмір сүрген әл-Фараби заманы қарамағына бірнеше мемлекет пен этникалық тұрғыдан әртүрлі халықтарды бір тудың астына біріктіре алған Араб халифаты кезеңіне тұспа-тұс келген болатын. Осындай тарихи кезеңде өмір сүрген әл-Фарабидің өзіндік дүниетанымының қалыптасуына «екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениеті» (Әл-Фараби) айтарлықтай ықпал еткені ақиқат.

Әл-Фарабидің *ахлақ* (этика, мораль) негізінде қалыптасқан саяси көзқарастары, ой-тұжырымдары – парасаттылық пен ізгіліктің, адамгершілік пен қайырымдылықтың, махаббат пен сүйіспеншіліктің шегіне жеткен қала-мемлекетті адамзатқа ұсынумен байластыруға болады. Негізі әл-Фарабидің пікірінше, ахлақтың (мораль, адамгершіліктің) мақсаты – бақытқа жету. Басқаша айтқанда, «әл-Фарабидің этикасының ең жоғары категориясы – бақыт, өйткені басқа бірдеңе үшін емес, тек өзі үшін қажет болатын игілік және ең жоғары игілік осы бақыттың бойында шоғырланған. Атап айтқанда, космология мен этика, жалпы философиялық құрылым және оның практикалық мағынасы осы шеңберде ұштасады...», (Әл-Фараби, 1975) – деуге болады. Бұлай деуімізге әл-Фарабидің «*Китаб тахсил әс-Саьада*» (كتاب تحصيل السعادة – Бақытқа жету жайында), «*Китаб әт-Танбиһ алә сәбил әс-Саьада*» (كتاب التنبيه على سبيل السعادة – Бақыт жолын сілтеу) деп аталатын трактаттары да дәйек бола алады. Осы трактаттарында әл-Фараби: «Егер адамның өмір сүруінің мақсаты бақытқа – ең жоғарғы кәмелетке жету болса, онда ол қабілетіне қарай соған жеткізетін нәрсенің бәрін алуы тиіс» десе, енді бірде: «Адамдардың барлығы бірдей жаратылысынан бақыт ұғымын және басқа да білуі тиіс нәрселерді біле бермейді. Ол үшін оған ақылгөй ұстаз әрі тәлімгер керек», – деген ой түйеді. Ал енді бірде: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол бақыт дегеннің не екенін біліп, кейін оны өзінің мұраты етіп, соған ұмтылуы қажет» деп талап қояды. Осылайша әл-Фараби: «Адамның алғашқы ақылмен пайымдалатын нәрселерге қол жеткізуі – оның алғашқы кемелдікке жетуі деген сөз. Өйткені ол бұларды кемелдіктің ең соңғы сатысында қолданады. Міне, бақыт – осы» деген тұжырым жасайды.

Түйіндеп айтсақ, әл-Фараби ахлақтық ізгіліктердің төрт түрі болатындығын алға тартады. Олар: «*әл-Фадаил ән-Назарийа* – الفضائل النظرية» (теориялық ізгіліктер), «*әл-Фадаил әл-Фикрийа* – الفضائل الفكرية» (ой-пікір, интеллектуалдық ізгіліктер), «*әл-Фадаил әл-Ахлақийа* – الفضائل الأخلاقية» (этика, мораль, адамгершілік қасиеттер), «*әл-Фадаил (ас-Синаьаат) әл-Илмийа* – الفضائل العلمية (الصناعات)» ғылыми-өнеркәсіптік ізгіліктер (өндірістер). Осы аталған ізгіліктер әл-Фараби трактаттарындағы түпкі негізгі идея іспеттес. Әр шығармасында аталған ізгіліктер, адами жоғары құндылықтар мұсылмандық дүниетаным аясында насихатталып, дәріптеледі. Осы орайда, ислам дінінің де түпкі өзегі барша адамзат баласына

жоғары адамгершілік деңгейіне жетуге нақты бағыт-бағдар беретіндігін еске сала кету орынды болар деген пікірдеміз.

Мақаладағы негізгі мақсат – әл-Фарабидің қазақ тіліне аударылмаған тың трактатын ғылыми айналымға енгізу. Трактат туралы жалпы ақпарат беру. Трактаттың түпнұсқа нұсқаларымен жұмыс жасап, оларға салыстырмалы түрде текстологиялық талдау жасау. Түпнұсқа мәтіндегі ұғымдарды оқырманға мейлінше түсінікті етіп жеткізу болып табылады.

Зерттеу нысаны – «*Китаб әл-Әдәб әл-Мулукийа уа әл-Ахлақ әл-ихтийарийа*» (كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية) (қысқаша «*Китабул Ақлақ*») атты трактат мәтінінің қолжазба нұсқалары.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу мақалада нысаны қолжазба мәтін болғандықтан негізінен салыстыру, талдау, дәйектеу, сипаттау, баяндау, түйіндеу әдістерімен қатар ішінара диахрониялық, синхрониялық және герменевтикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Әбу Насыр әл-Фарабидің күні бүгінге дейін қазақ тіліне аударылмаған, ғылыми айналымға ене қоймаған трактаттарының бірі – «*Китаб әл-Әдаб әл-Мулукийа уа әл-Ахлақ әл-ихтийарийа*» (كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية) атты трактат. Бұл трактаттың қазірше бізге белгілі бірнеше нұсқалары бар. Олар Түркия, Мысыр, Иран кітапханаларында әртүрлі атаулармен тіркеліп сақталуда. Нақтырақ айтсақ, Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасындағы Фадл Ахмет Паша коллекциясында 1228 нөмірінде «*Китаб фи Тақвимус-сийасатул-Мулукийа уал-Ахлақул-Ихтийарийа уа Маъан Табиьиа мин Кәлам Афлатун*» (كتاب في تقويم السياسة الملوكية والأخلاق الإختيارية ومعان طبيعية من كلام أفلاطون) атауымен тіркелген бұл трактат 863 хижри (милади 1458) жылы Дауд бин Фарис әл-Фарраш (داود بن فارس الفرَّاش) тарапынан көшірілген нұсқа екендігі жазылған. Осы трактатта бұл трактатты Әбу Насыр әл-Фараби Платонның айтқан сөздерін жинақтағандығы туралы жазба кітаптың алғашқы бетінде жазылған.

1-сурет – Fazıl Ahmed Paşa koleksiyonu 1228 нөмірлі нұсқаның 1-беті. Асты сызылған сөйлем.
(جمع أبي نصر محمد بن محمد الفارابي رضي الله عنه مجموعة عن أفلاطون في قويم السياسة الملوكية والأخلاق الإختيارية ومعان فلسفية)

Келесі нұсқа Сүлеймания кітапханасындағы Есат Ефенди коллекциясында 1882 нөмірімен тіркелген. Бұл нұсқа 893 хижри (милади 1487) жылы Юсуф бин Абдуллаh тарапынан көшірілгендігі туралы ақпарат бар.

Ал келесі бір нұсқасы Айасофия кітапханасында 2820 нөмірімен тіркелген. Трактаттың атауы *«әл-Алфаз әл-Афлатунийа фи тақуим әс-сийасат әл-Мулукийа уа әл-Ахлақ әл-Ихтийарийа»* (الألفاظ الأفلاطونية في تقويم السياسة الملوكية والأخلاق الإختيارية) деп аталады.

Трактаттың бұл нұсқасы хижри жыл санауы бойынша 680 – (милади 1281) жылы Бағдат қаласында Йақут әл-Мустасими тарапынан көшірілгендігі жазылған. Айасофия кітапханасында 3990 нөмірімен де тағы бір нұсқасы тіркелген. Мұнан бөлек, Топкапы Сарайы III-інші Ахмед кітапханасында 2598 және 3249 тіркеу нөмірлерімен тіркеліп, сақталған нұсқалары да бар. Трактаттың тағы бір нұсқасы Нуруосманийа кітапханасында 2598 нөмірімен тіркелген.



2-сурет – Esad Efendi koleksiyonu 1882 нөмірлі нұсқаның алғашқы және соңғы беттері



3-сурет – Ayasofiya koleksiyonu 3990 нөмірлі нұсқаның алғашқы беті

Мысырдағы Дарул Кутуб кітапханасында 183 Ахлақ Теймур 4785/М нөмірімен тіркелген нұсқасының көшірмесі қолымызда бар.

Осы айтылғандардан бөлек қазірше біздің қолымызда жоқ Иранның Машхадтағы Астана Кудс кітапханасында 3535 нөмірімен, Асфаханда 2813 (10) нөмірімен, ал Бейруттегі Америка университетінің кітапханасында Міс-А-316 тіркелген нұсқасы да бар екендігі зерттеу барысында белгілі болды.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «*Китаб әл-Әәдаб әл-Мулукия уа әл-Ахлақ әл-ихтийарийа*» (كتاب الآداب

(الملوكية والأخلاق الإختيارية) атты трактатының қолжазба нұсқаларының ғылыми айналымға енуі жайында қысқаша тоқталар болсақ, жоғарыда айтылған Иранда сақталған екі нұсқа доктор Абдурахман Бадауидың «*Афлатун фил-Ислам*» (أفلاطون في الإسلام) атты араб тілінде әзірлеген еңбегінің 189-212 беттерінде трактаттың екі нұсқасы салыстырмалы талданып, кейбір сілтемелерімен бірге 1974 жылы жарыққа шыққан. Сондай-ақ біз талқыға салып отырған трактат 1935 жылы Ахмед Мухаммед Шәкир-дың қолжазба нұсқадан баспаға әзірлеуімен жарық көрген әл-Әмир Усәмә ибн Мунқиздың* «*Лубәб әл-Әдәб* – لُبَابُ الآداب»** атты кітабының 447 бетінде «*Әлфаз Афлатун* – ألفاظ أفلاطون» деген атаумен берілген бөлімде де кездеседі. Ал түрік тілінде проф. Абдулла Кызылжык (Abdullah Kızılcık) әзірлеген «Farabi Bibliyografyası»*** атты кітаптың 20-21 беттерінде трактаттың Түркиядағы нұсқалары туралы қысқаша ақпаратпен қоса, бастапқы және соңғы бөлігінің түрік тіліндегі аудармасы ұсынылған. Түрік тіліндегі толық аударманы Кевсер Өзчелик (Kevser Özçelik) «Adabul Mulukiyye Vel Ahlakul İhtiyariyye» деген атаумен 2020 жылы кітап етіп шығарған. Кітаптың кіріспе бетінде трактаттың Түркиядағы нұсқалары туралы қысқаша ақпарат берілген. Бұл аудармада алдымен араб тіліндегі түпнұсқа мәтін бөлек-бөлек сөйлем түрінде беріліп оның әрқайсысының астына түрік тіліндегі аудармасын беру тәсілімен ерекшеленеді. Ал енді сөз етіп отырған трактаттың орыс не ағылшын тілдеріне аударылғандығы жайында біздің қолымызда ешқандай ақпарат жоқ. Ізденіс барысында орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары табылмады. Сондықтан біздің пайымдауымызша талқыға түсіп отырған трактат қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылмаған деген тұжырым жасаймыз. Осы орайда айта кетуі тиіс бір мәселе ізденіс барысында трактаттағы кейбір сөйлемдер «*Мухтар әл-хикам уа махасин әл-кәлим*» (مختار الحكم ومحاسن الكلم) деген атаумен 1958 жылы Мадрид қаласында жарық көрген кітапта кездеседі. Бұл кітапты қолжазба нұсқадан баспаға әзірлеп басып шығарған доктор Абдурахман Бадауи, ал жинақтаушысы (авторы) Дамаск қаласында туылған, 1019-1097 аралығында өмір сүрген «*Әл-Мубашшир ибн Фәтик Әбу әл-Уафә*» (المبشر بن فاتك أبو الوفاء) деген араб философы. Ол бұл еңбегінде ежелгі данышпандардың айтқан нақыл сөздерін жинақтаған. Ізденіс барысында бұл жинақтың латын, испан, француз, ағылшын тіліне (https://ar.wikipedia.org/wiki) аударылғандығы туралы ақпарат бар екендігі анықталды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей әл-Фарабидің «*Китаб әл-Әдәб әл-Мулукуия уа әл-Ахлақ әл-ихтийарийа*» (كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية) атты трактатының бізге белгілі бірнеше қолжазба нұсқалары сақталған. Олардың кейбірінің ғана көшірме нұсқалары қолымызда бар. Сондықтан қазірше трактаттың мәтініне толықтай текстологиялық талдау жасауға мүмкіндік болмайды. Оның үстіне талқыға түсіп отырған трактаттың көлемі шағын еместігін ескерсек, бір мақала аясына сыймайтындығы да түсінікті. Осы уәждемені алға тарта отырып, мақала барысында біз қазірше трактаттың бастапқы бірекі сөйлеміне ғана талдау жасаумен шектелеміз.

Трактаттағы алғашқы сөйлемде: « قَالَ أَفْلَاطُون: «لَا تَصْحَبُوا الْأَشْرَارَ فَإِنَّهُم يَمُنُّونَ عَلَيْكُمْ بِالسَّلَامَةِ مِنْهُم» (*Қола Афлатун: Лә тасхабу әл-ашрара фә иннаһум йамуннунә ъаләйкум бис-сәләмати минһум* – қазақша айтқанда, «Платон айтты: «Жамандармен дос болмаңдар. Себебі олар сендерге есен-амандықты міндеттейді (сосын олардан еш құтыла алмайсыңдар, себебі өмірлеріңе қауіп төндірумен қорқытады)» деген мағынадағы ой айтылған. Сөйлемдегі алғашқы сөз «дос болу, еріп жүру, бірге жүру, ілесу, серік болу» деген мағыналарды білдіретін араб тіліндегі «*сахибә*»

* Усама бин Мунқиз әш-Шейзари – أسامة بن منقذ الشَّيْزَرِيُّ (1095-1188) Сирияда дүниеге келген ортағасырлық мұсылман ақыны, әскери қолбасшы әрі дипломат. Ол өз заманында Араб елдерін жиі аралап, Мысыр, Палестина және Тигр өзенінің бойында болып, Меккеге қажылыққа барды. Ол өзі қызмет еткен соттардың саясатына жиі араласып, Дамаскіден де, Каирден де жер аударылған. Оның «*Китаб әл-Аса*», «*Лубәб әл-Адаб*», «*әл-Мәнәзил уә әл-Дияр*», «*Китаб әл-И'тибар*» деген еңбектері бар. Қазір ол өзінің «Китаб әл-И'тибар» (алғаш рет Лейденде 1884 жылы басылып шыққан) кітабымен көбірек танымал. Бұл кітап XII ғасырдағы арабтардың өмірі және олардың крестшілермен қарым-қатынасы туралы өмірбаяндық хроника, өнер туындысы және ортағасырлық араб Шығысының өмірі туралы тың ақпарат беретін маңызды тарихи жазбадереккөзі ретінде құнды болып табылады.

** Кітап: «Өсиеттер туралы», «Саясат туралы», «Жомарттық туралы», «Батылдық туралы», «Әдеб пен адамгершілік туралы», «Шешендік және даналық туралы» деген жеті тараудан тұрады. Әр тарауда қасиетті Құраннан, хадис шәрифтен, әдеби жазба ескерткіштердегі проза мен поэзиядан, әдеби кітаптарда айтылған ой-тұжырымдардан кейбір үзінділер кездеседі. Автор бұл еңбегінде кейде өз басынан өткен, өзі көрген, естіген яки куә болған оқиғалар жайында да баян еткен.

*** Prof.Dr. Abdullah Kızılcık tarafından hazırlanan Farabi Bibliyografyası kitabı Demavend Yayınları tarafından E-kitap olarak yayınlandı. Kitap http://demavend.com.tr adresinden ücretsiz olarak çevrimiçi okunabilir veya pdf formatında indirilebilir.

(صَحِبَ (а) صُحْبَةٌ) етістігінің көпше түрдегі болымсыз түрі. Етістіктің болымсыз түрі «*Лаа* – لَا» харфы (көмекші сөзі) арқылы жасалған. Трактаттың қолда бар қолжазба нұсқаларының бәрінде де осы үлгіде басталады. Бір айта кететіні тек Иранда сақталған екі нұсқада жоғарыда берілген сөйлемнің асты сызылған «*минhум* – مِنْهُم» деген соңғы бөлігі кездеспейді.

4-сурет – Nuruosmaniye koleksiyonu 2598 нөмірлі нұсқаның алғашқы және соңғы беті

5-сурет – Дарул Кутуб 183 Ахлақ Теймур 4785/М нұсқасының алғащқы беттері.
Алғашқы бетінде: «كتاب الأداب والأخلاق لأبي نصر الفارابي المتوفي 339 هـ» деген жазба бар

Тарактаттағы келесі сөйлем: « وَقَالَ: إِذَا أَقْبَلَتْ الدَّوْلَةُ خَدَمَتِ الشَّهَوَاتُ العُقُولَ وَإِذَا أَدْبَرَتْ خَدَمَتِ الْعُقُولُ الشَّهَوَاتِ» (*Уа қалә*: *Изәә ақбәлат әл-дәуләту хадумат әш-шәһәуаату әл-ьуқуулә уа изәә әдбәрат хадәмәт әл-ьуқулә әш-шәһәуаат*). Қазақша мағынасы: «Егер мемлекет дамып, ілгерілесе, шаһуат-қалау, құмарлықтар ақылға қызмет етеді. Ал егер (мемлекет) кері кетсе, онда ақыл шаһуат-қалау, құмарлықтарға қызмет етеді». Осы сөйлемдегі «*әқбәләт* – أَقْبَلَتْ» етістігі қазақ тілінде шығу, алға жылжу деген мағынада қолданылады. Жоғарыдағы мәтін ішінде мемлекет алға жылжып дамыса деген мағынамен қатар, егер кімнің қолында билік те, байлық та барлығы болса деген мағынаны да түсінуге болады. Аударма «мемлекет» сөзін түпнұсқа мәтіндегі «*әд-Дәуләту* – الدَّوْلَةُ» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде алып отырмыз. Осы орайда, қолжазбаның кейбір нұсқаларында «*әд-Дәуләту* – الدَّوْلَةُ» сөзінің орнына «*әл-Мәмләкәту* – الـمَمْلَكَةُ» сөзі қолданылғандығын да айта кету орынды болар. Бұл сөздің араб тіліндегі мағынасы патша басқаратын мемлекет мағынасында. Жоғарыда айтылған мәтінде «*әд-Дәуләту* – الدَّوْلَةُ – мемлекет» сөзі сұлтан, патша ел билеуші немесе лауазым, мәртебе мен байлық мағыналарын да өз ішіне қамти алады. Басқаша айтқанда, адам жанының жаратылысы, дүниені иемденіп, дәулет пен байлыққа қол жеткізсе, көп жағдайда жаратқан Иеге шүкіршілігін азайтып, пендешілікке салынады. Құдайын ұмытып, тіпті Оны сырт айналып, Құдай тағаладан алыстап кетеді. Ал жағдайы нашар болып, үй-күйі болмай көшіп-қонып, тұрмысы төмен болып жүрсе, жаратқан Иеден жақсылық үміт етіп, Оны әрдайым есінде сақтайды. Бұл адамзат баласына ортақ қасиет деуге болады.

Өз заманында Платон адам жанының табиғатын сипаттай келе егер адам байлықта және молшылықта өмір сүрсе, ол көп жағдайда бедел мен жоғары қабілеттілік ретінде бейнелейді; Бұл оның қалауларға қарсы тұру қабілеті төмендеп – көп жағдайда ол өз тәуелсіздігінен айырылады. Осыдан кейін оны бағыттайтын да жетелейтін шаһуат-қалау, құмарлықтар болады. Себебі ақшаға деген құмарлық ондай адамды оны көбейтуге итермелейді, ал ақша жинаудың адами жағы теріске шығарылса, ақшаға деген құмарлық адамның өмірін басқарады да ол адам тыйым салынған іс-әрекеттерді еркін орындауға дейін жетеді. Байлығы артқанша қандай әрекет болса да жасауға барады. Байлық үшін жасалған қылмыстық іс-әрекеттердің түрлі сылтаулары табылады. Ал егер адамның тұрмыстық жағдайы төмендеп, кедейленіп, дүниенің сән-салтанаты одан сырт айналатын болса, оның есі жиылып, Жаратқан Иеге бет бұрып тәубесіне келеді. Осы орайда, қасиетті Құран Кәрімдегі: «Расында, адам баласы сабырсыз етіп жаратылған. Қашан, оған жамандық (кедейшілік, қиыншылық) жетсе, ол өте сабырсыздық қылады. Ал қашан оған жақсылық (бақ пен дәулет, бақыи пен билік) жетсе, ол өте қайтарушы-өте сараң»* болады деген мағынадағы аят еске түседі. Түйіндеп айтқанда, Платонның осы бір тұжырымды ойы ислам дінінің ұстанымдарына қайшы келмейді деуге болады.

Трактаттағы келесі сөйлем « وَقَالَ: لَا تَقْسِرُوا أَوْلَادَكُمْ عَلَى آدَابِكُم فَإِنَّهُمْ مَخْلُوقُونَ لِزَمَنٍ غَيْرِ زَمَانِكُمْ.» (*Уа қалә*: *Ләә тақсируу Әуләдәкум ьалә Әдәбикум, фәиннәһум махлуқуунә ли зәманин ғайри зәмәникум*). Қазақша мағынасы: (Платон): «Балаларыңды өз өмір салттарыңа мәжбүрлемеңдер. Себебі олар сендердің замандарыңнан басқа бір заман-кезең үшін жаратылған» деп айтты.

Осы сөйлемдегі «*тақсируу* – تَقْسِرُوا» етістігі қазақша мәжбүрлеу; жек көру; күшпен әрекет етуге мәжбүрлеу деген мағыналарды білдіреді. Жоғарыдағы мәтінде осы етістіктің болымсыз түрі қолданылған.

Мәтіндегі «Әбәәб – الآدَاب – әдеп» сөзі қазақ тілінде де жиі қолданылады. Десек те мәтінде өмір сүру салты, мінез-құлық ұстанымдары меңзеледі. Платонның пікірінше, әр адам өзі өмір сүретін ортаға бейімделуі қажет. Сондықтан ата-ана баласын өз заман аясында емес, келешекте баласы өмір сүретін ортаға бейімдеп дайындау керектігі туралы кеңес беріледі.

Қорытынды

Әл-Фарабидің ой-тұжырымдарында ахлақ пен саясаттың арақатынасы тығыз. Бұл екеуі өмірдің мақсатын айқындау мәселесі аясында тоғысады әрі екеуі де адамның жан-жақты жетіліп, кемелденуіне қызмет етеді. Әл-Фарабидің айтуынша, философия ақиқатқа жету үшін әрбір адам үшін мүмкіндігінше қажетті және міндетті.

* «Мағарыж» сүресі, 19-21 аяттары

Ұлы ойшыл өзіне дейінгі Платон мен Аристотельдің зерттеулері сыртқы көрініс тәр түрлі болғанымен мақсатта – бір деген тұжырым жасайды. Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген сонау ортағасырларда адам тәрбиесіне ерекше мән беріп, тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен практикалық өнерлерді дарыту деген сөз дейді. Отандық фарабитанушы зерттеуші ғалымдардың бірі А.Көбесовтің: «Фарабиге дейінгі «ғылым пайғамбарлары» (Аристотельдің өзін қоса) теорияны эксперимент, тәжірибе арқылы тексеру, жөндеу мәселесін шешпек түгіл мардымды түрде айтқан да емес» (Көбесов, 2004: 30) деген тұжырым жасаған. Дегенмен де кейбір батыстық философтар, мысалы Е.Ж. Розенталь: «... «мұсылманның саяси философиясы», оның этика-эстетикалық және басқа да ойлау жүйелері толықтай «Платон мен Аристотельден алынған», ал әл-Фарабидің «ұлы еңбегі» ол тек «екі өркениеттің (эллиндік-грек ойлары мен ислам қағидалары) кемел ойларын бір арнаға тоғыстыратын ортақ негіз жасай алды». Платондық және ислам ойларын бойына сіңірген қайырымды қоғамның басшысын жасап шығару арқылы әл-Фараби исламның саяси философиясына үлкен үлесін қосты» (Розенталь, 1953: 157-159) деген пікір айтқан. Ал басқа батыстық ғалымдар шоғыры: Платонның «Заңдарымен» әл-Фараби жақсы таныс болғандықтан, оның негізгі мазмұнын тек «жеткізуші» (Журнал ближневосточных исследований, 1961) деп баға берген.

Осы мақалада талқыға түскен трактатта әл-Фараби Платонның айтқан сөздерін жинақтаушы, жеткізуші ретінде көрініс табады. Қолда бар қолжазбаларды негізге ала отырып зерттеп қарағанда аталмыш трактатта Платонның 383 даналыққа толы ақыл-кеңестері топтастырылғандығы анықталды. Қолжазбаның кей нұсқасында мұндай ақыл-кеңестер арнайы тақырыптарға бөлініп берілгендігі белгілі болды. Біз бұл туралы алдағы зерттеу мақалаларымызда арнайы айтатын боламыз.

Қаржыландыру

Бұл мақала ҚР БжҒМ-ның AP08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теолингвистикалық дискурс («Усул ъилм ат-табиъа», «Китабул-Ахлақ» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.
https://kk.wikipedia.org/wiki
كتاب الآداب الملوكية والأخلاق الإختيارية للفارابي
موزه، أحمد راشد العبار، القيّم الأخلاقية بين الفكرين الاسلامي والغربي في عصر العولمة، ص: 141
ت. ج. دي بور، تاريخ الفلسفة في الاسلام، ص 229
Социальные, этические и эстетические взгляды аль-Фараби / М.С. Бурабаев, Г.К. Курмангалиева, А.В. Сагадеев. – Алма-Ата: Наука, 1984.
Әл-Фараби. https://kk.wikipedia.org/wiki
Prof.Dr. Abdullah Kızılcık Farabi Bibliyografyası. Kitap http://demavend.com.tr
https://ar.wikipedia.org/wiki
سنن أبي داوود عن أبي سعيد الخدري
Қасиетті Құран және қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы */ Ауд. С.З. Ибадуллаев.* – Алматы, 2015.
Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
Розенталь Е.Ж. Место политики в философии аль-Фараби: На англ.яз. // Исламская культура. – 1953. – Т. 29. – №3.
Журнал ближневосточных исследований: на англ.яз. – 1961. – Т. 20. – №1.

References

Al-Farabi (1975) Aleumettik-ethicalyq traktattar [Socio-ethical treatises] treatise. Almaty – 1975
https://kk.wikipedia.org/wiki
The Book of Royal Ethics and Optional Ethics by Al-Farabi
Moza, Ahmed Rashid Al-Abbar, Moral Values between Islamic and Western Thought in the Age of Globalization, p.: 141
NS. NS. De Boer, History of Philosophy in Islam, p. 229
M.S.Burabaev, G.K. Kurmangaliyeva, A.V. Sagadeev (1984) Social, ethical and aesthetic views of al-Farabi / Alma Ata-Nauka
Al-Farabi. https://kk.wikipedia.org/wiki
Prof. Dr. Abdullah Kızılcık Farabi Bibliyografyası. Kitap http://demavend.com.tr

https://ar.wikipedia.org/wiki
Sunan Abi Dawood on the authority of Abu Saeed Al-Khudri
S.Z. Ibadullaev (2015) Kasietti Quran zhane Kazakh tilindegi magynalyq audarmasy[Holy Quran and its translation into Kazakh language] / Almaty
A.Kobesov (2004) Abu Nasyr ul-Farabi, Almaty: Kazakh univ-ti,
E.J. Rosenthal (1953) The place of politics in the philosophy of al-Farabi; In English – Ilam culture, v. 29, No. 3.
Journal of Middle Eastern Studies (1961) English., v. 20, no. 1.

IRSTI 03.91.00 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.09

N. Khasanov

Academy Sciences of Republic Uzbekistan
Institute of Uzbek Language, Literature and Folklore, Uzbekistan, Tashkent
e-mail: nadirhanhasan@gmail.com

ABOUT İMAM SIGHNOQIY AND HIS «RISOLA DAR TARJIMA-I AHMAD YASSAWIY»

After the settlement of of Sufism among the Turkic society have occurred many important events in the life of Turks. It was created wonderful examples of the Turkic Sufi culture in social areas as language, literature, art, philosophy, music and many others. So, find to investigate and present to people and scientific community works reflecting the Sufi culture and belonging to eminent persons to occupy an important place in Turkish-Islamic history, is considered an important work in preserving and delivering our national culture and spiritual values to the next generation. In the history of Sufism, many works have been written about the lives and activities of the representatives of the sect. Among them are many works by Khoja Abdulhaliq Gijduvani, such as Maqamat-i Khoja Yusuf-i Hemedani, Khoja Ishaq's «Hadiqat ul-Arifin» and Sultan Ahmad Mahmud Hazini's «Jawahir ul-ebrar min emwaj il-bihar». Didactic works such as this, which express the life and morals of highly spiritual personalities, are important examples of religious and mystical culture. In recent years, done a lot of research on the life and opinions of Khoja Ahmad Yassawiy, was discovered some new sources. Despite this, in many libraries have many more books on Khoja Ahmad Yassawiy and Yassawism schools that are not yet studies. Many legends, stories and narrations about Khoja Ahmad Yassawiy took place in folk literature and written culture and literature examples. Among such works, Imam Husomiddin Sighnoqiy's «Risola dar tarjima-i Ahmad Yassawiy» has a special importance, which is kepted on hand-written storehouse of Institute Oriental studies of name Abu Rayhan Beruniy at the Academy of Sciences of Republic Uzbekistan. In this article, we will try to introduce and analyze this book. Such works have value in terms of the spiritual, social, cultural function of the sects in the society, the relations between the sheikh and the disciple, reflecting the intellectual dimension of Sufism, and following the legacy of the predecessors.

Key words: Sufism, Khoja Ahmad Yassawii, Yassawism, Wisdom, Order, Turkestan.

Н. Хасанов

Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы
Өзбек тілі, әдебиеті және фольклор институты, Өзбекстан, Ташкент қ.
e-mail: nadirhanhasan@gmail.com

Имам Сығнақи және оның «Рисала дар тарджима-и Ахмад Яссауи» еңбегі

Түркі қоғамы арасында сопылық орнағаннан кейін, түркілер өмірінде көптеген маңызды оқиғалар орын алды. Түркі сопылық мәдениетінің тамаша үлгілері тіл, әдебиет, өнер, философия, музыка және басқа да көптеген әлеуметтік салаларда көрініс тапты. Осылайша, сопылық мәдениетті бейнелейтін және түркі-ислам тарихында маңызды орын алатын көрнекті тұлғалардың шығармалары адамзатқа және ғылыми қауымдастыққа ұсыну ұлттық мәдениетіміз бен рухани құндылықтарымызды сақтау мен келесі ұрпаққа жеткізу жолында маңызды жұмыс болып саналады. Сопылық тариқаты өкілдерінің өмірі мен қызметі туралы көптеген еңбектер жазылған. Олардың арасында Абдулхалиқ Ғиждувани қажының көптеген еңбектері бар: Мысалы, Макамат-и Қожа Жүсіп Хамадани, Хадиқат ул-Арифин Қажы Исхақ және Джавахир ул-абрар мин әмуаж ил-бихар Ахмед Махмуд Хазини. Жоғары рухани тұлғалардың өмірі мен адамгершілігін көрсететін мұндай дидактикалық шығармалар діни және мистикалық мәдениеттің маңызды үлгілері болып табылады. Соңғы жылдары Қожа Ахмед Яссауидің өмірі мен шығармашылығы жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілді, кейбір жаңа дереккөздер ашылды. Осыған қарамастан, көптеген кітапханаларда Қожа Ахмед Ясауи мен Ясауи мектептері туралы әлі зерттелмеген көптеген кітаптар бар. Қожа Ахмад Яссауи туралы көптеген аңыздар, әңгімелер халық әдебиетінде, жазба мәдениетінде және әдебиет үлгілерінде кездеседі. Мұндай еңбектердің ішінде Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институтының қолжазбалар қорында сақталатын имам Хусомиддин Сығнақидің «Рисола дар таржима-и Ахмад

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Яссауидің» ерекше маңызы бар еңбегін көпшілік назарына ұсынуға және талдауға тырысамыз. Мұндай туындылар сопылықтың қоғамдағы рухани, әлеуметтік және мәдени қызметі, шейх пен студенттің қарым-қатынасы тұрғысынан құнды, сопылықтың интеллектуалды өлшемін көрсетеді.

Түйін сөздер: сопылық, Қожа Ахмад Яссауи, Яссауи, Даналық, Тәртіп, Түркістан.

Н. Хасанов

Академия наук Республики Узбекистан,
Институт узбекского языка, литературы и фольклора, Узбекистан, г. Ташкент
e-mail: nadirhanhasan@gmail.com

Об Имаме Сигнокии и его «Рисола дар тарджима-и Ахмад Яссавий»

После расселения суфизма среди тюркского общества произошло много важных событий в жизни тюрков. Были созданы прекрасные образцы тюркской суфийской культуры в таких социальных сферах, как язык, литература, искусство, философия, музыка и многие другие. Таким образом, исследование и представление людям и научному сообществу работ, отражающих суфийскую культуру и принадлежащих выдающимся личностям, которые занимают важное место в турецко-исламской истории, считается важной работой в сохранении и передаче нашей национальной культуры и духовных ценностей следующему поколению. В истории суфизма написано немало трудов о жизни и деятельности представителей секты. Среди них много работ Хаджи Абдулхалика Гиждувани, таких как «Макамат-и Хаджа Юсуф-и Хемедани», «Хадикат уль-Арифин» Хаджи Исхака и «Джавахир уль-эбрар мин эмвадж иль-бихар» Ахмеда Махмуда Хазини. Подобные дидактические произведения, которые отражают жизнь и нравственность высокодуховных личностей, являются важными примерами религиозной и мистической культуры. В последние годы было проведено много исследований о жизни и деятельности Ходжи Ахмада Яссави, были обнаружены некоторые новые источники. Несмотря на это, во многих библиотеках есть еще много книг о школах Ходжа Ахмада Яссави и яссавизма, которые еще не изучены. Множество легенд, рассказов и повествований о Ходже Ахмаде Яссави встречается в народной литературе, письменной культуре и образцах литературы. Среди таких произведений особое значение имеет «Рисола дар тарджима-и Ахмад Яссавий» имама Хусомиддина Сигнаги, хранящийся в рукописном хранилище Института востоковедения имени Абу Райхана Беруни при Академии наук Республики Узбекистан. В этой статье мы попытаемся представить и проанализировать эту книгу. Такие работы имеют ценность с точки зрения духовной, социальной и культурной функций сект в обществе, отношений между шейхом и учеником, отражают интеллектуальное измерение суфизма и следуют наследию предшественников.

Ключевые слова: суфизм, Ходжа Ахмад Яссави, Яссави, Мудрость, Порядок, Туркестан.

Introduction

As it is known, Khoja Ahmad Yassawiy made important services in the spread and settlement of Islam and Sufism among the Turks. Khoja Ahmad Yassawiy wisdoms, which is considered one of the shah works of our religious-mystical literature, has shed light on the spiritual life of the Turks for centuries. In many works written by the followers of Khoja Ahmad Yassawiy's teaching in the past, Khoja Ahmad Yassawiy's life, works, thoughts and the principles of the Yassawiy order he founded were mentioned. As a matter of fact, the tradition of writing «terceme-i hal» and «manqıba» about Ahmad Yassawiy, which started with Sufi Muhammed Danishmend, Mevlana Qoylaqiy and Imam Sıghnoqiy, developed over time and in the following centuries, Khoja İshak Ata, Ahmad b. Hazini continued in the works of authors such as Alim Sheikh Azizan, Zinde Ali Mirek, Muhammed Sharif Buhari, Sayyid Ahmad Merghinani and Ahmad Yassawiy and his ideas were given wide coverage in these works.

The purpose of the study

Because the life, ideas, opinions and teachings of Khoja Ahmad Yassawiy have affected the spiritual, religious, political, social and literary life of the Turks for centuries. The interest and interest in Khoja Ahmad Yassawiy's life, works, and views began in his lifetime and close to him.

Many legends, stories and narrations about Khoja Ahmad Yassawiy took place in folk literature and written culture and literature examples. Among such works, Imam Husomiddin Sighnoqiy's «Risola dar tarjima-i Ahmad Yassawiy» has a special importance, which is kepted on hand-written storehouse of Institute Oriental studies of name Abu Rayhan Beruniy at the Academy of Sciences of

Republic Uzbekistan (Sighnoqi H.). The purpose of the research is to introduce this book and its author.

Scientific research methodology

Imam Husomiddin Husayin bin Ali Sıghnoqiy XIV. He died at the turn of the century. His year of birth is unknown. He was born in Sighnoq, in the Sirdarya region, in Northern Turkestan. In 1277, Hafizuddin Muhammed b. Muhammed b. Nasr, Abdulaziz al-Bukhariy, and after him his uncle Fahreddin Muhammed b. Muhammed b. As a result of taking lessons from ulema-i kiram such as İlyas el-Maymergi and Jalaleddin el-Ma'shar, he became familiar with religion and world sciences. Because the fact that he is referred to as "Allama-i Sighnoqiy" in his work confirms that he is a serious scientist.

Sighnoqiy also benefited from his peers such as Husameddin en-Niyazevi al-Ahvezi, Ebu'l-Berekat en-Nesefi, Shemseddin el-Adud el-Kindi, Rukneddin el-Efshenji, with whom he joined the lecture circle. Another scholar who received his ijazah from him was Tajeddin Ahmad b. Mahmud al-Jendi. It is recorded that Sighnoqiy, who gave lectures in Mashhad-i Abu Hanifah in Baghdad, also gave lectures in Damascus, Aleppo, Cairo, Bukhara, Nishapur and went on pilgrimage (Rahmi Yaran).

He has copyrighted and annotated works on fiqh, kalam and nahw sciences. As a matter of fact, in 1290, he wrote an annotation on Husameddin Ahsikati's work al-Muntehab fi usuli'l-mezheb. In 1300, he annotated the famous Burhaneddin Merghinani's Hidaye and wrote the book Nihaye. In 1304, he annotated Pezdavi's Usûl book and wrote al-Kafi in Aleppo. He commented on Omer Nesefi's Tamhid on theology and wrote the books called Tesdid, Imam Zamakhshari's Mufessel on the science of nahw and wrote the books Muvessel. Apart from Risale der terceme-i Ahmad Yassawiy, which is the legend of Ahmad Yassawiy, he is also the author of the book en Nejah fi't-tasrif. Kıvamuddin el-Kaki, Emir Katib el-İtkani, Jalaleddin Ahmad b. Yusuf al-Harizmi al-Kurlani, Jalaleddin Ahmad b. Mahmud el-Ghicduvani, Shemseddin Abdullah b. Imam Sighnoqiy, who trained talented students such as Hajjaj al-Kashghari and İbnu'l-Fasih, passed away in the city of Aleppo in 1311.

«Risala dar tarjima-i Ahmad Yassawiy» is an important work like Mevlana Qoylâki's «Nesebname» and Sufi Muhammed Danishmend's «Mir'atu'l-qulûb». Because, like the aforementioned works, they were written close to the period of Khoja Ahmad Yassawiy. Work XIII. end of the century or XIV. It was written at the turn of the century.

Even though the volume of this work, which is in the Biruni Oriental Manuscripts Institute of Academy Sciences of Uzbekistan, is not that large, it has served as a source for some works related to Yassawim written after him (Tosun N., 1998). As a matter of fact, Sultan Ahmad Hazini's «Jamiu'l-Murshidin» (XVI. century), Alim Sheikh Azizan's «Lemehat min Nefahati'l-quds» (XVII. century) and Muhammed Sharif Husayni al-Bukhari's «Hujjatu'z-Zakirin» (XVII. century) in his works, transfers were made from the Sighnoqiy treatise.

Results and discussion

The epistle of Imam Husameddin Sighnoqiy has anecdotal and historical significance as it contains important information about the life and personality of Khoja Ahmad Yassawiy. For example, in the pamphlet, Khoja Ahmad Yassawiy attained perfection in the presence of his teacher Khoja Yusuf Hamadaniy, his friendship with Hızır, İlyas and Khoja Abdulhaliq Ghijduvani's, he raised mature disciples such as Baba Machin Muhammed Hotani, Hakim Ata Suleyman Baqirghan, Sufi Muhammed Danishmend, Khoja Dugi. It is stated that rulers, ulema-yi kirâm, muftis, imams and abdal-u sufis participated in the conversations of Sultanu'l-arifin and Khoja Ahmad lived 126 or 130 years.

It is estimated that the oral news about Khoja Ahmad Yassawiy was first reported in the aforementioned book. However, some events in the work have an epic character. For example, Khoja Ahmad Yassawiy served 170 sheikhs and received guidance from them, traveled with kalenders for forty years and struck a chord, that is, shaved his hair, beard, mustache and eyebrows, and was also the author of the treatise «Miftahu'l-Ulum». Such as mentioning Khoja Yusuf Hamadani are from these sentences. If we refer to historical sources, «Miftahu'l-Ulum»'s Ebu Yakub Yusuf b. It turns out that it belongs to the pen of Ebi Bekr es-Sekkaki (d. 1228-29).

As it is known, high importance is given to the miracles of parents in the Sufi profession. For example, while Nizameddin Ali Sher Navoiy narrates the lives of seven hundred and seventy sheikhs and saints in his work «Nasayimu'l-Mahabba», he mentions the miracles and extraordinary events that are apparent in each of them separately. Imam Husameddin Sighnoqiy also gave a wide place to the subject of Khoja Ahmad Yassawiy's miracles in his treatise. As a matter of fact, Khoja Ahmad's dancing with a few Turkic sheikhs in the assembly in the garden called «Bağ-i Evliya», speaking to a place called 'Ferket' etc. are among them.

In the treatise, not only Khoja Ahmad Yassawiy, his close friend and colleague Khoja Abdulhaliq Ghijduvani, and his caliph Khoja Arif Mah-i Taban er-Rivgeri's miracles are also narrated about Khoja Ahmad Yassawiy. According to rumors, Khoja Ahmad went on a pilgrimage with his followers. Khoja Abdulhaliq Ghijduvani brought Kabetullah to Ghijduvan by showing miracles, with the intention of avoiding the hardships of the passengers who stopped by the city of Ghijduvan in Bukhara on the way. Again, according to what is reported in the work, Khoja Ahmad asked Abdulhaliq Ghijduvani to show a miracle by asking his student Khoja Arif to become aware of his spiritual-spiritual state. Khoja Arif Mah-i Taban has made it clear that he has a strong spirituality with the sign of his teacher, Khoja Abdulhaliq Ghijduvani.

There are some similarities as well as some differences between the other Khoja Ahmad Yassawiy legends and Imam Husameddin Sighnoqiy's treatise. For example, in the pamphlet, the personality of Arslan Bab, the first teacher of Khoja Ahmad Yassawiy, the ordeal of Khoja Ahmad (in the solitude) and the «hum-i ishq» are not mentioned. Khoja Ahmad Yassawiy's meeting with Khoja Arif Rivgeri is the new information in the pamphlet. As it is reported in him, one day, while Khoja Ahmad was cooking, he sent his disciple Hodja Dugi to Ghijduvan and told him to bring yogurt from Khoja Abdulhaliq. As soon as Khoja Dugi goes to Ghijduvan, he brings yogurt to Khoja Arif Ahmad Yassawiy. Khoja Dugi, who found out about this, envied Khoja Arif's spiritual disposition, saying: «Arif's condition is superior to me.»

As it is known, various metaphors and exemplars are widely used in mystical works. For example, it is possible to frequently come across examples such as dates, wine, hum, bird of life, soil in the wisdom of Khoja Ahmad Yassawiy. In the aforementioned narration, the example of yogurt was used. It is possible to accept this anecdotal case as a new information on the relations of Khoja Ahmad and Khoja Arif in examining the life of Khoja Ahmad Yassawiy.

Importance of research

In Imam Husameddin Sighnoqiy's pamphlet, Khoja Ahmad Yassawiy's statement of the miracles of discovery has been given wide coverage. It is also noteworthy that the huqqa (box) incident, which is frequently mentioned in the Yassawiy literature, is first reported in the epistle of Imam Husameddin Sighnoqiy. According to what is reported, a rumor spread all over the place that men and women participated in the zikr assemblies held in Khoja Ahmad Yassawiy convent. Disturbed by this, the ulema of Khorasan (in one rumor, Egypt) sent a group of inspection committees to Turkestan. Khoja Ahmad Yassawiy, who learned this through discovery, sent a box containing fire and cotton to the inspectors by the hand of his disciple Jalal Ata. When they open the box, they see that the fire did not go out and the cotton did not burn. With this miracle, sultanu'l-arifin declares that «If men and women come together and make dhikr in our conversation, if Allah saves their hearts with His divine love and attraction, He will surely spare them from all kinds of sins». After that, the ulema committee confessed to Khoja Ahmad Yassawiy's greatness and became his followers (Hazini).

Sultan Ahmad Hazinî's recounting of this narration shows that she was aware of the Sighnoqiy treatise.

In «Risala dar tarjima-i Ahmad Yassavi» Sighnoqiy was brought the story connected about small box which often meets in many sources of Yassawism. «Risala» Sighnoqiy has advantage, because that this story for the first time is told in the given work. In work of Sighnoqiy has data, that Hodja Ahmad thirty years lived and studied in Kaaba (Mecca), taught pupils in 73 knowledge, held at itself huntings falcons and dogs, whom it is possible to tell as new data about Ahmad Yassawiy. In the collection of a sufistic verses Ahmad Yassawiy «Devoni Hikmat» there are some verses which confirm these data. For example:

Ayo do'stlar, shunqor qushum uchurdum man,
Qanot qoqib qaysi taraf ravon buldi.
Gahi-gahi orqasidin unday qoldim,
Davr olibon ko'zlarimdin nihon buldi.

Qaro lochin qayrilibon qanot qoqar,
Oshiq uldur tan-jonini o'tqa yoqar.
Piri mughon nazar qilib anga boqar,
Shunqor yangligh qanot qoqib uchar do'stlar.

Davlat yangligh shunqor qushi kimga qo'nar,
Lochin yangligh halqa ichra o'zin urar,
Jonni qushi parvoz qilib hozir turar,
Hozir bo'lub tavba qilib yurung do'stlar.

Translation:

Hey, friends, I have released a falcon,
Waving wings has flied to some side.
Sometimes I called him about backs,

Turning, he has far flown by from my eyes.
The black falcon, turning, waves wings,
Enamoured the one who lights the body
and to a soul.
Pir-i mughon (the spiritual instructor) has
looked at him,
Like a falcon he, waving wings, flies about,
friends.

Similarly to riches my falcon to whom sits down,
Like the falcon he has come in a circle
Bird of showers flied up and was ready,
Be ready, repent, hey friends.

The second caliph of Khoja Ahmad Yassawiy, Suleyman Hakim Ata, also points out in his poems that Khoja Ahmad Yassawiy was a skillful hunter:

Qarçighayni qushlaghan, shunqar lachin
ushlaghan,
Sansız murid bashlaghan shayxim Ahmad
Yassawiy.

Meaning:

Who makes the falcon fly, who catches
the eagle bird,
Ahmad Yassawiy, my sheikh, who trained
countless disciples.

İmam Sighnoqiy in one place writes: «On twelve years has been finished a affair of Ahmad (Ahmad has reached to perfection)». This opinion corresponds to mention below of a couplet in «Devoni Hikmat»:

Hoyu havas moumanlik turmay ko'chti,
O'n ikkimda bu sirlarni ko'rdim mano.

Translation: The passionate desires and temporary affairs have quickly passed, on twelve years I saw all these secrets.

Conclusion

These data demands to pay special attention in studying a life and creativity Khoja Ahmad Yassawiy of this source as «Risala» Sighnoqiy. As quite possible that Sighnoqi was familiar with ancient texts «Devoni hikmat».

This work will undoubtedly enrich our understanding of Khoja Ahmad Yassawiy. Because it contains a lot of valuable information about the great sheikh. It has therefore become a tradition in the past to write works of a similar sufistic nature. When these kinds of pamphlets, which are common in our book treasures, are compared, there are similarities between them.

Hence, it is clear from such comparisons that such pamphlets have a special significance in Yassawiy studies. Because the ideas in them help to reveal the essence of the wisdoms-poems in the Khoja Ahmad Yassawiy's «Devoni hikmat». Indeed, it is difficult to fully comprehend the world of meaning of Ahmad Yassawiy's wisdom without a thorough knowledge of the sources of Yassawism.

In short, although this type of works are short in volume, it is important in Sufism studies in terms of giving information about the people and Sufism in the work and giving place to the ideas and views of mystics. Such works have value in terms of the spiritual, social, cultural function of the sects in the society, the relations between the sheikh and the disciple, reflecting the intellectual dimension of Sufism, and following the legacy of the predecessors.

References

Imam Husameddin Sighnoqiy. Risola dar tarjima-i Ahmad Yassawiy. Institute of Oriental Studies of name Abu Rayhan Beruniy at the Academy of Sciences of Republic Uzbekistan, nr 11084.

Rahmi Yaran, «Siğnâkî», TDV İslâm Ansiklopedisi, https: // islamansiklopedisi.org.tr/signaki (26.07.2021).

Necdet Tosun, Ahmad Yesevi'nin Menakıbı, İLAM Araştırma Dergisi, III, sy. 1, 1998, s. 74-81.

Hazini, Cevahirü'l-Ebrar min emvacil bihar, İstanbul Üniversitesi Kütüphanesi, Türkçe yazmalar bölümü, no: 3893, vr. 42a-b.

4-бөлім

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ

Section 4

HISTORY AND LITERATURE OF THE COUNTRIES OF THE EAST

Раздел 4

ИСТОРИЯ И ЛИТЕРАТУРА СТРАН ВОСТОКА

ҒТАМР 13.91.00 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.10

А. Ташгын

Қажы Байрам Уәли Университетінің
түркі мәдениеті тұрғысынан Қажы Бекташ Уәли
зерттеулерін қолдау және зерттеу орталығы, Түркия, Анкара қ.
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

ИРФАН МАҒЫНАСЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ – ЯСАУИТАНУДАҒЫ ДАСТАРҚАН ЖАЮ ДӘСТҮРІ

Мақалада Яссауи дәстүрлі ілімінің кең географиялық аймақты қамтығанына қарамастан мағынасын жоғалтуы немесе мағынасыздыққа ұшырау мәселесі қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде мақала аталмыш ілімді ұстанатын топтардың тәжірибелері және осы тәжірибелердің жүзеге асқан мекендердің жоғалып кетуі нәтижесінде мағынасыздыққа ұшырағандығын дәлелдейді. Бастапқы мағынасын қайтаруда иек артқан әдістің тәжірибеге негізделуі және әр зерттеуші-практиктің қол жеткізген мәліметтері дәл сол күйінде алушысына (тұтынушысына) тікелей жеткізген орта немесе мекен арқылы жүзеге асыру мүмкін болып отыр. Әдетте, алушының ақыл-ойы мен рухани әлемі өзіне бағытталған ілім мен даналыққа негізделген деректер арқылы жазба бетке айналып кетуде. Осылайша, мекен мен хаттың бірге үстеген мағынасы жаратылыстың визуалды алаңы ретінде алушыны негізгі тұлғаға айналдыруда. Сондай-ақ, аталмыш қызметтің жүзеге асырған өзге бір алаңы – жиналу немесе кездесу орны ретінде тұжырымдалатын мекен, ол – «әлем». Мақалада «мекен, ғалам, әлем, кітап, бет, том» секілді негізгі ұғымдар арқылы Яссауи ілімінің незгі ұстанымдарының бірі – дастархан жаю, дастархан ұстау (софра тутмак) туралы сөз болады. «Дастархан ұстау» – пірдің өзі тәрбиелеп өсірген мұрагерін қызметке тағайындауы деген мағынаға келеді. Яғни ғылым-білім, тәрбие алып, толықсыған білім алушы артынша өзі тағайындалған жерге қызметке жіберілгенде бұл қызметті «дастархан ұста» деген әмір арқылы алады. Дастархан сондай-ақ кемелденудің белгісі ретінде білім алушыға берілген алты аманаттың бірі деп есептеледі. Дастархан, яғни «софра» сапар сөзімен төркіндес. Сондықтан ол «сапар шегу» және «жапқыш» мағынасында да қолданылады. Сапардың басталған жері ретінде қызметтің берілуі немесе адамды қоршап тұрған белгілі бір жабынның болуы мағынасында «Адам» сүресі арқылы белгілі бір пішін табуда. «Дастархан ұстау» – міскін, жетім-жесір мен тұтқын үшін өте-мөте қажетті. «Дастархан жаю» – міскін, жетім-жесір және тұтқынды тұмшалап тұрған жабындыны ашу деген мағынаға саяды. Қорыта айтсақ, Яссауи ілімінің жоғалып кеткен мағына әлемінің маңызды мәселелерінің бірі – «Дастархан ұстау» түсінігі болып табылады. Мақалада «дастархан ұстау» ұғымының мағынасы мен мотивациясы қарастырылып, іскер жастың бірінші міндеті ретінде Алланың құлдарына кері жолға түскен сапарын есіне салу және ақиқатын тұмшалаған жабындысын үстінен шешіп, алып тастау деген мағынаға саяды. Аталмыш мәселе «Адам» сүресінде де, «Майда» сүресінде де ашық түрде қарастырылады.

Кілт сөздер: Яссауи ілімі, дәстүр, дастархан жаю, Адам сүресі, Майда сүресі.

A. Taşğın

Ankara Haci Bayram Veli University
Hacı Bektaş Veli Studies in Terms of Turkish Culture
Application and Research Center Directorate
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

The loss of meaning and uncertainity in wisdom – holding the meal in Yesevism

This presentation focuses on the lost and uncertainty of meaning in Yesevi wisdom tradition despite its enlargement in a wide geography and representatives belong to it. Within this frame, the presentation asserts that after the loss of the place and appliers of the tradition, the meaning is lost consequently. Because the methods applied on obtaining the meaning is based on the practice, it is being possible to transfer the data to receiver by implementer by means of the place. In fact, the mind of the receiver and spiritual world transmit into the paper, on which knowledge and aphorism is written. Thus, the meaning, which the place and message get at the same time, makes visible the receiver which is the appearance place of "being". Besides, the other area in which this activity is happened is "meeting place", i.e. universe (alem).

 © 2021 Al-Farabi Kazakh National University

This study will mention on of the basic principles of Yesevi wisdom, Meal (Sofra) via some conceptualizations such as place, kevn, universe, book, page, volume, etc. Holding the meal (sofra tutmak) is Yesevi wisdom means the assignment of the caliph, who was grown up by his own sage (pir). So, the receiver finished his growing up process get his task, in which he was assigned, is given this task by the following order: "Hold the Meal". As an assign of maturity, meal is among the six deposits given to receiver. Meal (sofra) is coming from the same root of the word voyage (sefer). Accordingly, it keeps the meaning of cover and journey. Giving the task as the beginning of the journey or the obtained meaning of the covering the human's being are shaped around Surah Insan in Qur'an. Holding the meal is necessary for atonic people, orphans, and slaves. Opening the meal means opening the cover on atonic people, orphans, and slaves.

Consequently, one of the important subjects for loss Yesevi wisdom is holding the meal. Presentation proposes to remind people of their journey, which is the first task for Turkish-Islamic Guild (Fütüvvet) for Allah, which they fall behind, on the other hand, it proposes to remove the cover that hide the reality on the people. This point is clearly explained both in the Surah Insan and Maide.

Key words: Yesevi wisdom, traditions, Holding the meal, Surah Insan, Surah Maide.

А. Ташгын

Университет Хаджи Байрам Уали
Хаджи Бекташ Уали в контексте тюркской культуры,
Центр поддержки исследований, Турция, г. Анкара
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

Учение Яссави ирфан, традиция трапезничать за дастарханом (софра тутмак) в Яссавизме, случаи искажения учения и утеря значимости традиции

В статье рассматривается учение ирфан, традиция трапезничать за дастарханом (софра тутмак) в яссавизме, случаи искажения учения и утеря значимости традиции. Известно, что учение ирфан благодаря особой проникновенности в умы и сердца мыслящих людей имело широкое географическое распространение. Однако, зачастую, негативно настроенное окружение, в целом враждебно воспринимающее исламское учение, чинило всяческие препоны распространению учения Яссави Ирфан. В силу такого отрицательного влияния порой искажалось истинное учение Яссави. Автор статьи с целью выявить негативное влияние на истинное учение Яссави изучает опыт определенных групп людей, овладевших учением Ирфан. Искажение истинного учения или исчезновение основ учения порой было связано с полным истреблением людей, овладевших учением Ирфан, вплоть до уничтожения тех населенных пунктов. Однако автор подходит к проблеме философски. Он считает, что возврат к искомому положению и опыту учения Яссави зависит от исследователя-практика, который может довести учение до пользователя через среду или местоположение. Обычно пользователь умом и сердцем воспринимает направленные ему учение и мудрость мысли и перевоплощает в текст. Таким образом, местоположение и текст воплощают идею создателя в визуальное поле личности пользователя.

В исследовании рассматриваются понятия: местоположение, мир, учение, книга, страница, том, и через эти понятия раскрывается учение Яссави. Особого внимания заслуживает понятие «дастархан» (софра тутмак), которое представляет собой одно из важных шести наставлений пира своему ученику. В учении Яссави учитель, т.е. пир, в это понятие воплощает идею предназначения ученика в широком значении этого слова. Каждый ученик, получивший знания, имеет свое предназначение. Это предназначение передается через ритуал «дастархан». Ритуал свидетельствует о совершенстве ученика. Софра подразумевает и значение «путь», т.е. уже самостоятельный путь к совершенству.

Путь к совершенству отразился в суре «Адам». Кроме того, понятие «дастархан» (софра тутмак) предполагает и гуманность по отношению к человеку. Таким образом, понятие «дастархан» (софра тутмак) относится к одному из утерянных понятий учения Яссави. В статье раскрывается значение и мотивация традиционного ритуала «дастархан» (софра тутмак). Данный традиционный ритуал учения может уберечь от ошибочных шагов подрастающее поколение. А тем, кто оступился, станет уроком прощения на пути истинно верующего человека. Этот вопрос подробно обсуждается как в Сурах аль-Адам, так и в Сурах аль-Майда.

Ключевые слова: мудрость Яссави, традиции, Проведение трапезы, Сура Инсан, Сура Маида.

Кіріспе

Мақалада әдеби шығармадағы метафоралар сөздің мәнін ашуы және Ясауитанудағы маңызды тақырып болып табылатын «софра тұту» немесе «дастарқан жаю» терминдерін түсіндіруді мақсат етеді. Метафоралардың сөз өнеріндегі орны мен әдебиеттанудағы және әлеуметтік ғылымдарда қай деңгейде қолданыста болатынын зерттейді. Осылайша, классикалық мәтін мен сөздің мәнін әлеуметтік ғылымдардың зерттеу әдістерін пайдалану арқылы түсіндіруге бағытталады. Классикалық әдебиеттегі шығармалардың саны мен мазмұны жағынан түрік ислам әлемінде өте көп екені белгілі. Сондай-ақ, бұл шығармаларды қазіргі кезеңдегі ортаға және қазіргі заманғы ғылым негізіне ауыстыруда кейбір қиындықтар кездесетіні де академиялық ортада мойындалған. Бұл мәселелер арасында басқа да шығармалардың жариялануы, баспаға дайындау принциптері, латын әріптеріне аудару әдісі қолданылады деген ұсыныс бар. Шындығында, мұнда классикалық шығармалар туралы айтылатын мәселе, сопылықта «ирфан» деп аталатын даналық көздерін батыстық зерттеудің нәтижесі ретінде жариялауда кездесетін транскрипт немесе пунктуация мәселесі жоқ. Оның үстіне, бұл шығыс адамы өз үйінің бөлмесін «шығыс бұрышы» деп атайды дегендей көрінеді. Басқаша айтқанда, классикалық мәтіндерде бекітілген әлем өзінің мағынасы мен тұжырымдамалық жазықты қалдырып, барлық жағынан «қысылып» тоналды. Соған қарамай, бұл мәтіндер қазіргі қоғамдық ғылымдардың бөлігі немесе зерттеу объектісі бола алмады. Әйтсе де, классикалық мәтінмен оның мағынасы, тілі және оның қалыптасқан әлемі қазіргі ғылым мен философияның ең өршіл тақырыптарының бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты классикалық мәтіндерді бағалау кезінде туындайтын мәселеге назар аудару. Осы жағынан алғанда классикалық мәтіндер кең аумаққа таралатын ғылымдарды тұтастай қарастыру арқылы бағдарлама құру қажет. Бұл еңбектердің маңызды бөлігі діни ғылымдар шеңберінде, ал ішінара әдебиетшілер мен тарихшылар арасында бағаланды немесе бағаланып жатыр. Бір қадам алға жылжитын болсақ, көркем мәтіндердің семантикалық әлемінің көркем әдебиетте қолданылған түсініктемелер де назар аударуды қажет ететін мәселе.

Зерттеудің әдіснамасы

Классикалық шығармалар арасында сопылық тариқатын насихаттайтын шығармалардың орны бір бөлек. Түркістаннан Рұм мен Балқанға дейінгі алып территорияда тараған сопылық тариқаттарының алғашқы насихатшысы Ахмет Яссауи екені белгілі. Түркістан пірінің тасауф пен тариқатқа қатысты көзқарастарын бір арнаға топтастыру қажет. Осылайша, оның жеткізбек ойын да, хикметтерінің мәнін де үлкен бір аймақта тараған тарихпен өзара байланыста қарау арқылы ғана тұтас түсінуге болады. Бұл аймақтардың барлығы түрлі бөлшектерге бөлініп кеткен және оны біріктіру әрекеттері нәтижесіз, тек үмітсіздік тудырады деп айтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, классикалық жазбаша суреттелген не ауызша сақталған мәтіндер ретінде естеліктерді айтуға болады. Бұл мәтіндерде есімдері аталған, Рұм мен Балқан аймақтарында өмір сүрген мұсылмандар мен түрлі тектес қауымдастықтардың ағартушылық таным-түсініктерінің қалыптасуына негізгі септігін тигізген негізгі тұлға Қожа Ахмет Ясауи екені сөзсіз (H. Kâmil Yılmaz, 1996).

Негізгі нәтижелер, ойталқы

Ясауидің Түркістаннан басталған қызметі Қытай, Үндістан, Хорасан, Рұм мен Балқанға дейін жеткені белгілі. Өзінен кейін жүйеге түсірілген «мағрифат» түсінігі оның мектебінен жетіліп шыққан халифалар мен мұсылман түркілердің көмегімен аса ауқымды аймаққа тарады. Әсіресе, Рұм жерінде өмір сүрген түркілердің «мағрифат» жайлы түсініктері Түркістан пірі Қожа Ахмет Яссауидің тағайындаған халифалары арқылы сіңдірілген болатын. Ұзақ бір көштен аса ауқымды аймаққа тараған түрік қауымдастықтары мен олардың артынан келген Ясауи дәруіштері «иршад»-ын жалғастырып, оның басқа бір қауымдастықтар арасында таралуын қамтамасыз етті. Тіпті, бұл мәселе Түркістан, Хорасан, Рұм және Балқан ерендері мен әулиелері арасында да көрініс берді.

Түркістандағы қайнаркөздер Шыңғыс хан басқыншылығы әсерінен әлсіреді және Әмір Темір кезеңінде Түркістан мен Хорасанда түгел жойылды. Ахмет Яссауидің иршадымен жолын жалғастырған қауымдастықтардың бұл мәселеге деген көзқарасы, және оған өз заманында қалай баға бергендігі де маңызды. Осыған қарамай, Ахмет Ясауи тарапынан әзірленген немесе жаңғыртылған тізбектің

ұсынған бағдарламасы о баста-ақ әлсіреген-тін. Бір жағынан мәжбүрлі көштер арқылы тараған, яғни Рұм мен Балқан жерлеріне тараған бұл бағдарламалар жаңа түрлерге енген күйі жалғасын тапқан еді. Біраз заман өткен соң бұл уақыт пен кеңістік арасындағы байланыстар да үзілді. Әрине, негізгі қайнарлар үзілген соң бұл дәстүр жаңадан пайда болған ортада жаңаша түрге еніп Ясауи дәстүрінің ақыл мен жүректегі орналасқан жерінен өшіп кетуі немесе ұмытылып кетуінің нәтижесінде оның негізгі тұжырымдамалық өрісі мен осы өрісті іске асыру жолы түсініксіз жағдайға жетті. Түсінгеннің өзінде де, іс жүзінде жойылып кетуі оның қолданыстан шығып қалуына себеп болды.

Ахмет Ясауи хикметтері немесе оның қасиетін дәріптеген жазбаларда ақын туралы қысқаша мәліметтермен бірге оның халифалары жайлы деректердің кездесетінін атап өту керек. Хикметтері мен оның атынан әрекет еткен ізбасарлары бұл жолды жүзеге асыруда қолданған әдістері сол кезеңдегі осы салада танылған топтардың назарына ілінбей қалды. Тіпті, бұл жазбаларда Ахмет Ясауимен қарымқатынаста болған шайықтар мен халифалар және мүридтер байланысы оның жолын жүзеге асырушы ретінде көрсетілмеді. Өйткені, Ясауи есімі Әмір Темір билігі аяқталған кезеңде ресми айқындала түскен сопылық пен тариқат алаңының бір бөлігіне айналған еді. Ахмет Ясауидің халифалары және олардың ұстанған жолы теріс бір бағытқа ауысып кеткендей еді. Осылайша, бір алаңды ортадан екіге бөліп, екеуін де өзінің заңдылығы үшін пайдалану және мәселеге қайта оралу немесе қалпына келтіру мүмкіндігі жойылды немесе күн тәртібінен алынып тасталды.

Қандай жағдай болғанда да, Рұм мен Балқан аймағында өмір сүрген қауымдастықтар Ясауи халифалары көмегімен Ясауи тапқырлық тұжырымдамалары мен тәжірибелерін сақтап қалуға қол жеткізді. Ал, Ясауи ізін жалғаған қауымдастықтар негізгі ұғымдар мен тәжірибелерді сақтағанымен, олардың мәнін жоғалтып алды. Басқаша айтқанда, кем дегенде мұнда талқыланатын мәселелер төңірегінде қарастырылатын ұғымдардың мағынасы жойыла бастаған (Ahmet Taşğın, 2013).

Кеңкөлемді аймаққа тараған Ясауилік дәстүрі негізінде қалыптасқан қауымдастықтар да бұл дәстүрді өзіндік тұрғыдан түсіндіргендіктен өздері тұрып жатқан мекен не аймақтың мағынасын жоғалтып алды. Нәтижесінде, ілімнің мәнін жоғалтумен бірге мекеннің де мәні жоғалды. Осылай, өз өмір сүрген кеңістігін жоғалтқан соң хабарды да жоғалтты. Мұның бәрі Ясауилік мағрифатқа байланысты ұғымдар мен мағыналар әлемін қайтадан шақыруға болатын орындардың екі түрін де жоғалтады (Hacı Bektaş Veli, 2011). Мүмкін, одан әрі бұл мекеннің жойылуы үшін соңғы қамалды да бұзуға тырысуда. Бұл мекеннің алғашқысы – адамның өзі. Адам бір мекен ретінде Ясауилік дәстүрдің мәнін сөзбен әрі жазбаша түрде таратуда. Сөздегісі – ақыл және жүрекке жазылады. Сонымен бірге сөздік мәтіндер тері, т.б. заттарға жазылады. Бұл екі дәстүр мекен ретінде адам тарапынан қамтамасыз етілген. Осылайша, Ясауи ирфан дәстүрі сөз бен жазудың көмегімен бүгінге жетіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, «талеб» (Rağıb el-İsfahani, 2012), зерттеп қолға алғанын ақылы мен жүрегіне жазулы жазбамен бүгінге жеткізді. Ал, екінші мекен болса, Ясауидің халифалары мен дәруіштердің, яғни Түркістан мен Хорасандағы пірлердің кесенелері. Бұл екі мекен де Рұм және Балқан аймағында өмір сүрген Ясауилік мағрифаттың өнері (Yılmaz Kurt, 1993). Осыған байланысты кездесетін тағы бір мәселе – ұғымдар мен мағыналар әлемін қалай тәжірибеге келтіру мәселесі. Бұл мәселені шешу және түсіндіруде Рұм мен Балқан рөлі ерекше. Рұм мен Балқан аймағында өздерін Түркістан мен Хорасанға байланысты қараған ерендер мен әулиелерге қосылған қауымдастықтар орналасқан. Олай болса, бұл жазбаларды басынан аяғына дейін қолға алып ұғым мен мағынасын ашу қажет (Ahmet Taşğın, 2014). Өйткені, Ясауи есімі мен ол таратқан ағартушылық дәстүр бұл қауымдастықтар ішінде жазба және сөздік мәтіндер арқылы қорғалған.

Ясауитанудағы зерттеулер ұзақ замандардан бері жалғасын тауып келеді. Жүргізілген зерттеулердің кемшін тұстары, анықталмаған мәселелер әлі де болса жалғасын табуда. Әсіресе, «Ислам ғылымдарының» қалыптасуы мен белгілі бір заңдылыққа қол жеткізуде орталықта қалыптасқан ғылымдар айналасында құрылған. Бұл ғылымдардың процесте алған мәні мен олар енгізген әдіс барлық салаларды қамтыды. Осы себепті Ясауитану айналасында қалыптасқан ағартушылық ғылымдардың түсінігі, әдісі мен мағынасынан тыс қалды. Сопылық тариқаттары жайлы қалыптасқан ғылым бұл мәселенің ең жарқын мысалы іспетті.

Әрине, Ясауитанудағы жоғарыда айтылған мәселелерге назар аударылған зерттеулерде билік құралына айналған осы саланың деректерімен

кемшіліктер немесе олар бағытталған мәселелер түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, бұл зерттеулерде үкімет құрған және заңдылығы біраз уақыт бойы талқыланбайтын және абсолютті ақиқат ретінде қабылданған ғылымның сыйы мен әдісі, оның шеткі және қоршаған ортаға назар аудара отырып, субъектінің өзіндік мүмкіндігіне назар аударды. Осылайша, осы уақытқа дейін иесевиизмді зерттеген топтар Есевилик пен оның ізбасарларын «суннизмнен» тыс немесе гетеродокс, синкреттік деп атағанымен, бұл зерттеуде бұл әдісті ұстану қиын болды және олар табиғи түрде қарсылық білдірді. Өйткені, тақырып бойынша материалға жасалған күш әдіс бойынша жасалмайды. Бұл жағдай тиісті топтардың қысқа уақыттан кейін күш пен құралға айналғанын көрсетеді.

Ясауилік өзі пайда болып қалыптасқан кеңістік шекарасынан тысқа шығып, нәтижесінде іштей пайда болған түрлі бағыттар кеңейе түсті. Біраздан соң ясауилік орындаушылар тарапынан басқа бір тілмен жаңа мекенге аударылды. Дегенмен, Ахмет Ясауи немесе сопылық пен тариқат тарихи ғылым ордасына қай тақырыпта қандай жаңалықтар алып келді, қандай тұжырым мен мағынаны ортаға шығарды? Бұлардың бәріне қандай әдісті ұстанды деген сияқты негізгі принциптер нақтылану керек болатын.

Ясауи мен ізбасарлары қалдырған бағдарлама және оның әдісі өз алдына арнайы тақырып болғандықтан осы тәжірибелерге сүйене отырып, жаңа сопылық пен тариқат тарихы жазылуы қажет. Немесе Ясауи және ізбасарлары дайындап ұсынған негізгі ұстанымдар төңірегінде жаңа бір тұжырымдамалық кеңістік немесе әдістер құру қажет (Hayati Bice, 1996).

Бұл сұрақтармен көрсетілген жерден тақырыпты шешудің орнына, тарихқа немесе әлеуметтік тарихқа және әлеуметтік тарих алынған тұжырымдамалық өріске әсер ету арқылы қорытынды шығарылады. Бұл жағдайда оны сопылық пен тариқаттың қалыптасқан тұжырымдамалық өрістері мен атауларына жуықтауға немесе ұқсастыруға мәжбүр. Әрине, Ясауи туралы зерттеулер олар басталған жерге қарай созылады және бір қадам алға жылжымайды. Өйткені оның баратын жері оның бастапқы нүктесімен бірдей. Барған сайын, олар ұсынғанның орнына, олар қандай кадрлармен әрекет еткені және қайда және қалай қоныстанғаны туралы ақпарат беріледі және тақырыптың мазмұнын түсіндіруден аулақ болады.

Нәтижесінде Ясауи өмірінің тұжырымдамасы мен семантикалық әлемі мен оның даналығында жеткізілген тапқырлығы мен әсері бүгінгі күнге дейін сақталған рұмдар мен балқандардың танымына баса назар аударылмады. Өйткені бұл құрылтайшының конструктивизмі мен олардың жазбаша және ауызша мәтіндері тақырыпты баяндаушылармен есепке алынбайды, тіпті бұл саладан әдейі аулақ болғандай әсер береді (Umay Günay, 1992).

Ясауилік жайлы зерттеулердегі негізгі тақырыптар тарихи және әлеуметтік мәселелермен қатар тұлғаны сипаттауға арналған. Бұл жағдайда Ясауи даналығының өзіндік бір саласы бар деген қорытынды шығарылады және оның қайнаркөзіне қатысты әртүрлі нәтижеге қол жеткізіледі. Ясауиліктің тұтастай тұжырымдамалық өрісі осы өрісті құрайтын бөліктердің бірінен екіншісіне ауысқан мағыналық әлемнің арасында орнатылмаған. Табиғи жолмен орнатуға болмайтын бұл қатынас басқа салалардан көмекке үміттеніп, интегративті көзқарастан алыстау нәтижесінде алынған біліммен әр түрлі салаларға жатады. Одан алынған үзік-үзік ақпараттар басқа аймаққа жеткізіледі. Осылайша, аймақ кеңейгендіктен оны қадағалау және қарым-қатынас орнату қиындай түседі (Irene Melikoff, 1992).

Қорыта келе, Ясауилік жайлы зерттеулердегі негізгі мәселе, Ясауи даналығының қалыптасқан түсінігі мен мағынасын аша алмау, ұғым мен мағыналық әлем арасындағы байланысты орната алмау, сонымен қатар мағынаның жоғалуы, белгісіздікті қадағалау болып табылады. Бұл негізгі мәселе жалпы түрік не мұсылман әлеміндегі классикалық жазбалардағы ұғымдар мен мағыналар әлемін түсіну және аударылуы әлеуметтік ғылымдар үшін өрнек ұсынатын мүмкіндікті де бағалау қажет. Осылайша, бұл көптеген мәтіндердің әлеуметтік ғылымдардың пәніне айналуына және осылайша көптеген зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді (Ali Yıldırım, 2013).

Софра тутмак немесе Дастарқан жаю

Ясауи хикметтері арасында «жетім», «міскін», «ғаріп» сөздері кездеседі. Тіпті, бұл кейбір хикметтерде ерекше көрініс береді. Әзірет Мұхаммед (с.а.у.) Миғражға көтерілуінде де жетім мен міскіннің жағдайын сұрағаны себеп болған. «Софра тутмак» немесе «дастарқан жаю» мәселесін осы арқылы терең түсінуге болады.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул сұрады,
Ол түн Миғражға шығып Хақ дидарын көрді.
Қайта келіп түскенде пақырдың халін сұрады,
Ғаріптердің ізін іздеп түстім мен де.

……
Ғаріп, пақыр, міскіндерді қуантып,
Бөліп ғазиз жанды құрбандыққа шал.
Жемек тапсаң жаныңменен мүсәпір,
Хақтан есітіп бұл сөздерді айттым мен де.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді кім сұраса,
Разы болар ол құлынан Алла да.
Әй, хабарсыз сен бір себеп, өзі сақтар,
Хақ Мұстафа насихатын естіп айттым мен де.
(Hayati Bice, 2014)

Ясауиге қатысты деректер арасындағы насапнамада (шежіреде) «Софра тутмак немесе дастарқан жаю» тақырыбы сөз болады. Бұл дерек Ахмет Ясауи және оның ата-бабалары жайлы берілген мәліметтер арасынан орын алған. Бұл термин, қандайда бір жерде иршад әрекетін бастаған пір немесе тәлімгердің осы міндетті орындайтын жерге бекітілгенін білдіреді (Aşirbek Müminov, 1994).

«Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың Әбу Мұса атты сахабасы бар-тын. Әбу Мұса қажы он бес жыл Ибраһим шайықтың қызметінде болды. Ибраһим шайық Әбу Мұса қажыға Қызырдың (ғ.с.) ишаратымен «Ясы елінде дастарқан жай!» деп рұқсат берді. Қырық үш жыл Ясы елінде софра тұтты. Қырық жыл Қызырмен (ғ.с.) сұқбаттас болды. Ол уақта Ясауи Ахмет жиырма жаста болатын.

.....

Сопы Мұхаммед Данышменд Зарнұқи келді. Ахмет қажы атаның қызметінде қырық рет қалды. Содан соң шайық Ахмет Ясауи, Сопы Мұхаммед Данышмендке рұқсат беріп: «Бар, Отырарда дастарқан жай!» деді. Сопы Мұхаммед Данышменд Отырарда қырық жыл софра тұтты. Жетпіс жыл Қызырмен (ғ.с.) жетпіс жыл сұқбаттас болды» (Mevlana Safiyyüd-din, 1996).

Насапнаманы баспаға дайындаған профессор, доктор Кемал Ераслан дастарқан (софра) жаю жайлы мынадай пікір айтады:

«Софра тұт» – құзырына келгендерге дастарқан жайып, жегізіп, ішіру деген терминнің мәні, негізі мен тізбегі жайлы жеткілікті мәлімет жинай алмадық. Мehмет Зеки Пакалдың мәліметіне сүйенсек, сомат (<A simat) сира, дизи, софра кесенелерде әсіресе Мәуләуилер мен Бекташилерде матадан дайындалатын. Софра үш түрлі: 1. Былғарыдан жасалып, айналасына сақиналар тігілетін. Сақиналардан шынжырлар өткізіліп, қолданылмаған кезде сөмке құсап жинап қойылатын. 2. Кония Мәуләуиханасында қолданылған былғары софра. 3. Бір аршын көлемінде ұзын бір былғарыдан жасалған софра. Мұны «elifi somat» дейді. Жеп-ішкеннен соң «somat günbângi» оқылатын» (Neseb-nâme Tercümesi).

Гөлпинарлы да бұл тақырыпқа сопылық өрнектері жайлы шығармасында «somat» түрінде орын берген. Әйтсе де, софра тұту, дастарқан жаю жайлы арнайы анықтамалар берілмеген (Abdülbâki Gölpınarlı, 2004). Соған қарамастан Ахмет Ясауи және Қажы Бекташ Уәли арасындағы байланыстарды зерттеген Қажы Бекташ журналы жарыққа шығуымен түсіндірме беріліп отыр. Гөлпинарлы журналдағы өрнектер жайлы мынадай түсініктемелерін ұсынады:

«Sofra, Bektaşîlerde, meşinden, çeşitli yiyecek şeyler konmak için gözleri bulunan ince uzun bir sofra vardır ki bunu bellerine sararlar ve Arab alfabesinde ‘elif’, yani ‘a’ harfine benzediğinden ‘elifi sofra’ adı verilir. Şeyh, halifelik verdiği dervişe bir de ‘elifi sofra’ sunar» (Abdülbaki Gölpınarlı, 2014).

Дастарқан жаю тақырыбының Түркістан және Хорасан өлкелеріндегі мағыналары жоғарыда берілді. Тақырыптың Рұм өлкесіндегі анықтамасын Қажы Бекташ Уәлидің Ахмет Ясауимен байланыстары арқылы түсіндіруге болады. Қажы Бекташ Уәли Рұм өлкесіне шықпай тұрып Хорасаннан Түркістанға, Ахмет Ясауидің қасына барады және сол жерде оған Рұмға иршад етуге рұқсат беріледі. Қажы Бекташ Уәлидің бұл жауапкершілікті алуына алты рет белгі беріледі. Бұл белгілердің бірі – осы софра еді.

«Ахмет Ясауидің басында ұзындығы бір зира келетін элиф тәжі болатын. Бұл тәж шамшырақ, дастарқан, жайнамазбен Тәңірден Мұхаммед пайғамбарға (с.а.у) берілген болатын. Ол да мұны Әлиге (р.а.) берген еді. Имам Әли имам Хасанға ұсыныпты. Одан имам Хусейнге тиіпті. Имам Хусейн оларды имам Зейнелабидинге ұсыныпты. Ол да ұлы имам Мұхаммедке беріпті. Ол ұлы Имам Жағыфар Садыққа тапсырыпты. Ол ұлы Мұса Қазымға, ол ұлы Имам Әли Ризаға қалдырыпты. Имам Риза аманатты Түркістан пірлерінің пірі Қожа Ахмет Ясауиге ұсыныпты. Бәрі де шайықтың кесенесінде тұратын. Оларды халифаларынан ешкімге бермеген еді. Сұралған кезде өзінің иесі бар, келеді дейтін. Біреу келіп шайықтан киім сұраса не болса соны кидіретін. Тіпті, бір шәкірті құрбандығын алып келетін болса, оның терісінен киім тігіп, оны беретін.

Бірде халифалар бір жерге жиналып, шайықтан сұрайық оларды бірімізге берсін десті. Таңсәріде тоқсан тоғыз мың халифа таң намазын оқыды. Қожаның ауласы өте кең бола-

тын.... бұл аманаттар ол адамның ақысы, элиф тәжі өздігінен ұшар, басына қонар, киім үстіне киіледі, шамшырақ жанады, дастарқан келеді, ғалам басының үстіне келер, жайнамаз астына төселеді. Өзіңізді қинамаңыз олардың өз иесі бар. Шығады, келеді.

Халифалар бұл сөзді ести сала, ұялғаннан бастарын төмен салды. Бір кезде қараса көпке сәлем беріп бір ер кіріп келді. Отырғандарды аралап өтіп, бір жерге отырды. Бұл – ер Хункар Қажы Бекташ Уәли болатын....

Намазын оқып болған соң орнына барып отырды. Элиф тәж орнынан қалқып, ұшып Бекташтың басына орналасты. Мұның бәрін мұқият бақылап отырған халифалар бірінен соң бірі салауат айтты. Киім де ауаға көтеріліп сыртына қонды. Шамшырақ орнынан қалқып алдына келді. Пайғамбардың (с.а.у.) sancağı da тұрған жерінен қозғалып Хункардың басының ұшына тігілді. Жайнамаз алдына келіп төселді.

Қажы Бекташ бұл аманаттарды Ахмет Ясауиге ұсынды. Қожа дәстүрге сай Хункарға аманаттарды тапсырды, рұқсатын беріп: «Әй, Бекташ, міне толығымен несібеңді алдың. Мұғжиза болсын, құтб-ул ақтаб болу саған нәсіп болды. Біз бұл жоқтық әлемінде уақытшамыз, бәрібір ақыретке кетеміз. Бар, сені Рұмның жолына салдық. Сулужакараhөйүк (ауылдың атауы) жұртын саған тапсырдық. Рұм абдалларына сені басшы тағайындадық. Рұмда шыншылдармен қатар ақымақтар, маскүнемдер көп. Ешбір жерді артық қызық көрме, тек алға қарай жүр...» (Menâkıb-ı Hünkâr Hacı Bektâş).

Қажы Бекташ Уәлидің ұрпақтарынан саналатын Челебилер өздеріне тән халифа тағайындауда жақын замандарға дейін «софра»ны негізгі шарттардың қатарында санаған. Бекташилікте софра, иршад мақамына жеткен кісіге беріледі. Бүгінге дейін түрлі Бекташия қауымдастықтары софра дәстүрін орындап келеді. (Bedri Noyan, 2005) Бұдан басқа жалпы тариқаттарда софра немесе тамақтану әдебі өзіндік артықшылықтары бар дәстүр болып есептеледі (Necdet Tosun, 2012).

Қажы Бекташ Уәлиге қатысты, тіпті оның ұрпақтарынан болып келетін Челебилер арасында софра тақырыбы жақын кезеңдерде жазылған бір рұқсатнамада да сақталыпты.

«Бұл құжат Алланың көмегімен аяқталды. Құжаттың жазылу себебі арифтердің сұлтаны, нұрлардың жарқыны Сұлтан Қажы Бекташ Уәли – Аллаh оның құпия әрі ашық толық сырларын ұлғайтсын. Әзіреттерінің ұлы тариқатына қатысты Синекли ауылындағы Сеййид Әли Сұлтан ұрпағы Сеййид Уәлийиддин ұлы Мұстафа халифа әулиенің жолын қабылдап, софра, шамшырақ, қылышпен рұқсат беріліп халифа болуға лайық деп табылсын.

Мүриттері бағынып, одан пайдалансын. Ешбір тариқат ерені бұл қызметіне қарсы шықпай, бұл рұқсатнама қажет жеріне жаратылсын. Аллаға тәуелді болғандарға Оның сәлемі болсын. Бұл құжат Әлемдердің жаратушысы Ұлы Алланың көмегімен сейсенбі күні Раббиул ahир айының жиырмасыншы жұлдызында жазылды (1855 жылғы 10 қаңтарға сәйкес келеді) (H. Dursun Gümüşoğlu, 2011).

Дастарқан, сапар және міскін, жетім мен тұтқынға тамақ жегізу үшін барын салу

Жоғарыда «Дастарқан»ның қолданылуы және ол жайлы деректер қарастырылды. Ал, бұл бөлімде әдебиеттердің кілт сөзі ретінде қолданылған «софра» мен оған байланысты терминдерге, сондай-ақ қолданылған ұғымдардың мағыналары мен олардың орында-лу талаптарына орын берілді. Түсіндірмелердің сілтемелері толық өңделіп, тақырыпты өз деңгейінде көруге мүмкіндік берілді. Осылай-ша, бөлшектерден бүтін тұтастық құруға және сол тұтастықты ішкі мағыналарымен түсінуге мүмкіндік берілді.

Сонымен бұл бөлімдегі мәселелерді зерттеудегі алғашқы екі қайнаркөз, Құран Кәрімнің «Инсан» және «Маида» сүрелері. Сондай-ақ, соған қатысты аяттармен бұл аяттардың түсін-дірмесінде қолданылатын сөздер мен түсін-дір ме сөздік беріледі және осы екі дереккөз арқылы Ясауидің ағартушылық мақсаттары қарастырылады.

Құран Кәрімдегі сөздердің мағыналарын түсіндіретін дереккөздерден саналатын «Муфредат» кітабында «Софра» (Дастарқан), «Сапар» сөздерінің түсіндірмесі берілген. Сапардың екі мағынасы бар.

А – сапар, мата және жол жүру мағыналарын білдіреді. Мысалы: «Бір затты жабу, жабылған мата немесе пердені ашу не түсіру.

[سفر] сөзінен жолға арналған тамақ және (бұл тамақты жеу уақыты) оны салатын ыдыстың атауы «سفرة» сөзінен алынған (Rağıb el-sfahani, 2012).

Муфредатта «Секен» (Seken) сөзінің анықтамасында «Міскін» сөзіне берілген түсіндірме:

В – (ألسكون): Бір заттың әрекет етуін және артынша бір орынға тұрақтауы. «Бір жерге тоқтау», «бір жерде отыру» мағыналарында қолданылады. «Mesken» (мекен) сөзі де осы түбірден тарайды.

Араб тілінде «Es-Sikkin, (пышақ): Бауыздалған жануардың әрекетіне байланысты осылай аталады» (Müfredât).

«Sefer» және «seken» екі сөз арасындағы байланыс оңай түсіндіріледі. Сапар, мата, жол бойында бір жерге тоқтау да «sükûn bulmak» мағынасына сәйкес келеді. Яғни, жол бойынан бір жерге аялдау, орналасқан жерге берілген атау. Демек, міскін деп – саяхатында бір жерге аялдаған кісіге айтылады. Маңыздысы сапарда болуы. Осыған сәйкес, адам қаншалықты салмақты болса да, сапарынан артта қалады немесе үстін перде қаптайды. Пайғамбарлар, нәбилер, шыншылдар мен шынайы ықыласты құлдар, яғни Алланың достары, әйгілі тіршілік иелері мен ахсани тақвим болғандар саяхатын үнемі жүзеге асыру үшін Алланың әмірлерін орындайды.

Жоғарыда қарастырылған екі тақырып Футууаттың шығыс нүктесін белгілейді. Бұл жайлы Инсан және Маида сүрелерінде мәліметтер берілген. Екі сүреде де футууаттың негізгі принциптері қарастырылған. Футууат – риясыз немесе сауабын тек Алладан үміт ете отырып міскін мен жетімге және құлдыққа түскен адамға тамақ ұсыну немесе тойдыру. Бұл сүрелердегі тақырыпқа қатысты аяттар төменде беріледі.

Дастарқан мағынасын білдіретін «Маида» сүресін (اَلْمَائِدَة) – кеңірек мағынада қарасақ, ішінде жейтін тамағы бар ыдыс немесе дастарқан не леген мағыналарын да білдіреді. Ішінде тамағы болмаған кезде خوان (Хауан / Хиуан) делінеді (Müfredat).

«Инсан» сүресінде адам баласының қалай жаратылуы, адам ретінде жер бетіндегі артықшылықтары баяндалады. «Инсан» сүресі жер бетіндегі адамдардың жағдайын 3 негізгі түрге бөліп қарастырады және адам ретіндегі қорғанысын үш сатыда қарастырады. Соған сәйкес, үш түрлі ішімдік жайлы сөз етіле келе ғылым мен хикметтің ассимиляциялануына назар аударады. Бұл үш ішімдік арқылы қарастырылған ассимиляция процесінің алғаш қы сатысында жұмаққа лайықты құлдар «кафур» қосылған кеседен шарап ішеді. Бұл дәрежеге қол жеткізгендердің сипаты Инсан сүресінің 6-10-аяттарында баяндалған. Екінші сатыда «Зәнжәбил» қосылған ішімдік арнайы кесемен ұсынылады. Ол бейіштегі сәлсәбил атты бастаудан алынады. Үшіншісі, Раббысы оларға тап-таза ішімдік ішкізеді. Бұл үш жағдай үш ауыр жағдайға жауап ретінде қарастырылған. Яғни, міскін, жетім және құлдыққа түскендер үшін өздерінің жақсы көрген тамағынан жегізуге тырысады. Бұл жағдай адамдардың жеке және әлеуметтік өмірдегі үш түрлі уақыт кезеңінде үш түрлі қауымдастыққа айналғанын және осылай болуының себептерін көрсетеді. Осылайша, бұл үш жағдай не үш кезең үш түрлі адамды қалыптастырғанын, сондықтан үш түрлі сақтану қажет болған жағдайларға ишарат ете отырып үш ішімдік ұсынылады. Бұл үш ішімдік ғылым мен хикмет мағынасын береді.

5 – «Сөзсіз, ізгілер де кафур қосылған толы кеседен ішеді.

6 – Бір бастау бар, одан Алланың құлдары ішеді, Bir kaynak ki ondan Allah'ın kulları içerler, олар оны әдемі жолдар салу арқылы ағызады.

7 – Ол құлдар уәделерін толық орындайды және ақырет күнінен қорқады.

8 – Міскіндерді, жетімдерді және құлдыққа түскендерді шынайы ықыласпен тамақтандырады.

9 – «Сізге Алланың ризалығы үшін жеп-ішкізіп отырмыз. Сізден не бір қайтарым не бір рахмет күтіп отырған жоқпыз».

10 –Расында, біз уәделер орындалатын азабы ауыр күнде Раббымыздан қорқамыз» дейді.

11 – Аллаh та оларды ол күннің жамандығынан сақтайды, жүздеріне жарқындық, көңілдеріне қуаныш ұялатады.

Маида сүресінің атауы да мұнда талқыланып отырған тақырыпқа сәйкес берілген. Мариям ұлы Исаның заманындағы хауариждердің өздеріне бір дастарқан түсіруін қалаған оқиғаны баяндайтын аяттар да орын алған.

109 – Аллаh, Елшілерін жинаған күнде: «Сізге қандай жауап берілді? – дейді. «Біздің бұл туралы біліміміз жоқ, Құпияларды білетін жалғыз Өзіңсің! – дейді.

110 – Allah былай дейді: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Саған әрі анаңа берген нығметімді есіңе ал! Сол уақытта сені Жәбірейіл арқылы қуаттаған едім. Бесікте және ержеткенде адамдармен сөйлесуші едің. Саған жазуды, даналықты, тәурат пен інжілді үйреттім. Сол уақытта менің бұйрығыммен балшықтан құстың бейнесін жасап, оның ішіне үрлегеніңде ол менің бұйрығыммен құсқа айналатын. Анадан тума соқыр болғандар мен аламестерді де менің бұйрығыммен жазатын едің. Өлілерді рұқсатыммен өмірге қайтаратын едің. Және сол уақытта Исраил ұлдарына ашық дәлелдермен келгеніңде, олардың қарсы шыққандары: «Бұл ашық сиқырдан басқа нәрсе емес» дегенде, сені олардан қорғаған едім».

111 – Сол уақытта хауарилерге: «Маған және елшіме иман келтіріңдер» деп білдірген едім. Олар: «Біз сендік, біздің шынайы мұсылман болғанымызға куә бол» деген еді.

112 – Хауарилер: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма? – деді. Иса да: «Егер сенсеңдер одан қорқыңдар» – деді.

113 – Хауарилер: «Біздің одан жегіміз келеді. Жүректеріміз орнықсын әрі сенің бізге шын айтқаныңды білейік. Сондай-ақ оған куә болушылардан болайық» десті.

114 – Мәриям ұлы Иса да: «Аллаһым, Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір! Бұрынғы, соңғымызға мереке әрі Сенен бір белгі болсын. Бізді ризықтандыр! Сен ризықтандырушылардың ең жақсысың» деді.

115 – Алла: «Күдіксіз Мен, ол дастарқанды түсіремін. Сонда, егер одан кейін сендерден кім қарсы келсе, шынайы түрде Мен оны дүниеде ешкімді азаптамаған азаппен азаптаймын» деді.

«Инсан» және «Маида» сүрелері ғылым және даналықпен адамның жаратылысына сәйкес болуын, үнемі сапарда жүргендей сезінуін, оны қамтамасыз ету үшін үнемі міскін, жетім және құлдыққа түскендерге ең жақсы көрген нәрселерінен дастарқан жайып, араларындағы пердені ашып, сапарын ары қарай жалғастыруын бұйырады.

Қорытынды

Мақалада, Ясауи даналығында маңызды рөл атқаратын «софра тутмак немесе дастарқан жаю» дәстүрі жайында деректер ұсынылды. Софра немесе дастарқанның мәні, қандай негіздерге қарай қалыптасқандығы жайлы қысқа бір зерттеу жүргізілді. Бұған сәйкес, дастарқан жаю – пір немесе тәлімгер тарапынан Қызырмен сұқбаттасу мәртебесіне қол жеткізген халифаларды дербес қызметін бастауы үшін берілетін міндет мағынасын білдіреді. Бұл дәстүрді осы міндеттің себебі ретінде өздеріне берілген немесе түсірілген дастарқан, тамақ, ілім, жүректің тыныш болуы, өзі де сөзі де бір жерден шығатын шыншылдық қасиетті меңгеруге мүмкіндік беретін ғылым мен даналық мәжілісі деуге болады. Пір мен мұршидтің дастарқанына отырған немесе өздеріне дастарқан берілген адамдар – білім мен даналықты қатар меңгерген немесе өзіне екеуі де қатар беріліп «мутмаин» дәрежесіне қол жеткізген және кедейлерді, жетімдерді және тұтқындарды олардың жағдайынан шығару міндетін өзіне алғандар болып табылады.

Дарстарқан – сапарынан қалып, қайта сапарға дайындала бастаған міскін үшін ашылады. Осылайша, міскін, өзіне саяхатын жіберіп алуына себеп болған ақиқаттардың жойылуына байланысты дастарқанға шақырылады немесе өзінің атына дастарқан жайылады. Міскін үшін оған ашылған ғылым мен даналық дастарқаны жеп ішетіндерінің болуы, сый-құрметпен сапарына қайта оралуы үстіндегі дастарқанның ашылуына көмекші болады.

Дастарқан иесі, орындағандарын өзіне бір міндет ретінде орындайды немесе оған арнайы тапсырма ретінде жүктеледі. Орындаған міндеті себепті міскін, жетім және тұтқыннан мүлде ақы талап етпейді. Олардан емес, қайта Алладан үміттенеді. Яғни, жалғыз Алла ризалығы үшін орындайды. Осыған сәйкес, бұл міндетті орындаған адам, Қызырмен сұқбаттасу дәрежесіне қол жеткізген кісі болуы ерекше көрсетілген.

Әдеби шығармалар арасында да «Симматия» (Simatiyye) және «дастарқан жаю дәстүрі» көптеп кездеседі. Өз алдына әдеби шығармалар арасында дастарқан тізбегі де бар. Әсіресе, Түркістан және Хорасан ағартушылығын жалғастырған қауымдастықтарда дастарқан тізбегі егжей-тегжейлі берілген. Әйтсе де, жоғарыдағы негізгі шығыс нүктесі замандар өте келе мағынасы жойылған және дастарқан жаю тақырыбы белгісіз жағдайға келген.

Қорыта келе, классикалық мәтіндерді әлеуметтік ғылымдардың басқа салаларында, сондай-ақ әдебиет пен тарихтағы ауызша және жазбаша шығармаларға арналған зерттеулерде бағалау керек екені белгілі болды. Тиісінше, әлеуметтік ғылымдардың басқа салаларына таралатын зерттеулер нәтижесінде осы мәтіндерде қолданылатын метафоралардың мағынасын ашып, оларды негізін қалаушы мәтін ретінде қарастыру тарихты, географияны, мағынаны және концептуалды жадты қайта құруға мүмкіндік береді және ол жадтың бөлшектенуіне жол бермейді, кем дегенде оларды бірге көруге мүмкіндік береді. Әйтпесе, классикалық мәтіндер, география мен мәтіндер жасалған орта әртүрлі себептерге байланысты өзгерді, қалыптасқан жерден көшірілді немесе көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұл ұғымдар мен мағыналық әлем өзгеруге, тасымалдануға және интерференция әсеріне байланысты түсінік пен мағына өрісін әлсіретеді немесе жоғалтады. Осы себепті Түркістан мен Хорасанның географиясы мен әлеуметтік-мәдениеті төңірегінде жасалған мәтіндердің мағынасы мен екіұштылығын жоғалтуды оларды анықтау және біріктіру арқылы жандандыруға болады. Бұл ұғымдар рұм мен балқандықтарға берілгендіктен жоғалған, ұмытылған және белгісіз көптеген мәселелерді қайта қарауға немесе түсіндіруге

көмектеседі деп айтуға болады. Бұл рұм және балқан қауымдастықтарына олардың өмір сүру себептерін түсінуге және жоғалған немесе белгісіз заңдылығын өмірге әкелуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Bice Hayati (2010) Hoca Ahmed Yesevi Divan-ı Hikmet, Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.

Bice Hayati (2011) Pîr-i Türkistan Hoca Ahmed Yesevî, İstanbul: İnsan Yayınları.

Engin Refik (2013) – Ali Çakır, «Amuca Bektaşilerinde Sofra ve Sofra Erkânı», Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı 65, ss. 299-312.

Gölpınarlı Abdülbaki, (2014) Manâkıb-ı Hünkâr Hacı Bektâş-ı Veli Vilâyet-Nâme, İstanbul: İnkılap Yayınevi.

Gölpınarlı Abdülbâki, (2004) Tasavvuftan Dilimize Geçen Deyimler ve Atasözleri, İstanbul: İnkılap Yayınevi.

Gümüşoğlu H. Dursun, (2011) «Bir Çelebi İcazetnamesi», Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı 59, ss. 423-442.

Günay Umay (1992) «Ahmed Yesevî'den Hareketle Yazılı Kültürün Sözlü Kültüre Etkisi Konusunda Tespitler», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 25-31.

Hacı Bektaş (2011) Veli, Makâlât, Hazırlayan Ali Yılmaz vd. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.

el-İsfahani Rağıb, (2012) Müfredât Kuran Kavramları Sözlüğü, Çeviren ve Notlandıran Yusuf Türker, 3. Baskı, İstanbul: Pınar Yayınları.

Kara Mustaf (1996) «Yeseviyye'nin Temel Kitabı Cevâhiru'l-Ebrâr min Emvâci'l-Bihâr», Ahmed-i Yesevî Hayatı Eserleri Tesirleri, Hazırlayan Mehmet Şeker-Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, ss. 241-269.

Kurt Yılmaz (1993) «Hoca Ahmed Yesevî'nin Rum Eyâletindeki Zaviye Kurucuları Üzerindeki Etkileri», Milletlerarası Hoca Ahmet Yesevî Sempozyum Bildirileri, Kayseri: Erciyes Üniversitesi Yayınları ss. 255-270.

Melikoff Irene (1992) «Ahmed Yesevî ve Türkler'de İslâmiyet», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 61-67.

Melikoff Irene (1993) Uyur İdik Uyardılar, İstanbul: Cem Yayınevi.

Mevlana Safiyyüd-din, (1996) Neseb-Nâme Tercümesi, Hazırlayan Prof. Dr. Kemal Eraslan, İstanbul: Yesevi Yayıncılık.

Müminov Aşirbek Kurbanoğlu, (1994) «Mübeyyidiyye – Yaseviyye Alakası Hakkında», Bir Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, Sayı 1, ss. 115-123.

Noyan Bedri (1993) «Alevilik ve Bektaşilikte Sofra Adabı», Cem Dergisi, Sayı 26, ss. 7-10.

Noyan Bedri, (2011) Bütün Yönleriyle Bektâşîlik ve Alevîlik Cilt 9, Ankara: Ardıç Yayınları.

Ocak Ahmet Yaşar (1992) «Anadolu Türk Halk Sûfîliğinde Ahmed-i Yesevî Geleneğinin Teşekkülü», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 75-84.

Soileau Mark (2005) «Lokma Almak, Dem Görmek: Bektaşi Sofrasında Sindirim», Süleyman Demirel Üniversitesi Uluslar arası Bektaşilik ve Alevilik Sempozyumu I., Isparta: Süleyman Demirel Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Yayınları, ss. 153-160.

Taşğın Ahmet (2013) Dediği Sultan ve Menakıbı: Konya ve Çevresinde Ahmet Yesevi Halifeleri, Konya: Çizgi Yayınları.

Taşğın, Ahmet (2014) «Menkıbelerin Kurduğu Zaman ve Mekân: Ahmed Yesevi ve Hacı Bektaş Örneği», Uluslararası İpek Yolunda Türk Dünyası Ortak Kültür Mirası Bilgi Şöleni, Editör Fahri Atasoy, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, ss. 267-272.

Tosun Necdet, (2012) «Tasavvuf Kültüründe Tekke Yemekleri», Derviş Keşkülü Tasavvuf ve Dergâh Kültürü, İstanbul: Erkam Yayınları ss. 128-146.

Yıldırım Ali (2013) – Hasan Şimşek, Sosyal Bilimlerde Nitel Araştırma Yöntemleri, 9. Baskı, Ankara: Seçkin Yayıncılık.

Yılmaz H. Kâmil (1996) «Anadolu ve Balkanlar'da Yesevî İzleri», Ahmed-i Yesevî Hayatı Eserleri Tesirleri, Hazırlayan Mehmed Şeker – Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, ss. 567-580.

Zeybek Namık Kemal, (2014) Aşk Yolu Hoca Ahmet Yesevi ve Hikmetleri, İstanbul: Ötüken Yayınları.

References

Bice Hayati (2010) Hoca Ahmed Yesevi Divan-ı Hikmet, Ankara: Turkish Religious Foundation Publications.

Bice Hayati (2011) Pir-i Turkistan Hoca Ahmed Yesevi, Istanbul: Insan Publications.

Engin Refik (2013) – Ali Çakır, «Table and Tableware in Amuca Bektashis», Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal, Issue 65, pp. 299-312;

Gölpınarlı Abdülbaki, (2014) Manâkıb-ı Hünkar Hacı Bektaş-ı Veli Vilayet-Nâme, İstanbul: İnkılap Publishing House.

Gölpınarlı Abdülbâki, (2004) Idioms and Proverbs from Sufism, Istanbul: İnkılap Publishing House.

Gümüşoğlu H. Dursun, (2011) «A Çelebi Diploma», Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal, Issue 59, pp. 423-442.

Günay Umay (1992) "Determinations on the Effect of Written Culture on Oral Culture Based on Ahmed Yesevi", International Ahmed Yesevi Symposium Proceedings, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 25-31.

Hacı Bektaş (2011) Veli, Article, Prepared by Ali Yılmaz et al. Ankara: Turkish Diyanet Foundation Publications.

al-Isfahani Raghib, (2012) Curriculum Dictionary of Quran Concepts, Translated and Annotated by Yusuf Turker, 3rd Edition, Istanbul: Pınar Publications.

Kara Mustaf (1996) "The Basic Book of Yeseviyya Cevahiru'l-Ebrâr min Emvâci'l-Bihâr", The Effects of the Life of Ahmed-i Yesevi, Prepared by Mehmet Şeker-Necdet Yılmaz, Istanbul: Seha Neşriyat, pp. 241-269.

Kurt Yılmaz (1993). 255-270.

Melikoff Irene (1992) “Ahmed Yesevî and Islam in Turks”, Proceedings of the International Ahmed Yesevi Symposium, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 61-67.

Melikoff Irene (1993) Sleeping Idik Warned, Istanbul: Cem Publishing House.

Mevlana Safiyyüd-din, (1996) Neseb-Nâme Translation, Prepared by Prof. Dr. Kemal Eraslan, Istanbul: Yesevi Publishing.

Müminov Aşirbek Kurbanoğlu, (1994) «About the Relevance of Mübeyyidiyye – Yaseviyye», A Journal of Turkish World Studies, Issue 1, pp. 115-123.

Noyan Bedri (1993) «Table Manners in Alevism and Bektashism», Cem Magazine, Issue 26, pp. 7-10.

Noyan Bedri, (2011) Bektashism and Alevism in All Its Aspects, Volume 9, Ankara: Ardıç Publications.

Ocak Ahmet Yaşar (1992) «The Establishment of the Ahmad-i Yesevi Tradition in Anatolian Turkish Folk Sufism», Proceedings of the International Ahmed Yesevi Symposium, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 75-84.

Soileau Mark (2005). 153-160.

Taşğın Ahmet (2013) The Sultan and His Legend: Ahmet Yesevi Caliphs in Konya and Its Surroundings, Konya: Cartoon Publications.

Taşğın, Ahmet (2014) «Time and Place Established by Legends: The Example of Ahmed Yesevi and Hacı Bektaş», Turkish World Common Cultural Heritage Information Festival on the International Silk Road, Editor Fahri Atasoy, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, p. 267-272.

Tosun Necdet, (2012) “Tekke Dishes in Sufi Culture”, Dervish Keşkülü Sufi and Dervish Culture, Istanbul: Erkam Publications pp. 128-146.

Yıldırım Ali (2013) – Hasan Şimşek, Qualitative Research Methods in Social Sciences, 9th Edition, Ankara: Seçkin Publishing.

Yılmaz H. Kamil (1996) “Traces of Yesevi in Anatolia and the Balkans”, The Effects of the Works of Ahmed-i Yesevi, Prepared by Mehmed Şeker – Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, pp. 567-580.

Zeybek Namık Kemal, (2014) Aşk Yolu Hoca Ahmet Yesevi and His Wisdom, İstanbul: Ötüken Publications.

ҒТАМР 03.61.91 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.11

Ш. Керім[1]*, Т. Абылов[2]

[1]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
[2]Анкара университеті, Түркия, Анкара қ.
*e-mail: kerim-1962@mail.ru

ӘБУ НАСЫР МҮБАШШИР АТ-ТАРАЗИ ӨМІРІНІҢ АУҒАНЫСТАНДАҒЫ КЕЗЕҢІ

Мақалада Кеңестік дәуірде Коммунистік жүйенің тәртібіне қарсы тұрғаны үшін эмиграцияға кеткен Тараз қаласының тумасы, дін ғұламасы – Әбу Насыр Мүбашшир ат-Таразидің (1896-1977) Ауғаныстандағы 1930-1949 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі сараланады. Оқымыстының шаһ кеңсесіндегі аудармашылық-редакциялық, басшылық-әкімшілік, баспасөз және әдеби-шығармашылық саласындағы жұмыстары, қоғамдық белсенді күрескерлігі жайында мәліметтер беріледі. Оның Кеңестер Одағына қарсы немістермен бірлескен түркістандық эмиграттарды қарулы операцияға дайындыққа басшылық етуі, осы үшін тұтқындалып, Кабул түрмесінде 5 жыл 1 ай 3 күн қамауда отыруы сөз болады. Түрмеден босанғаннан кейінгі Мысырға қоныс аудару себебі көрсетіледі. Мақаладағы келтірілген деректерді Шығыс елдері тарихын, ұлт азаттық қозғалысы, ислами тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Мақалада араб тіліндегі бұрын оқымыстының ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке қорындағы айналымға енбеген тың материалдар мен ұлы Насрулла ат-Таразидің (1922-2002) жазбалары пайдаланылды. Араб тіліндегі қайнаркөздер түрік тіліндегі Абдулхамид Кочардың естелігімен, Ахад Андижан мен Әмин Йаримоғлу зерттеулерімен, сондай-ақ орыс тіліндегі барлау қызметі мәліметіне негізделген кітаптардағы деректермен салыстырылып, толықтырылды. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидаттары басшылыққа алынып, тарихи танымдық тәсілдері, жинақтау әдістері қолданылды.

Мүбашшир Ат-Тарази Ауғаныстанда қоғамдық орны бар қайраткер, беделді, тәуелсіздік пен азаттық жолындағы қозғалыс тарихында орны бар тұлға ретінде көрінді. Сол себепті оның өмірбаянын, тұлғалық-шығармашылық жолын кеңінен зерделеп, оқырманға жетпей жатқан деректерді ұсыну маңызды.

Түйін сөздер: Ат-Тарази, ислам, ғалым, Түркістан, Ауғаныстан.

Sh. Kerim[1*], T. Abylov[2]
[1]Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
[2]Ankara University, Turkey, Ankara
*e-mail: kerim-1962@mail.ru

Life and work of Abu Nasir Mubashir at-Tarazi in Afghanistan

The article analyzes the social and political activities of a native of Taraz and theologian Abu Nasir Mubashir at-Tarazi (1896-1977) during 1930-1949, who emigrated to Afghanistan during the Soviet era because he struggled against the communist regime. Authors provide information about the scientist's activities in translation and editing, management, administration, printing, and literary and creative work in the Shah's office, about his active social struggle. The article reports that he led the preparation of a joint German armed operation by Turkestan emigrants against the Soviet Union, which is why he was arrested and imprisoned in Kabul for five years, one month, and three days. There also explained the reason for his emigration to Egypt after his release from prison. The article provides data that can be applied to study the history of the East, the national liberation movement, and the history of Islam.

The article uses new materials in Arabic that were not previously included in the scientist's fund in the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, as well as the works of his son Nasrullah at-Tarazi (1922-2002). Arab sources were collated and supplemented by the memoirs of Abdulhamid Kochar in Turkish, research by Ahad Andijan and Amin Yarimoglu, data from books based on intelligence materials in Russian. In the study, the authors used the principles of characterization, systematization, historical and cognitive methods, and method of generalization.

Mubashir at-Tarazi is considered a public figure in Afghanistan, an influential figure in the movement for independence and liberation. Therefore, it is significant to study his biography, personal and creative path and provide the reader with the missing information.

Key words: At-Tarazi, Islam, scholar, Turkestan, Afghanistan.

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

Ш. Керім*[1], Т. Абылов[2]
[1]Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
[2]Университет Анкара, Турция, г. Анкара
*e-mail: kerim-1962@mail.ru

Период жизни и деятельности Абу Насыра Мубашшира ат-Тарази в Афганистане

В статье анализируется общественно-политическая деятельность уроженца Тараза и теолога Абу Насыра Мубашира ат-Тарази (1896-1977) в период с 1930 по 1949 год, эмигрировавшего в Афганистан в советское время из-за борьбы с коммунистическим режимом. Приведена информация об активной общественной борьбе и деятельности ученого в сфере управления, администрирования, перевода и редактирования, прессы и литературно-творческой работе в шахской канцелярии. В статье излагается о возглавлении им подготовки совместной немецкой вооруженной операции туркестанских эмигрантов против Советского Союза, впоследствии об его аресте и заключении в тюрьму в Кабуле на пять лет один месяц и три дня. В статье также излагается причина его эмиграции в Египет после выхода из тюрьмы. Данные, представленные в статье, могут быть использованы для изучения истории Востока, национально-освободительного движения, истории ислама.

В статье использованы новые материалы на арабском языке, хранившиеся в личном фонде ученого в Центральном государственном архиве Республики Казахстан, а также труды его сына Насруллы ат-Тарази (1922-2002). Арабские источники были сопоставлены и дополнены мемуарами Абдулхамида Кочара на турецком языке, исследованиями Ахада Андижана и Амина Яримоглу, а также книгами, основанными на данных российской разведки. В исследовании руководствовались принципами характеризации, систематизации, историко-познавательными методами, методами обобщения.

Мубашир Ат-Тарази считался в Афганистане общественным деятелем, авторитетной фигурой в истории движения за независимость и за национально-освободительное движение. Поэтому важно изучить его биографию, личный и творческий путь и представить читателю недостающую информацию.

Ключевые слова: Ат-Тарази, ислам, ученый, Туркестан, Афганистан.

Кіріспе

Кеңестік дәуірде Коммунистік жүйенің тәртібіне төзбей бас көтеріп, ақтық демі таусылғанша алған бағытынан таймай өткен қайсар мінезді кесек тұлғалардың бірі, Тараз қаласының тумасы, дін ғұламасы – Әбу Насыр Мүбашшир ат-Тарази әл-Хүсейни (1896-1977). Әбу Насыр ғұмырының 34 жылын ата жұртында, қалған 47 жылын туған елден жырақта өткізді. Саналы ғұмырын жанқиярлық күреске, дін ілімін насихаттап, танытуға, қорғауға арнаған. Оның еркіндік жолындағы күресі Ташкент пен Әулиеатада басталып, кейін шет елдерде Ауғаныстанда, Мысырда жалғастық тапты. Ол тәпіріш көріп, талай-талай оқиғаларды бастан кешірді. Қанша қысымға ұшыраса да мұқалмады, сағы сынбады, Исламға адал қызмет етудің өнегесін көрсетті. Табанды күрескер, қажырлы қаламгер, қаламы жүйрік көсемсөзші-публицист, дін оқымыстысы, жалынды ақын болды. Артына мол шығармашылық мұра қалдырды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаттары мен міндеттері

Үлкен оқымысты ретінде танылған жерлесіміздің есімі мен қызметі кіндік қаны тамған Қазақстанда ұзақ уақыт беймәлім күйінде қағыс қалып келді. Осы бір аса көрнекті дін қайраткерінің тағдыр талайы, еңбектері жайында елімізде кейінгі кезде ғана айтылуға мүмкіндік туды.

Жұмыста Мүбашшир ат-Таразидің өмірінің Ауғаныстандағы эмиграциядағы кезеңі тұңғыш рет арнайы түрде жеке қарастырылып отыр. Оның Ауғаныстан шаһының 1930-1948 жылдары кеңесінде атқарған қызметтері, қоғамдық жұмыстары, саяси белсендігі сараланады. Оның үстіне дәл қазіргі уақытта көрші Ауғаныстан тақырыбы өзектілікке айналып отыр. Мақаладағы келтірілген деректерді Шығыс елдері тарихын, ұлт азаттық қозғалысы, ислами тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Кеңес өкіметінің сыңаржақ идеологиясы зардабынан қаншама уақыт жабық болып келген бұл тақырып – еліміздегі діни қозғалыстар, Қазақстан егемен мемлекет санатын тәуелсіздік жолындағы күрестегі дін қайраткерлерінің орнын бұрынғы орныққан пікірлерді қайта зерделеніп қарастырудың қажеттігі туындауда.

Бәріне уақыт төреші дегендей ғұламаның өмір жолын, тұлғалық келбетін, саяси-діни көзқарасын бүгінгі күнгі тәуелсіз ұстаным тұрғысынан жаңаша бағаланды.

Ғылыми зерттеу методологиясы

Мақала араб тіліндегі нақты дерек-фактілерге сүйеніп жазылып отыр әрі бұрын оқымыстының ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке қорындағы айналымға енбеген тың материалдар мен ұлы Насрулла ат-Таразидің (1922-2002) жазбаларына сүйендік. Бұған қосымша Әбу Насыр Мүбашшир ат-Таразидің «Йадгар Зиндан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») поэзиялық шығармасы да дереккөз ретінде пайдаланылды. Араб тіліндегі қайнаркөздер түрік тіліндегі Абдулхамид Кочардың естелігімен, Ахад Андижан мен Әмин Йаримоғлу зерттеулерімен, сондай-ақ орыс тіліндегі барлау қызметі мәліметіне негізделген кітаптардағы деректермен салыстырылып, толықтырылды. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидаттары басшылыққа алынып, тарихи танымдық тәсілдері, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелері мен талқылама

1930 жылдың сәуір айында Кеңестік үкіметтің репрессиясынан бой тасалаған ат-Тарази 7 жасар ұлы Насрулланы жетектеп Ташкентке табан тірейді. Бұл шаһарда ұзақ тұрақтап қалу қатерлі болғандықтан эмиграцияға кетуді ойластырады. Сөйтіп Ауғаныстан шекарасына бет алады.

Ата жұртынан амалсыз безіп сырттан сая іздеген діндарға шекарадан кесіп өткенде Андхой қаласында барынша сый көрсетіліп, Мазар шәриф қаласында қырық күн қонақ еткен. Соған қарағанда Мүбашширдің аты, күрескерлігі Ауғаныстанның ресми билігіне мәлім болған. Андхойда өзінің араб тіліндегі «Дуррат ут-тижан фи мадхис-султан» деп аталатын қасидасын Ауғаныстан билеушісі Мұхаммед Надир шахқа жолдайды.

Шах оған ресми түрде алғыс жауабын білдіріп, егер қаласа, астанаға келуге шақырады. Кабул әкімі Мұхаммед Яғқуб ханға жолығуға ниетін білдіргенде 1349/1931 жылы сапар айының 10-да арнайы хатпен Премьер министр (әс-Садр ул-ағзам) сардар Мұхаммед Хашим шахтың қабылдайтынын жеткізді. Премьер-министрдің қабылдауынан кейін шах Далкошадағы сарай дастарханында дәм татқызып, еркін сұхбаттасады.

Ат-Таразидің өз жазбаларында көрсетілгендей Ауғаныстан арқылы киелі жерлерді зиярат етіп, одан ары Мысырға өтіп, сол жақта өз елінің азаттығы жолында күресін қалам арқылы жалғастыру ойы болған. Бірақ Ауғаныстан шаһы әңгімелесе келіп оны ұнатып: «Орайы келген сәтте Түркістанға ораларсың, ал оған дейін осы еліңе шекаралас жерден күресінді жалғастыр» дейді. Қорғаныш болатынына уәде береді. Ат-Тарази әмірдің бұл ұсынысын үлкен алғыс айтып, ризашылықпен қабыл алады. Осылайша ол жергілікті Орта Амания мектебіне араб тілі және дін ғылымдары пәндерінен оқытушы болып тағайындалады (қазір ол Тәуелсіздік орта мектебі деп аталады).

Кабулге орналасқан Мүбашшир бөтен елдегі тосын жағдайды жатсынбай тез биімделіп, қоғамдық белсенділігін танытады, ұшқыр ойларымен өте маңызды әрі қауіпті күреске ғылыми, пікірталасты жолымен араласты.

Аз уақытта Мүбашширге Ауғаныстан азаматтығын беру қарастырылып, кезектен тыс арнайы қарармен бекітіледі. Ауғаныстан атынан Саудияға баратын үкіметтік делегацияға төраға орынбасарлығына тағайындалып, 1931 қажылық сапар барысында Саудия үкіметімен екі ел арасындағы қатынастарында ынтымақтастық, сондай-ақ Мекке қаласынан Ауған такиясын (қонақ үйін) салу үшін жер телімін сатып алу жөнінде келіссөздер жүргізеді.

Келесі 1932 жылы қажылық маусымындағы Ауған үкіметінің үлкен делегациясын Шах сарайы министрі Сардар Ахмет шах хан бастап барады, төраға орынбасарлығы тағы да ат-Таразиге жүктеледі. Үкіметтік топ сапар кезінде өткен жылғы мәселелерді пысықтайды. Қажылық уақытында Сауд Арабиясы мен Ауғаныстан арасындағы ынтымақтастық меморандумына қол қойылады.

Ат-Тарази көп ұзамай Шах диуанының (кеңсесінің) Редакция және аудармашы үйінің жалпы меңгерушісі болып тағайындалады. Мұндай қызмет ат-Таразидің мұсылман әлемімен қатар араб елдерімен тығыз байланыс жасауына мүмкіндік туғызды. Ислами ұйымдармен, араб қауымымен байланыс жасап, журналистермен етене араласады. Оларға Ауғаныстандағы ахуал мен шаһ сарайы атынан хат жолдап отырады. Оның Шах кеңсесінде жұмыс істеген ұзақ жылдарында бірнеше мақалалары Мысыр, Саудия, Ирақ, Сирия, Ливан басылымдарында жарық көреді. Осы қарым-қатынастары арқылы ат-Тарази Ауғанстан мен бүкіл Ислам әлемі арасында өз саласы бойынша және БАҚ арқылы байланыстар орнатуға септесті. Ауғаныстан істері, әсіресе, шаһ сарайы туралы үздіксіз хабарлар беріп тұрды.

Ауғаныстан падишахы Мұхаммед Надир-хан (1883-1933) 1933 жылдың 8 қарашасында «Неджет» лицейіндегі салтанат үстінде қастандықтан

қаза тапқаннан кейін оның орнына шетелдегі оқуын амалсыз үзіп 19 жасында таққа отырған ұлы Мұхаммед Заһир-шах (1914-2007) келеді. Францияда әскери білім алған, өте білімді адам. Ол елді ұзақ, 40 жыл бойы басқарып, тұрақтылық пен тыныштықты сақтаған, экономикалық және саяси өзгерістер жасаған, жаңашыл-реформатор, шебер дипломат ретінде тарихта қалған. Ол елде аз да болса алға басу байқалды. Әйелдерге паранжа киюді міндеттемеген, білім алуға, сайлауға хұқық берген. Еркін баспасөз болды, сайланатын парламент жұмыс істеді (Ralph, 1976: 77- 80).

Ұзамай ат-Тарази Ауғаныстан Ағарту министрлігінің мектептердің оқу жоспары мен жүйесін қадағалайтын комиссия мүшелігіне, талапкерлерден емтихан қабылдау комиссиясына және құқық факультетін бітірушілердің диплом қорғау комиссиясына енеді. Сондай-ақ ол Мұхаммед Надир шахпен кездесуінде Ауғаныстан білім жүйесін реформалау және елдің басқа да мәселелері жайында өз ой-пікірлерін жеткізіп отырған.

Ат-Тарази Ауған королінің диуанында (кеңсесінде) қызмет атқарып жүрген кездерінде бұрынғы тақ иесі Мұхаммед Надир шахпен көп сұхбаттасқан. Шах түрлі мемлекеттік маңызы бар мәселелерде, әсіресе бастауыш мектептерден жоғары оқу орындарына дейін діни пәндер мен оларды оқыту әдістемесі жөнінде ат-Таразимен кеңесіп отырған. Ауғанстанда Мұхаммед Надыр шах пен оның орнын басқан Мұхаммед Заһир шахқа бастауыш сынып пен университетке дейінгі аралықта діни пәндерді оқытуға көңіл бөлу қажеттігін ұсынған. 1933 жылы Ауғанстандағы мұсылмандардың артта және Кабулдың алынуы тақырыбында жазылған зиялылар мен қаламгерлердің еңбектерін талдау және бағалау комиссиясына мүше болды. Бұл алқалы комиссия құрамында Ағарту министрі, Сыртқы істер министрі және Шаһ кеңсесінің басшысы және Ауғанстан әдебиетшілер қоғамының басшысы кірген. Осылайша ат-Таразидің Ауғанстандағы діндар ғұламалар мен мәдениет қайраткерлерін жақындата түсуге үлес қосты. Ат-Тарази Кабулда орналаса салысымен өзінің белсенді де ұшқыр ойларымен өз еліндегі өте маңызды әрі қауіпті күреске ғылыми жолдармен, пікірталас жолымен көмегін жолдап отырды.

1931 жылы Ауған әдебиетшілері Одағының құрметті мүшелігіне қабылданады. 1932 жылы Қорғаныс министрлігіне қарасты урду-ауған тіліндегі «әл-Жәйш ул-Афғани (Ауған әскері)» журналының редакторлық алқасына құрметті мүше тағайындалды, аталған басылымдарда әскер мен ислам тақырыптарында қалам тартты. Парсы тілінде «Таалим ул-ислам би алам аскари (Әскерге қатысты исламдық тағылым)» (1934), «Әскариат дар ислам (Исламдағы әскер)» (1936) деген кітаптары дүниеге келді.

Ат-Тарази Ауған шах диуанында (кеңсесінде) қызметте жүрген кезінде сонда сапармен сырттан келген ғұламалар мен көсемдер, араб журналистері және Ислам әлемінен келген өзге де танымал адамдар мен патша сарайы арасында көпір болып, оларды ауған шаһының алдына кіргізген. 1935 жылы Ауғаныстан үкіметінің арнайы шақыруымен зияратқа келген Пакистандық ұлы фәлсапашы Мұхаммед Иқбалмен танысқан.

1936 жылдың 15 ақпанымен 25 сәуір аралығында Делиде атақты дәрігер Мұхтар Әнсариден көзін емдетеді. Сол кезде Үндістанның атақты мұсылман ғалымдары ат-Таразидің көңілін сұрап келеді. Мешіттерде, оқу орындарында кездесулер ұйымдастырады, мұсылмандардың пробламасын талқылаған пікірталастар өткізіп, пікірін тыңдайды, газет-журнал өкілдерін де шақырады. Кездесуде атақты ғалымдар, діни көсемдерімен жолығып, пікірлесуге мүмкіндік алды. Олардың арасында жалпы мұсылмандармен, әсіресе, Үндістан мұсылмандарының ахуалы жайында әңгімелер өрбіді. Сонда «Ижтима (Қоғам)» атты журнал тілшісінің «Ислам әлемін шарпыған ауыр дерттің емі неде?» деген сауалына «Бауырластық пен бірлік» деп жауап қайтара келіп, күллі мұсылмандарды империализмге қарсы біріге тұтаса қимылдаудың қажеттігіне тоқталады. 1354/1936 жылдың зу-хижа айының 4-інде Бұхара мен Түркістан эмигранттары қауымдастығы салтанат ұйымдастырған. Сондай-ақ Ғұламалар қоғамының төрағасы Ахмед Саид Субхан құрметтеп дастарқан жайып, оған Үндістанның Бас мүфтиі Кифаятулла бастаған елдің дін басылары мен көрнекті оқымыстылары қатысады. Нуғмания және Фатехпури университеттеріндегі сый қонақасында мүмкіндікті пайдаланып ойларын айтады. Фатехпури университетіндегі кездесу жиынын Үндістанның Бас мүфтиі жүргізеді. «Исламдық тұрғыдағы ғылым мен өнер» деген тақырыпта лекция оқып, сұрақтарға жауап берді.

Әйгілі ойшыл, ақын Мұхаммед Иқбал да Делиге арнайы келіп Лаһор қаласына шақырады. 12 сәуірде Мұхаммед Иқбал төрағалық ететін «Исламды қорғау қоғамының» жылдық конференциясында «Ислами биліктің болмысы» деген тақырыпта жазған баяндама жасайды, оның мәтіні урду және араб тіліне аударылып таратылады. Кездесудегі пікірталасқа дін ғалымдары қатысады (Тарази, 1987: 167-168).

Кейін Мүбашшир өзінің «Иәдігер зиндан иә айна жиһан» (Зындандағы естеліктерім немесе әлемнің айнасы)» поэзиялық туындысында өзінің әйгілі пакистандық ойшыл Мұхаммед Иқбалмен болған жүздесуін жырға қосқан. 24 шумаққа жуық өлең жолдарында ат-Тарази мен Мұхаммед Иқбал арасындағы мына сұрақ-жауапқа қанығамыз. Оқымыстының: «Салафтар (алдыңғылар) өлімнен қорықпаған, ал қазір мұсылмандар өлімнен қорқады, оның себебі неде?» дегенде Тарази «мұның себебі иманның қуаттылығы мен әлсіздігіне тікелей қатысты» екендігін айтады. Өйткені алдындағылардың (салафтар) Аллаға және Пайғамбарына, Ислам шариғатына деген сенімдері нық еді. Ал қазіргі әлсіреп кетуінің себебі Ислам білім мен түсініктен алшақтауы және әрбір ісі мен пікірінде батысқа еліктеуінде» деп жауап берген (Тарази, 1986: 156-157).

Мұхаммед Иқбалдың өз өлеңдеріне қарайтын болсақ та, осы тақырыптың және өмір мен өлім фәлсафасы төңірегінде қалам тартқан көптеген мысалдарын көреміз. Одан әрі барша мұсылмандарды қандай түрдегі болса да отаршылдықтарға бас қосып, бірге күресуге үндейді.

Оның Ислам мәселелері төңірегінде мақалалары араб басылымдарында жарыққа шығып отырған. Ат-Таразидің «Бүгінгі ғасырдағы Ислам ғұламаларының маңыздылығы» атты мәселеге көзқарастары 1353/1935 жылы Мысырдағы әл-Әзһар ұстаздарына арналып жазылған.

Оқымыстының мақалалары Бағдаттағы «Һидаят» (20 ражаб, 1352/1933 жыл) журналында, Мысырдағы «Минбәр уш-шарқ» (Шығыс мінбері, 26 шағбан, 1352/1934 жыл), «Саут әл-Хижаз» (Хижаз үні, 1352/1933 жылдың ражаб айындағы 19-санында), Дамаскідегі «әл-Шура» (1354/1936 жылдың сафар айындағы 22-санында) газеттерінде жарияланған. Оның бір мақаласында «Исламдағы баспасөздің орны қандай?» деген мәселе қозғалса, ал «Һидаят» (1352/1933 жылдың сафар айындағы 26-саны) журналындағы «Ислах» (Реформа) атты мақаласында аталмыш басылым мен «Рабитат ул-исламия» журналдарында жалғасып келе жатқан Дамаск пен Бағдат ғалымдары арасындағы дауды тоқтатты.

1931-1943 жылдары ат-Таразидің қолынан үнемі қалам түспейтін; радио, кітап, журнал, газет арқылы танылған. Мысалға Ауғаныстанның «Бидар би базар шәриф», «Ислах», «Әнис» газетіне, Ауған әдебиетшілері ұйымы шығаратын «Кабил» журналына алуан түрлі тақырыптарда мақалалар жазатын. Тіпті Мұхаммед Надир шах кезінде төрт жылдық аралықта оның жазған еңбектері саны жағынан Ауғаныстанға еңбегі сіңген белгілі қаламгерлердің еңбектерінен де асып түсті. Бұл мәлімет Ауғаныстан Әдебиетшілер қауымдастығы жария еткен статистикада көрсетіліп, «Ауғаныстан мерзімді баспасөз жүлдесі» тарту етілген. Ал «Арияна» энциклопедиясының редакция алқасына мүше болып, «Ислам» тарауын жазып шыққан.

Ол Ауғаныстанға табан тірегеннен кейін жұбайы, басқа да туыстарының қайта қауышуы оңайға түспеген сынды. Кеңестік барлаушылардың деректеріне қарағанда Ташкенттегі Ауғаныстан консульдігінің рұқсатымен ресми жолмен өтуге әрекеті ұзақ сергелдеңге соқтырғасын Мүбашшир хан әйелін амалсыз шекарадан заңсыз түрде қиып өтуін ұйымдастырады.

Мүбашшир жұбайы Болатханмен шет елге кетердің алдында екі жыл бұрын, яғни 1928 жылы некелескен. Болатханның әкесі Ишанхан төре Хусейни – Шаһмұхаммед ибн Әбдуазиз әл-Әлуидің немересі, бабалары ескі Таразда исламның алғашқы таратушылары. Мүбашширдің әкесі Мухаммад ғази әл-Хусейни мен Ишан хан төре Хусейни – екеуі де Нақышпандия тариқаты ұстаған сопылар. Ишан хан төре әл-Хусейнидің екі қызы, Әбдуәзизхан атты ұлы болған. Әбдуәзизхан жездесі Мүбашшир ат-Таразимен бірге кеңес үкіметіне қарсы тұрғаны үшін тұтқындалған, кейінгі тағдыры белгісіз. Әл-Хусейни 1932 жылы күйеу баласы мен қызының артынан Ауғаныстанға жол тартады. Қартты Кабулдан 130 шақырым жердегі Бамиан қаласында Мүбашшир ұлы Насрулла екеуі қарсы алады. Ол осында бірге тұрып, отбасын әкелуге қайта оралғанда ұсталып, қамалады. Түрмені аралап жүрген дәрігер жетпіс жастан кейін түрмедегі заң қағидасына сай сексендегі қартты босаттырады. Бостандық алысымен ол кемпірі Мәстанханмен Ауғаныстанға қайта өтеді (ҚР Мемлекеттік архив).

Мүбашширдің Кабулдегі үйі Шор базар ауданындағы Диуан Бәки көшесіндегі үйінен ертелі-кеш адам үзілмейтін, пікір таластыратын, әсіресе оның дұрыс пәтуаларына жүгінетін, діни сұрақтардан жауап іздейтін. Мүбашширдің үлкен ұлы Насрулла Кабулдағы Тәуелсіздік Француз мектебінде дайындық, бастауыш, орта білім алады.

1929 жылы Пешаварда дүниеге келген «Анджуман саадати Бухара уа Туркестан» (Бұхара және Түркістан бақыты) ұйымы, тез қанат жаяды, оның бөлімшелері Түркияда, Сирияда, Гер-

манияда, Францияда т.б. елдерде құрылады. Ұйымның бағдарламасында 2-бабында Бұхара және Түркістанды большевиктердің өкіметінен азат ету, 18-бабында айтылғандай КСРО-ға қарсы қарулы соққы жасайтын қуатты әскер қалыптастыруды көздеген. Коммунистер билік жүргізіп отырған туған жерінде мұсылмандық салттарды сақтауға кедергі жасалатыны, азан айтуға, ораза ұстауға, қажылыққа тыйым салғандығы, әйел-қыздардың ашық-шашық көшеде жүре беретіндігі сынды діни себептер ұйымда үгіт-уағыздарына сәтті қолданылды. Саяси-насихатпен қатар ислами сипаты басым қоғам 1933 жылдың мамырында Ауған падишахы Надирге, Түркия президенті Кемал пашаға, Иран шахы Реза Пехлевиден көрші Кеңестік Ресейге, кәпірлермен күреске мырзалықпен көмектесуін сұрайды. Кеңес Одағына қарсы бұл ұйымды Ауғаныстан билігі тіркеуге қаймығып созбақтағанда абыройлы Мүбашшир өзі ресми хатқа қол қойып, бағдарламасындағы басты мақсаты фарсы тілін білмегендіктен мемлекеттік мекемелерде кедергілерге ұшырап отырған пана іздеп келген эмигранттарға жәрдемдесу деп көрсетеді. Сонда ғана Ауған үкіметі қарсылық ұйымның бөлімшесін құруға рұқсат етеді. Бұл ұйымды алғашқыда басқару кеңесінде Мүбашшир-хан, Қазы Расул Жан, Абдурашид бай болған, оның жұмысына басмашылар қозғалысының көрнекті өкілдері ағайынды Шер Мұхаммед пен Нұрмухамме, Фузаил мақсум, Хашим Шейх қатысуға келісімін берген. Уақыт өте келе Кабулдегі ұйым бөлімшесін басқаруды Мүбашшир хан, Фузаил максум, Кур-Шермет, Хамранкул-бек жүргізген (Соцков, 2003: 105-106).

Бұрынғы Бұхара әмірі барлық түркістандықтарды өзбек, тәжік, түрікмен, қазақ, қырғыз т.б. тұтастай топтастыратын тұлға ретінде де қарастырылған. Алайда бұл ұйымның қатарындағылар түркістандық эмигранттары «әміршілер» мен «түркстаншылар» болып бөлінген. Осы мәселеге байланысты Мұстафа Шоқай «Жас Түркстан» газетіндегі мақаласында түркістандықтардың Бұхара, Хиуа сынды т.б. жіктелмей біртұтас болуының қажеттігін көтерген (Andican, 2013: 433).

Діндар ат-Тарази бастаған топ Мұстафа Шоқай жетекшілік жасайтын «Түркістан Ұлттық бірлестігі», «Жас Түркістан» газетінің басқы сөзін «биссимила» деп бастамайтын тым либерал деп есептеген (Andican 2013: 423).

Отан тарихын зерттеушілер назарынан елеусіз қалып келген ақтаңдық оқиға – Ауғаныстанда 1942-1943 жылдары кескілескен соғыс жүріп жатқан кезде Кеңес Одағына қарсы түркістандық эмигранттардың дайындаған қарулы операциясы. Бұл оқиғаға қатысты кеңестік орыс тілінде жазылған мәліметтер негізінен барлау қызметтерінің жетістігі жұмыстарына баға беру жағынан бір жақты екені көрінеді. Ал түрік профессоры Ахад Андижан «Жәдидшілдіктен тәуелсіздікке. Шетелдегі Түркістан күресі» атты көлемді зерттеу кітабында осы операцияға оны түркішіл ұлттық-азаттық жолындағы күрестің көрінісі ретінде кеңірек саралайды.

Кеңестер Одағы сыртпен, соның ішінде Ауғаныстанмен шекараны күшейтіп, толықтай бақылауында ұстады (Louis Dupree 1980, p. 481). Немістердің Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашып, күйрете соққы беруі Ауғаныстандағы түркістандықтарға жаңа үміт отын жақты, Ауғаныстанда тұрып жатқан мұhажирлердің арасында көрнекілері Бұхараның соңғы әмірі тағынан айырған Сейд Мир Мұхаммед Әлімхан (1880-1944), басмашылар қозғалысының аңызға айналған жетекшілері Шермұхаммед (Куршир-мат) Ғази (1895-1970), Ишан халифа, Қызыл аяқ, Махмуд бек, Қамчи бек т.б. еді. Осы кезде Бұхараның соңғы әмірі Әлімхан маңызды тұлға деп қарастырылған. Әмір Әлімхан бастаған күшті де тарту үшін Бұхараны бөліп алып, онда бұрынғыдай хандықты қалпына келтіруге де уәде етілген. Алайда жетекші ретінде Мүбашшир хан таңдалған. Алдағы бірінші міндет – топ серкелерінің біріктіре, ортақ мақсат жолында келісімге келіп, жұмылдыру, күрес майданына топтастырып, тізе қосып қимылдау міндеті тұрды. Олар немістермен де келісім жасауға, тіпті олардың қаржылай қолдауына сүйенді (Motadel, 2014: 298).

Ат-Таразидің жазбаларына қарағанда, немістермен Түркістан үкіметінің тәуелсіздігін мойындауға келісімін берген соң ғана екі жақты келіссөздер басталған (Араб қолжазбалары, 2017: 372). Немістер Ауғаныстанда астыртын байланыс құрған бұл құпия ұйымды «Фаал» деп аталған, немістер ұйымды кодтық түрде «Унион», оның басқару орталығын «Лига», Мүбашшир-хан Таразиді – «Ханза», Әлім ханды – «Ауди», Қызыл аяқты «Мерседес» т.б. псевдоним есімдер қойылған (Соцков, 2003:115).

Бұл ұйым «Ла Марказиат и хукумат-и Түркістан» («Түркістан орталығы және үкіметі») деп аталған. Олардың ұраны «Аллаhу мағәнә (Алла бізбен)» деген діни сипатта болған (Tarazi, 1987: 25). Түркістан күрес комитеті құрылғандығы туралы шешімге Бұхара әмірі, Шер-Мұхаммед бек, Мүбашшир хан үшеуі қатар

қол қояды. Бұл шешімге сай комитет төрағасы болып Мүбашшир хан, Шер-Мұхаммед бек әскери бөлім бастығы, Нұр-Мұхаммед Әскери бөлім бастығының орынбасары Памирдегі Қымшыбек қырғыздардың өкілі болып бекітілді (Koçar, 2010: 119-120). Бұл ұйымның құрылуы түркістандықтарды серпілтіп, жігерлендірді. Олардың арасында дүрдараздық жойылды.

Министрі болып Мүбашширдің ұлы Насрулла, Екрем Қари Қаржы министрі, Хабибуллаh хан Төре білім саласына жауапты болып тайындалған. Басшылық құрамға Таға Хан, Құдруттулла Хан сынды белгілі адамдар, атақты басмашы Ибраhим Лакайдың көмекшісі Шамшәдин Уәкил кірді (Andican, 2013: 622).

Бірінші қадам қырғыздардың құрбашы 1941 жылы Кеңестер Одағының шекарасын бұзып, батыл шабуыл жасаған Қамшыбекпен бірлесе қимылдауға, ол жасақтарымен Амудария тарапынан соққы беруге келіседі. Кейін Қызылаяқпен де жолығып, оның түрікмендер үлкен тобын бастап әскери қимылға қатысатындығы турасындағы уәдесін алады. Ең саны жағынан көбі де жақсы қаруланған әрі жауынгерлік рухы басымы түрікмен басмашылары еді. Осылайша құрамында 20 мыңмен 30 мыңның аралығында басмашылар жасағын соғысқа дайындап үлгерген. Шабуылға Бұхарына азат мақсаты қойылған. Солтүстік Ауғаныстанның таулы аймақтарынан бастау көзделген. Осылайша түркістандықтардың арасындағы дүлараздық жойылып, бір мақсат-мүдде жолында топтасып, жұмылған қимылға көшті.

Түркістандық күрескерлер қару-жарақ пен ат сатып алу үшін араларынан көп мөлшерде қаражат жинаған. Ең көп көлемдегі жәрдемді Самарқандтық бай Абдрашид хан бағыштаған. Азаттық жолында күреске бағышталған қаражатты Мүбашшир қабылдап отырған. Бұхараның бұрынғы әмірі Әлімхан мен Шер-Мұхаммед бек екеуі осы қаражатты жұмсауды бірлесіп шешкен. Пешаурден әкелінген түрлі қару-жарақтар Мазари-Шариф, Памир жазығы Кундуздағы түркістандықтарға құпия таратыла бастады. Егер ауған полициясының қолына түскен жағдайда қару-жарақты қайдан алғанын айтпауға ант ішкендер ғана алған. Оларға соғысқа дайындығын білдіргенге қару-жарақпен қатар 10.000 ауған (ақшасы) берілген. Жиналған ақшаның бір бөлігі қару-жарақ алу үшін Шер Мұхаммедке берілді, сондай-ақ Памирдегі Қамшыбекке жіберілді (Koçar, 2010: 122; Yarımoğlu, 2010: 156-157). Кеңестік шпиондар жинаған мәліметтерінде бұрынғы Бұхара әмір Әлім ханның да қажетті шығындар үшін бағалы тастарын да саттырғаны көрсетілген (Дауди: 41).

Немістер түркістандықтардың шама-шарқын бағамдап көзі жеткен қаржы бөлдірген: қол радионы сұраған. Ақша болса, Ауғаныстанда қару табу қиындық келтірмейтін (Adamec, 1974: 69). Немістер жаттығудан өтіп жатқан Түркістан легионы жасақтарымен қимылдарын үйлестіріп, екінші тараптан Ауғаныстандағы қоныс аударушыларды қаруландырып, тылынан шабуылдатуды ойластырған. Шабуылға люфтваффе, яғни әуе күштерінің ұшақтарымен қолдау жасау ойластырылған.

Операция хақында КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссары Меркуловтың атынан өте құпия түрде 1943 жылдың 27 сәуіріндегі КСРО Қорғаныс комитетінің комитетіне, Сталинге, Молотовқа, Берияға дайындалып, бірақ Мемлекеттік Қорғаныс комитетіне жіберілмеген. Сыртқы барлаудың Фининнің нұсқауымен Берияға, Меркуловке, Кобуловке жолданған мәлімдемеден қанығамыз (ҚР Мемлекеттік архив).

Бір таңқаларлығы орыс тіліндегі осы құпия мәлімдеме Мүбашшир ат-Таразидің қолына түскен. Қазір бұл құжат ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында ат-Таразидің жеке қорында сақтаулы. Ал бұл құжаттың күрескердің қолына қашан, қалай түскені біз үшін беймәлім. Десек те кейін бұл мәлімдеме Кеңестік барлаушылардың Ауғаныстандағы жұмыстарының жемісі ретінде жарияланған (Соцков, 2003: 152-153).

Аталмыш Түркістанды азат ету операциясы сәтсіз аяқталуына ойламаған жерден Германия әскерінің Сталинград қаласында, Курскі доғасы түбінде қиян-кескіде ойсырай жеңіліс табуы да әсерін тигізді. Ауғаныстан үкіметі эмигранттардың қимылдарын бақылауда ұстаған. Немістердің қанды шайқастарда қатты соққыға ұшырап, шегінуі таразының қай жаққа ауыуын сақтықпен бақылап отырған солқылдақ Ауғаныстан монархиясы Кеңестер Одағының нота тапсырып, ат-Тарази және өзге де бір топ белсенді адамдардың тұтқындалуы жөніндегі талаптарын амалсыз орындаған (Saikal, 2004:109). Тұтқындау екі рет жүргізілген, алғашқысы 1943 жылдың сәуірінде, екіншісі мамыр-маусым айларында.

Кочардың берген мәліметіне қарағанда Ханабад тарапынан 620-дай, Кабулде 100-ге жақын адам тұтқындалған. Темір тордың ар жағына тоғытылғандар ішінде саяси басшы Мүбашшир хан, әскери бөлім бастығы Шер-Мұхаммед, оның орынбасары әрі інісі Нұр-Мұхаммед, Памир бөлімінің командирі Қамшыбек, Марғилани Бин-

басы Имамеддин, Ибраһим Лакайдың командирлерінен Шамшәддин Уәкил, Шығыс Түркстан бөлімінің командирі Әулие Қожа Ешам, Мырза Парпи, Мухитдин Хан Төре және басқалар бар. Кочардың өзі де тұтқындалған (Koçar, 2010:127). Аймақтарда ұсталғандар қатарында Кудратулла-хан Тура, Хамраскул-бек болған.

Осы қозғалыста белсенді араласқандар ішінде Саид Әлім ханның ұлы әкесінен соң тақ мұрагері иеленген Саид Умар-ханға тиіспеді. Сондай-ақ діни беделі жоғары Халифа Қызыл Аяқты тұтқындауға діндардың наразылығының өршуінен секемденді. Кабулдан тысқарыда тұтқындалғандар шынжырланып жүк көлігімен әкелінді. Тұтқынға алынғандар Кабулдың сыртындағы атақты Демазанг түрмесінде қамауда отырды.

Кеңестік жансыздардың жинаған мәліметіне қарағанда, Әбу-н-Насыр абақтыда томарылып қамалуы ұзаққа созылған соң еркіндікке шығудың жалғыз жолы Кеңестер Одағының ауанынан аса алмай өздерін тұтқындап, қараңғы қапаста ұстап отырған Ауғаныстанның Премьер-министрі Мұхаммед Хашим ханның көзін жоюға, осылайша билікте ауыс-түйіс жасатуға бекінеді. Түрмедегі Мүбашшир мен Шермұхамметтің көңілін сұрауға келген әмірдің туысы Яхия хан арқылы осы жоспарын орындатуға тапсырма береді.

Марқұм Әлімханның ұлы Саид Омар-ханның туысы Саид Акрам Тохтасын-хан түрмедегі Мүбашшир-хан, Муким-бек, Шер Мухаммед-бекке зияратқа барады. Мүбашшир Тохтасын-ханға кетер алдында Құранды Саид Омар-ханға тапсыр деген өтінішпен береді. Тоқтасын-ханға ауызша Саид Омар-хан Құранды қабын ашып, арасына салынған хат сәйкес әрекет етуін жеткізуін сұрайды. Тоқтасын-хан Құранды Саид Омар-ханға беріп, Мүбашшир-ханның ауызша тапсырмасын жеткізеді. Саид Омар-хан сәлемдеменің қабын ашқан 12 Ферғана байына жазылған хатты көреді. Хаттың мазмұны: «Соғыс аяқталмай не қазіргі шаһ әулетін, әсіресе, қазіргі премьердің көзін жоймай түрмеден бостандыққа шығуға үміт жоқ. Сол себепті қандай жол мен тәсілмен болсын Мухаммеда Хашим-ханды құртудың шарасын қолдану қажет».

Саид Омар-хан хатты оқып шыққан соң жыртып тастайды. Онда аталған адамдарды қонақ ету сылтауымен шақырып, Мүбашшир көтерген мәселені ақылдасуды ойластырады. Олар: Хаджи Исхак жан-бай, Абдул Жамил-бай, Абдулла жан-бай, Абдул Халим-бай, Хазми Мухаммед Пулат-бай (басқаларын есте сақтамаған), сондай-ақ Сардар Абдул Рахимджан.

Сардар Абдул Рахимджан – Абдурахман Хан әмірлігі кезінде тақты тартып алу үшін көтіріліс жасаған Сардар Иса-ханның немересі. Сәтсіздікке ұшыраған Сардар Иса-хан Самарқандқа қашқан. Кейін оның немересі Аманулла билікке келген кезде Ауғаныстанға қайта оралып, түрлі мансаптарға отырған. Надир-хан билікті тартып алғаннан соң мемлекеттік қызметтен аластатылған. Ол Мүбашшир-хан мен Шир Мухаммедпен достық қарым-қатынаста болған. Сол себепті де Мүбашшир-хан хатында Саид Омар-хан мен басқаларынан Сардар Абдул Рахимджанмен ақылдасуын сұраған еді.

Сардар Абдул Рахимджанның Хазрен Аббаса мешіті артындағы Муранхандағы үйіне ақылдасуға келеді. Абдул Рахимджан бұл тапсырманы орындайтын адамды іздеу үшін ең алдымен 50 мың ауған ақшасын беруі керектігін айтады. Бұл сөз түрмедегі Мүбашшир ханға жеткен соң, ол әйеліне айттырып, төрт бриллиантын бергіздіреді. Оның әрқайсының құны 20-30 мың ауғани. Сардар Абдул Рахимжан керекті адамды тапқанын, оның Мир Сахиб лақапты бұрынғы танымал басмасшы хазарилік Гулям Хайдар-хан екендігін атайды. Саид Умар-хан екі бриллиантты беріп, өзіне қалғанын сақтап қояды. Гулям Хайдар-хан тапсырманы үш-төрт айда орындауға уәде етеді.

Премьер-министрді Жалалабад-Кабул жолында автомобильмен жүрген кезде жаруға бомбалар сатып алынады. Бұл қастандық хақындағы жансыздар ақпаратын кеңестік тарап дипломатиялық жолмен Ауғаныстан үкіметіне тез ескертіп үлгереді. Бұдан әрі ат-Таразидің түрмеден ертерек шығару туралы өтінішін қарау кейінге шегеріліп, жеке камераларға ауыстырылып, тәртіп қатаңдатылды (Соцков, 2003:117-120). Ат-Тарази және оның ұлы мен серіктері 5 жыл 1 ай 3 күн абақтыда отырды.

Ат-Тарази өз сезімін поэзия тілінде өрнектеген ақын еді. Ол Кабулда қамауда жатып, іштегі шер, ойларын өлең тіліне айналдырды. Бұл көлемді туындысын мәснауи жанрында «Йадгар Зандан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») парсы тілінде түрмеде 1947 жылдың алтыншы қыркүйегінде бастап жиырма бірінші қарашасында аяқтаған. Оның толық атауы – Йадгар Зандан иа айнейе жаһан» («Түрме естелігі немесе әлем айнасы») деп аталады (Тарази, 1986).

1948 жылы Ауған парламентінің қарарымен түрмеден шыққан. Бостандықтағы ат-Таразиге кеңестік жағынан өлтіруге бірнеше рет әрекет жасалады. Сол себепті ат-Тарази әуелі Пакістанға өтіп, 1949 жылдың 24 қыркүйегінде Пешавар

қаласында отбасын қалдырып, ары қарай Мысырға жол жүрді. Күрескерді Мысыр үкімет саяси босқын ретінде қабылдап, әрі үлкен құрмет көрсетеді, айлық жалақы тағайындайды. 1950 жылдың 16 қаңтарында отбасын көшіртіп алдыртады.

Қорытынды

Сонымен Ат-Тарази Ауғаныстандағы өмірі мемлекеттік қызмет, саяси күрес, шығармашылық белсенділікте өтті деп түйіндеуге болады. Ол қоғамдық орны бар қайраткер, беделді күрескер тұлға ретінде көрінді. Десек те бүгінгі күні Ауғаныстанда қалыптасқан саяси жағдайлар сол елдің архивтік құжаттарына қол жеткізіп, ондағы қайраткерге қатысты мәліметтерді жинауға, пайдалануға, жоспарымызды жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отырғанын айта кету артықтық етпейді. Аса көрнекті дін және қоғам қайраткері, энциклопедист-ғалым, сан салалы қаламгер Мүбашшир ат-Таразидің ғылыми өмірбаянын, тұлғалық-шығармашылық жолын кеңінен көрсетуді, сондай-ақ тәуелсіздік пен азаттық жолындағы қозғалыс тарихында қайталанбас тұлға мұрасын барынша толығырақ анықтап, айналымға енгізуді, оқырманға жетпей жатқан деректерді ұсыну маңызды. Осы тұста Мүбашшир ат-Таразидің саяси-діни көзқарастарын саралап лайықты баға берілмей келгенін де айта кету артықтық етпейді.

Әдебиеттер

Араб қолжазбалары бойынша Түркістан: өткені мен бүгіні. Орта Азия мен Қазақстан тарихы туралы / Аударған: Ы. Палтөре. – Алматы, 2017. – 464 б.

Дауди, Ильяс. Большая игра в Афганистан, 41. http://kunduz.ru/f/bigra_v_afg.pdf)

ҚР Мемлекеттік архиві, 2300-қ, 1 тізбе, 348 іс.

Соцков, Лев. Неизвестный сепаратизм на службе СД и Абвера. – М., 2003. – 236 б.

يزارطلا رشبم رصنلا ىبأ 1986 ةرهاقلا - نهاج منيي آ اي نادنز راگداي يونثم ,249

يزارطلا تاساردلا نودل ىرالذتلا باتكلا ةرهاقلا ةيمالسالا ةيقرشلا 382,1987

يزارطلا رشبم للارصن كرابم 126– 2016 ةرهاقلا رصم يف ةيزارطلا

Тараздық тұлға Насулла ат-Тарази (1922-2002): фотоальбом /Құрастырған: Ы. Палтөре. – Алматы, 2016. – 68 б.

Шоқай, Мұстафа. Шығармаларының толық жинағы. Он екі том. Бірінші том. – Алматы, 2012. – 541 б.

Adamec, Ludwig W., Afghanistan's Foreign Affairs to the Mid-Twentieth Century: Relations with the USSR, Germany and Britain, Tucson: University of Arizona Press, 1974, - 324.

Andican, Ahat, Cedidizm'den Hariçte Türkıstan Mücadelesı, Istanbul, 2013, - 943.

Dupree, Louis, Afghanistan, Princeton: Princeton University Press, 1980, - 778.

Koçar, Abdülamıt, Esaretten hürrıyete Bır Türkıstanlının Hatıraları, Istanbul, 2010, - 200.

Magnus, Ralph H., Muḥammad Ẓahīr Khān, Former King of Afghanistan, Middle East Journal, Winter, 1976, Vol. 30, No. 1 (Winter, 1976), pp. 77-80.

Motadel, David, Islam and Nazi Germany`s war. Cambridge, MA: The Belknap Press of Harvard University Press, 2014, - 459.

Saikal, Amin, Modern Afghanistan: A History of Struggle and Survival, London-New York: I. B. Tauris & Co Ltd, 2004, - 342.

Yarımoğlu, Emın. Korbaşı Türkıstan Milli istiklal Hareketi Liderlerinden Şir Muhammed Bek. Kadıkoy-Istanbul, 2010, - 254.

References

Adamec, Ludwig W., Afghanistan's Foreign Affairs to the Mid-Twentieth Century: Relations with the USSR, Germany and Britain, Tucson: University of Arizona Press, 1974, - 324.

Andican, Ahat, Cedidizm'den Hariçte Türkıstan Mücadelesı, Istanbul, 2013, - 943.

Arab kolzahazbalar boiynsha Turskystan: otkeni men bugingi. Orta Asia men Kazakhstan tarixi turaly. Trans: Y. Paltore. Almaty, 2017-464.

At-Tarazi, Abu An-Nasr Mubashshir, Al-kitab at-tazkiri li-nadat, Ad-Dırasaat ash-sharqıa al-islamia. Cairo, 1987, 382 p.

At-Tarazi, Abu An-Nasr Mubashshir, Masnayi iadgar zandan ayyneh jihan. Cairo, 1986, 249.

At-Tarazi, Mubarak Nasrulla Mubashshir, Al-Usratu at-Tarazia fi-Misr. Cairo, 2016, 126 p.

Daudi, Ilyas, Bolshaya igra v Afghanıstan, 41. http://kunduz.ru/f/bigra_v_afg.pdf)

Dupree, Louis, Afghanistan, Princeton: Princeton University Press, 1980, - 778.

Koçar, Abdülamıt, Esaretten hürrıyete Bır Türkıstanlının Hatıraları, Istanbul, 2010, - 200.

KR National Archive, 2300-k., 1-, 348.

Magnus, Ralph H., Muḥammad Ẓahīr Khān, Former King of Afghanistan, Middle East Journal, Winter, 1976, Vol. 30, No. 1 (Winter, 1976), pp. 77-80.

Motadel, David, Islam and Nazi Germany`s war. Cambridge, MA: The Belknap Press of Harvard University Press, 2014, -459.

Saikal, Amin, Modern Afghanistan: A History of Struggle and Survival, London- New York: I. B. Tauris & Co Ltd, 2004,- 342.

Shokai, Mustafa. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy. On eki tom. Byrinshi tom. Almaty, 2012 541.
Sotskov, Lev, Neizvestniy separatizm na scluzhbe SD i Abvera. Moscow, 2003, p. 236
Tarazdyk tulga Nasulla at-Tarazi (1922-2002): photoalbum/Y.Paltore. Almaty: 2016-68.
Yarımoğlu, Emın. Korbaşı Türkıstan Milli istiklal Hareketi Liderlerinden Şir Muhammed Bek. Kadıkoy-Istanbul, 2010, - 254.

ҒТАМР 17.09.91 https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.12

Ж.Ә. Әбелдаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

ТҮРІК ҚАЛАМГЕРІ Х.Н. АТСЫЗДЫҢ «КӨКБӨРІЛЕРДІҢ ӨЛІМІ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҮРКІ БІРЕГЕЙЛІГІ

Белгілі түрік қаламгері Хүсейін Нихаль Атсыз тарихи романдарды ХХ ғасырдың орта шенінде жаза бастады. Оның «Көкбөрілер» тарихи дилогиясы тарихтың терең қатпарларын нұрландырып, түрік социумының сана-сезіміне айтарлықтай ықпал етті. Түркілер құрған ұлы мемлекеттердің тұрақтылыққа ұмтылысы мен оның құдірет-күші тарихи деректер арқылы дәлелденіп, жоғары көркем стильмен беріледі. Х.Н. Атсыздың «Көкбөрілер» тарихи дилогиясының бірінші кітабы – «Көкбөрілердің өлімі» деп аталады. Романда суреттелген тарихи шындықтың сюжеттік желісі – Түркі қағанатының құрылуы, оның іштей жіктеліп екіге бөлінуі және осы мемлекеттің қытай династияларына қарсы кескілескен шайқас жүргізуі болып табылады. Қытай әскеріне қарсы айқастар шынайы және боямасыз суреттеледі. Аяусыз қырғында сәттілік біресе түркілер жағында болса, енді бірде олардың жауы қытайларға ауысып отырады. Автор күші жағынан басым қарсыласының табандылығы мен зұлымдығына қарамастан көне түркілердің ерлігін көркем түрде бейнелеп, олардың тек жер үшін ғана емес, сонымен қатар өздерінің түркілік бірегейлігін сақтап қалу жолындағы ұмтылысын да суреттейді.

Мақалада Хүсейін Нихаль Атсыздың «Көкбөрілердің өлімі» тарихи романындағы түркі бірегейлігі танымы мәселесінің нақты мәні қарастырылады.

Түйін сөздер: Хүсейін Нихаль Атсыз, тарихи роман, түркілік бірегейлік, түрік әдебиеті, ультрапантүркизм, «Көкбөрілердің өлімі» романы.

Zh.A. Abeldaev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

The turkic identity in the novel «Death of the grey fierce» by the turkish writer Kh. N. Atsyz

Turkish writer Hussein Nihal Atsyz began writing historical novels in the middle of the 20th century. His historical dilogy «Fierce Gray» had a significant impact on the self-consciousness of the Turkish society, illuminating the deep layers of history. The power and desire for stability of the great states founded by theTurks is proved through historical facts and interpreted by a high artistic style.

The first book of the historical dilogy «Fierce Gray» by Kh.N. Atsyz is called «Death of the Fierce Gray». The storyline of the story described in the novel is the foundation of the Turkic Khaganate, its division into two parts, and the fierce struggle that this state waged against the Chinese dynasties. The struggle against the Chinese armies, in which success was on the side of the Turks, then on the side of their enemiesin a fierce battle, is described reliably and without embellishment. The author describes in an artistic form the heroism of the ancient Turks, who, despite the stubbornness and cunning of a strong enemy, not only fought for the land, but also tried to preserve their Turkic identity.

The article deals with the question of the specific content of the concept of Turkic identity in the historical novel «Death of the Fierce Gray» by Hussein Nihal Atsyz.

Key words: Huseyn Nihal Atsyz, historical novel, Turkic identity, Turkish literature, ultra-pan-Turkism, novel «Death of the Grey Fierce».

Ж.А. Абелдаев

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

Тюркская идентичность в романе «Смерть серых лютых» турецкого писателя Х.Н. Атсыза

Турецкий писатель Хусейн Нихаль Атсыз начал писать исторические романы в середине ХХ века. Его историческая дилогия «Серые лютые» оказала значительное влияние на самосознание турецкого социума, осветив глубокие пласты истории. Мощь и стремление к стабильности великих

© 2021 Al-Farabi Kazakh National University

государств, основанных тюрками, доказывается через исторические факты и интерпретируется высоким художественным стилем.

Первая книга исторической дилогии «Серые лютые» Х.Н. Атсыза называется «Смерть серых лютых». Сюжетная линия истории, проводимая в романе, – это основание Тюркского каганата, разделение его на две части и жестокая борьба, которую это государство вело против китайских династий. Достоверно и без прикрас описывается борьба против китайских армий, в которой успех был то на стороне тюрков, то на стороне их врагов в жестокой схватке. Автор в художественной форме описывает героизм древних тюрок, которые, несмотря на упорство и коварство сильного противника, не просто сражались за землю, но и пытались сохранить свою тюркскую идентичность.

В статье рассматривается вопрос конкретного содержания понятия тюркской идентичности в историческом романе «Смерть серых лютых» Хусейна Нихаля Атсыза.

Ключевые слова: Хусейн Нихаль Атсыз, исторический роман, тюркская идентичность, турецкая литература, ультрапантюркизм, роман «Смерть серых лютых».

Кіріспе

Түрік әдебиеті тарихында «ұлттық көзқарас» айрықша Түркияда 1918-1923 жылдар арасындағы ұлт-азаттық күрес кезеңінде пантүркистік және панисламистік бағыт алып, жалпы қоғамдық сипатқа ие болды және ол түрік әдебиетінде негізгі тірек ағым болып орнығa бастады. Бұл жерде пантүркистік (түрікшілдік) және панисламистік (исламшылдық) саяси-идеологиялық доктриналардың саяси сахнаға шығуы – Осман империясының халифат ретінде жойылуы және Батыстық интервенттердің түрік жерін басып алу әрекеттерінен туындаған қажетті бастама болатын. Пантүркизм, яки түрікшілдік ағымы – түркі халықтарының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде елдік бірегейлікті сақтау жолында үстем идеология ретінде қабылданып, сол жолда күрес жүргізуі негізінде пайда болды. Ол тек Анадолы жерінде ғана емес, Ресей құрамындағы түркі халықтарына да өз ықпалын тигізді. Исмаил Гаспыралы, Жүсіп Ақшора, Зәки Уәләди Тоған, Баймырза Хайт, Мұстафа Шоқай сынды түркі халықтарынан шыққан мемлекет қайраткерлері түрікшілдік идеологиясын қолдағандардың қатарынан орын алды.

Түрікшілдік идеясы әсіресе қырым татарларынан шыққан ойшыл Исмаил Гаспыралының (Исмаил Гаспринский) есімімен тікелей байланысты қарастырылады. И. Гаспринскийдің «тілде, пікірде, істе бірілік» деген ұраны түрікшілдіктің темірқазығына айналды. 1883 жылы Бақшасарайда (Қырым) Исмаил бей Гаспыралы шығарған «Тержуман» газеті – түрікшілдік идеясының негізгі басылымына айналды. Жалпы, пантүркизм ағымы панславянизм мен пангерманизм ағымдарына балама ретінде пайда болған (https://ru.wikipedia.org/wiki). Ал «Британника» энциклопедиясында пантүркизмді былайша түсіндіреді: «Осман империясы, Ресей, Қытай, Иран және Ауғанстандағы түркі тектес халықтардың саяси тұрғыдан бірігуін мақсат еткен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында пайда болған саяси қозғалыс. Қырым мен Волга бойындағы түркі тектес халықтар арасында басталған қозғалыс бастапқыда Осман және Ресей империяларындығы түркілерді Патшалық Ресейдің озбыр билігіне қарсы біріктіруге тырысты (https://www.britannica.com).

Қазақстанда Алашорда үкіметінің құрылуының өзі пантүркистік көзқарастан туындаған акция деп, олардың мүшелері түрікшілдікпен айыпталып қудаланған еді.

Пантүркизм ағымы Осман империясының негізгі доктринасы болған паносманизмді (османшылдық) алмастырды. Аталмыш ағымды жүйелеп, теориялық еңбек жазып, ғылыми айналымға енгізгендердің бірі – түрік идеологы Зия Көкалып еді. XX ғасырдың басындағы түріктің белгілі ойшылы, ақын, жазушы, саясаттанушы, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, қоғам және мемлекет қайраткері Зия Көкалып өзінің «Түркілену, исламдану және модернизациялану» (Gökalp, 1918a) және «Түрікшілдіктің негіздері» (Gökalp, 1923b) атты саяси-философиялық трактаттары арқылы пантүркизм, панисламизм және пантұранизм терминдеріне анықтама беріп, олардың пайда болуы мен қолданылу аясын сипаттап, мән-мағынасын таразылап, жүйелеп берді. Бұл саяси-идеологиялық ағымдардың пайда болуы Осман империясының ыдырауы негізінде пайда болды деп тұжырымдайды Зия Көкалып. Өйткені, сол кезде Осман империясында билік режимі трансформацияланып, жаңа формацияға өту сатысында болатын. Ал болашақта құрылатын жаңа билік жүйесіне, яки

жаңа мемлекетке жаңаша идеология қажеттігі – уақыт талабы болатын. Сондықтан да философ Зия Көкалып Осман империясының ыдырауы үдерісі кезінде жаңа ұлттық бірегейлік ізденістеріне кірісіп кеткен еді. Осы көзқарастың негізінде түрік қоғамының өзіне тән моральдық және мәдени құндылықтарын кейбір Батыстық құндылықтармен синтездеп, белгілі бір нәтижеге жетуді көздеді.

Автор «түркілену, исламдану және модернизациялану» деген тұжырымының төркінінде мәдени элемент – түрікшілдік, ал моральдық элемент – исламшылдық деп түйіндеді. Зия Көкалыптың пікірінше халықаралық мәдениеттің негізін ұлттық мәдениеттер құрайды. Мысалы ол сарай әдебиетіне қарсы халық әдебиетін қойып салыстырмалы талдау жасады. Батыстың технологиясы мен ғылыми дамуына негіз болған позитивистік ғылыми түсінікті қолдады. Ал дінді қоғамдық бірлікті сақтаудың көмекші құралы ретінде бағалады. Зия Көкалып құрған қоғамдық модель Эмиль Дюркгэймнің «ынтымақтастық» теориясына иек артты (Durkheim, 1919). Тұлғаны негіз еткен либерализм мен қоғамдық текетіресті қолдайтын марксизм идеясына қарсы кәсіби ұйымдарды қоғамдық бірлік ретінде мойындайтын «ынтымақтастық» идеясын қолдады.

Зия Көкалып саяси-қоғамдық көзқарастары туралы көптеген мақала жазды. Түрікшілдік идеясын жүйеледі. Түріктің ұлттық әдебиетінің құрылуы мен дамуында ерекше рөл ойнады. Зия Көкалыпты «түрікшілдіктің атасы» деп те атайды.

Түрікшілдік пікірі Батыстық және орыс басқыншылары тарапынан қатты сынға ұшырап, ол әсіре ұлтшылдыққа баланып, «ескіні көксеуші», «ұлтын жақтаушы», «хандық мемлекетті аңсаушы» деген көзқарастармен тұжырымдалды. Сондықтан кез келген түркі халықтарына қарсы айыптаулар түрікшілдік, тұраншылдық идеялары арқылы жазаланып отырды.

Пантұранизм негізінде болашақта күллі түркі халықтарының бір тудың астына бірігіп, ұлы мемлекет құру идеясы жатыр. XX ғасырдың басында түрік жазушысы Халиде Эдип Адывар «Жаңа тұран» (Yeni Turan) (Adıvar, 1912) романы арқылы көне түркі мәдениетін тірілтіп, «көкбөрі» образын жандандырды.

XX ғасырдың басында түрік қоғамында түрікшілдік, исламшылдық және тұраншылдық идеялары көп насихатталды. Ол түрік мәдениеті мен әдебиетіне де әсер етпей қоймады. Түрік әдебиетінде қаламгерлерге «түрікшіл, исламшыл, тұраншыл, батысшыл» деген атаулар таңу үдерісі белең алды. Сондай-ақ, түрік қаламгерлері Зия Көкалып ұсынған рухани және әлеуметтік саладағы бағыттарға байланысты өздігінше жіктеліп, тіл, әдебиет, тарих, діл, дін, саясат, экономикадағы түрікшілдер деп бөлінді.

